

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Р.Зайкенова
Р.Сакенова
Л.Н.Нұрланова

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
11-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық
бағытына арналған оқулық

11



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3. (5Қаз) я72
3–15

 **Зерделі ой**

 **Білгенге маржан**

 **Әдебиет теориясы**

 **Қолданып көр**

 **Шығармашылық тапсырма**

 **Эксперименттік тапсырма**

 **Міне, қызық!**

 **Кітап – асыл қазына**

 **CD**

Шартты белгілер

- ақын-жазушылар туралы пікірлер мен белгілі тұлғалардың философиялық ойтолғаулары
- тақырыпты кеңейтетін танымдық мәліметтер
- әдебиеттану ғылымының түсініктері
- әдебиет теориясын меңгерту тапсырмалары
- ізденімдік деңгейдегі тапсырмалар
- эксперименттік-зерттеушілік бағыттағы тапсырмалар
- тақырыпқа қатысты қызықты мәліметтер
- қосымша оқуға ұсынылатын әдебиеттер
- АКТ қолданып орындалатын тапсырмалар



Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны *arman-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

3–15 Зайкенова Р. ж.б.
Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. Р.Зайкенова, Р.Сакенова, Л.Н.Нұрланова/ – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2020 – 144 бет.

ISBN 978-601-318-288-9

Оқулық жалпы орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып жазылды. Оқулықтың тілі жеңіл, оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3. (5Қаз) я72

- © Зайкенова Р.,
Сакенова Р.,
Нұрланова Л.Н., 2020
- © «Арман-ПВ» баспасы, 2020

ISBN 978-601-318-288-9

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты шәкірт! Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймыз!

11-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқу-әдістемелік кешеніне оқулық, CD электронды қосымша және хрестоматия кіреді.

Қолыңдағы оқулық арқылы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларымен қоса әлем әдебиетімен де танысасың.

Пәннің мақсаты – ойларыңды ауызша да, жазбаша да дәлелді түрде жеткізуге, шығармаларды салыстыра отырып талдау жасауға үйрету, бағалау дағдыларын қалыптастыру арқылы креативті оқуға бағыттау.

Пәннің міндеті – қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын, мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін құрметтей отырып, халықтың қалыптасқан тарихын, ондағы қарама-қайшылықтары мен қиындықтарын анықтап, өмірдегі түрлі жағдайларға бейімделе білуге және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға, заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымыңды дамытуға жетелеу.

Оқулық «Тарихтың шертіп пернесін», «Пайым мен парасат», «Ғасырлық туынды», «Әдебиеттегі сын-сарын» бөлімдерінен тұрады.

«Тарихтың шертіп пернесін» бөлімі С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңі, І.Есенберлиннің «Қаһар» романы, А.Сүлейменовтің «Бесатар» повесі туындыларын қамтиды.

«Пайым мен парасат» бөлімінде Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы өлеңі», С.Елубайдың «Жалған дүние» романы берілген.

«Ғасырлық туынды» бөлімі тұтасымен М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына арналған.

«Әдебиеттегі сын-сарын» бөлімінде Т.Молдағалиевтің «Бауырлар» өлеңі, Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесі, Ә.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесі ұсынылған.

Оқулықта әрбір шығармаға эпиграф берілген. Осы эпиграфтардың мағыналарын тақырыптармен сәйкестендіріп, идеясын, берілу мақсатын ашып, өз ойыңмен толықтырып, кері байланыс жасауды үйренесің.

Негізгі материалдармен бірге «Зерделі ой», «Білгенге маржан», «Міне, қызық!» айдарларындағы мәліметтерді де оқи жүрсен, білімің де, ой-өрісің де арта түседі.

«Пікірлесейік», «Себебін анықта», «Тобыңда талдап көр», «Дәптеріңе жаз», «Түйінде», «Қалай ойлайсың?», «Үйде орында» тапсырмалар тобын орындау барысында жаңа тақырыпты жеңілдірек меңгересің.

«Әдебиет теориясында» жинақталған мәліметтермен танысып, «Қолданып көр» тапсырмасын орындау арқылы әдебиеттану ғылымының түсініктерін игере аласың.

Оқу бағдарламасын толық қамтып, материалдарды жан-жақты түсіну үшін тек оқулық мазмұны аздық етеді, сондықтан «Кітап – асыл қазына» айдарында қосымша оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі берілді. Сонымен қоса БАҚ және Интернет желілері мәліметтері де қаперіңнен тыс қалмасын.

«Эксперименттік тапсырма» айдарындағы тапсырмаларды орындау барысында ой-өрісіңді дамыта отырып, шығармашылығыңды, біліктілігіңді арттырып, түрлі эксперименттер жасайсың. Мысалы, берілген мәтін бойынша аннотация, сыни пікір, БАҚ беттеріне мақала, сценарий жазуды, сахналық қойылымдар дайындауды, телебағдарламалар, пікірталас ұйымдастыруды, сұхбат жүргізуді меңгеріп, әлеуметтік желілерде хабарламалар, жарнамалар, репортаж жариялауды үйренесің.

Осы оқу мақсаттары мен міндеттеріне толық қол жеткізу үшін оқулықпен қатар электронды қосымша мен хрестоматияны пайдаланасың.

CD-дегі қосымшаларда тапсырмаларды орындауға қажетті презентация, рецензия, аннотация үлгілері және зерттеу жобаларын жасау әдістемесі ұсынылған.

Дискідегі кейбір шығармалардың аудионұсқасын тыңдап, басқа да ұсынылған тапсырмаларды орындау арқылы ақпарат құралдарымен жұмыс істей алу дағдысын қалыптастырасың.

Ал хрестоматияда оқулықта талданған көркем шығарма үзінділері, сөздік, тапсырмалар берілді.

Авторлар білім айдынындағы сапарыңа сәттілік тілейді!

I БӨЛІМ

ТАРИХТЫҢ ШЕРТІП ПЕРНЕСІН

Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих. Тарихтың қызметі – бүтін адам баласының яки бүтін бір жұрттың, иә бір топтың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту. Түзу тарих түзу жасалуы керек.

Ахмет Байтұрсынұлы

Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады.

Міржақып Дулатұлы

Елді ояту үшін тарихты ояту керек.

Мырзатай Жолдасбеков

Сәкен еңбегіне сыншы да, тарихшы да емес, жай қатардағы оқушы есебінде көз жіберсек, өзгеде жоқ екі түрлі қасиеті басымдап айқындала шығады. Мұның біріншісі – жалтағы жоқ шыншылдығы, екіншісі – ақындық тәкаппарлығы.

Мұхтар Әуезов

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН



Сәкен Сейфуллин
(1894–1938)

Сәкен Сейфуллин қай өңірде туып-өсті?

Сәкен 1894 жылы қазіргі Қарағанды облысы Шет ауданы Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Қыстақ Ор мен Аба тауларының арасындағы Ақадыр стансысына таяу жерде орналасқан.

Сәкеннің әкесі де, шешесі де сөзге шебер, өнерге жақын адамдар болған. Сәкен: «Біздің өзіміздің ауылда да, отбасында да өлең сабақтары үзілмей айтылатын еді. Әсіресе, күздің, қыстың ұзақ кештерінде тау араларынан ұйытқи соққан ызындаған желді түнді жамылған ауылдың отбасы әңгімесіз, ертексіз, домбырасыз болмайды, өлең де айтылады. Біздің әкей аңшы еді. Ал аңшы адам кеште отбасында отырғанда әңгімеші, ертекті болады. Кейде елде ойындар жасалып, өлең айтыстар болады», – деп жазған екен.

Ауыл молдасынан 3 жыл оқып, арабша хат танып, қисса-хикаяны өзі оқи алатын деңгейге жеткеннен кейін, ата-анасы болашақ ақынды 1905 жылы орысша оқып үйрену үшін Нілдіге жібереді. Тоғыз жасқа енді толған Сәкен мұнда бір орыстың сиырын бағып, сол үйдің әртүрлі жұмысын істей жүріп, бір жыл ішінде орысша тіл үйренеді. Содан кейін Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде, қалалық үш класты училищеде оқиды.

Ақын қай жерде білім алды? Еңбек жолы қашан басталды?

1913–1916 жылдары Омбы педагогикалық семинариясында Мағжан Жұмабаевпен бірге білім алады.

1914 жылы Сәкен Сейфуллиннің «Өткен күндер» атты тырнақалды өлеңдер жинағы Қазан қаласында жарық көреді.

Семинарияны бітіргеннен кейін Сәкен Сілеті-Бұғылы деген елді мекенде мұғалім болып, еңбек жолын бастайды. 1917 жылы ол Ақмолаға келеді. Мұнда Сәкен Сейфуллин «Жас қазақ» саяси және мәдени-әлеуметтік қоғамын құрады. Түрлі қызметтер атқарады: қазақ әйелдеріне теңдік беру, бұрынғы әкімшілік-билік иелерін тізгіндеу, кедей-кепшік, жұмысшы, жалшыға күш беру,

әлеуметтік іске тарту сияқты сан алуан саяси шараларға қызу араласады. «Тіршілік» газетін шығаруға атсалысады.

1918 жылы кезең ахуалын баяндайтын оның «Бақыт жолында» драмасын Ақмола жастары сахнаға шығарады.

Ақын тұтқынға қалай түсті?

XX ғасырдың басында Ресейді 300 жыл билеп келген патшалық-монархиялық өкіметке қарсы жұмысшы мен шаруалардың басын біріктірген «қызылдар» күресі басталады. Кеңес (Совет) өкіметін құруды мақсат еткен бұларға патшалық билікті сақтап қалуға тырысқан «ақтар» қарсы шығады. Ресейдің боданында болғандықтан, Қазақстан да бұл алмағайып мезеттің қасіретті толқуларынан сырт қала алмайды. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ә.Ермеков сияқты қайраткерлер 1917 жылы патша өкіметін тақтан тайдырған Ақпан төңкерісін тәуелсіздікке қолжеткізудің бір мүмкіндігі санап, Алаш ұранын жаңғыртты. Ал Сәкен социалистік төңкеріс жолын әділдік, теңдік жолы деп ұққандықтан, елдің саяси санасын оятуда өз шамасынша қызмет етті.

Ақтар көтерілісі кезінде 1918 жылы өзге Ақмола совдепшілермен (депутаттар кеңесі) бірге Сейфуллин де тұтқынға алынып, Колчак түрмесінде отырады. Аш-жалаңаштық, қорлық-зорлық көрген Анненковтың «азап вагонынан», адмирал Колчактың Омбыдағы түрмесінен 1919 жылы қашып шығады.

Сәкен Сейфуллин халқына қандай еңбек сіңірді?

1920 жылы Ақмолаға қайта оралып, атқару комитеті төрағасының орынбасары және әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болған.

С.Сейфуллин БК(б)П Қазақстан Өлкелік Комитетінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі, Қызылордадағы халық ағарту институтының, Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтының директоры, «Жыл құсы» альманахы, «Жаңа әдебиет» журналы басшысы, Қазақтың мемлекеттік институтының доценті, «Әдебиет майданы» журналының редакторы, Қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры сияқты түрлі қызмет атқара жүріп, проза, драматургия, әдеби сын, әдебиеттану салаларында ерінбей еңбек етті.

1927 жылы «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романы тұңғыш рет Қызылорда қаласында араб қарпімен, ал екінші басылымы 1936 жылы латын қарпімен басылып шығады. 1927 жылы «Жер қазғандар» повесін жарыққа шығарды. Оның жаңа дәуір құруға шақырған «Асау тұлпар» (1922 ж.) өлеңдер жинағы, «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» (1922 ж.) атты пьесалары, «Домбыра»



Зерделі ой

Тұла бойы тұнып тұрған ақындық еді: қара тырнағына шейін ақындық үшін жаратылған. Сәкен қазақ совет әдебиетінің негізін бірден-бір қалаушы, көшбасшысы болды. Тарих оған жүктеген міндетті ешқайсымыз атқарған жоқпыз. Тарихқа зорлық жүрмейді.

Ғабит Мүсірепов

(1924 ж.), «Экспресс» (1926 ж.), «Тұрмыс толқынында» (1928 ж.), «Көкшетау» (1929 ж.) атты поэзиялық жинақтары жарық көрген. «Көкшетау» және 1930 жылдарда жазылған «Қызыл ат», «Аққудың айрылуы» сияқты поэмалары классикалық әдебиет үлгілеріне қосылды. Осылайша жаңашыл ақын поэзия мен драматургияға көп жаңалықтар енгізді. Мәселен, өлеңнің түрі мен мазмұнына түбегейлі өзгеріс жасап, қазақ халқының поэтикалық дәстүрін дамытты.

«Әдебиет һәм оның бағыттары» (1922 ж.) атты еңбегі – зерттеу саласындағы алғашқы бастама. Бұдан кейін 1931–1932 жылдары «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жарық көрген. «Қазақ әдебиеті» жинағы мен «Билер дәуірінің әдебиеті» кітабында халық әдебиеті мұралары бойынша қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жанрлық жағынан жіктеп, идеялық-көркемдік талдаулар жасаған. 1933 жылы «Батырлар жыры» жинағын және 1935 жылы Ыбырай Алтынсарин, Ақан сері, Ақмолла ақын шығармаларын жинап, бастырып шығарады.

С.Сейфуллин мектептерге қазақ әдебиетінен оқулық жазу ісіне де қатысқан. Осы салада «Көркем әдебиет» (1933 ж.) атты оқулығының маңызы зор.

Ақын-композитор ретінде де қазақ музыкасының дамуына зор үлес қосып, көптеген әндерді қалдырды. Бұл жайында Серік Оспанов «Сәкеннің музыкалық мұрасы» деген еңбек жазды. С.Сейфуллиннің «Көкшетау», «Тау ішінде» деген әндері күні бүгінге дейін дәстүрлі әншілер репертуарынан түспей келеді.

Сәкен 1937 жылы репрессияға ұшырап, тұтқындалды. Әкесі Сейфолла, інісі Мәлік, жары Гүлбаһрам да ұсталды. 1938 жылы Сәкен Сейфуллин ату жазасына кесілді. Ақын-жазушы әрі қоғам қайраткері тек 1958 жылы ғана ақталды.

Сәкен Сейфуллин шығармашылығын кімдер зерттеді?

С.Сейфуллиннің шығармашылық өмір жолын суреттейтін С.Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» пьесасы, Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағанбетов, Қ.Бекхожиндердің поэмаларымен қатар қаламгер туралы Е.Ысмайылов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев сияқты белгілі ғалымдар арнайы монографиялық еңбек жазды. Сондай-ақ Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, Б.Шалабаев, З.С.Кедрина, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, Т.Нұртазин, М.Базарбаев, С.Ордалиев, Р.Нұрғали, М.Дүйсенов, Е.Ғабдиров, К.Садыққызы, А.Кәкен, М.Бағылбеков т.б. ғалымдардың зерттеулері мен замандастарының естелігінде Сәкен шығармашылығы әр қырынан танылды.

С.Сейфуллин есімі көптеген ауыл, елді мекендер, театр, мектеп, кітапханаға, сондай-ақ Омбы, Нұр-Сұлтан, Алматы т.б. қалалардағы көшелерге берілді. Нұр-Сұлтан қаласында Қазақ агротехникалық университеті және оның әдеби



Зерделі ой

Сәкеннің ақиқаттығы жүрек пен сананы оятқан, қанаттандырған. Ол сенім туралы айтса, ол – шынайы сезім; ол шындық туралы айтса, бұл – рухтың азабын шеккен шындық. Сондықтан осы адамның өткен жолы ерекше. Жолында самғау да болды, жығылу да болды. Сәкен Сейфуллиннің жолы – шынайы жалынды ақынның жолы.

Мұхтар Әуезов

әрі қоғамдық-саяси қызметін көпшілікке насихаттайтын ғылыми-мәдени мекемесі – Сейфуллин музейі бар. Мұнда С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы жайында конференциялар, мәжілістер мен дәрістер, Сәкен оқулары өткізіліп тұрады, «Сырсандық» әдеби клубы жұмыс істейді.



Пікірлесейік

1. Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық жолы қандай еңбегінен басталды? Ол еңбегі не туралы?
2. Сәкен шығармаларының тақырыбы қандай?



Себебін анықта

Интернеттегі <http://kazmuseum.kz/video/item/363-15-kazan-saken-sejfullin> және <https://khabar.kz/kk/m-ra-at/ba-darlamalar/item/67277-mir-zholy-s-ken-sejfullin> сілтемелері арқылы берілген мәліметпен танысып, сұрақтарға жауап бер.

1. Сәкен Сейфуллиннің өмірі неліктен қысқа болды?
2. Сәкенді не себепті сегіз қырлы, бір сырлы тұлға болған дейміз?



Тобыңда талдап көр

«Сәкенді қызылдар жағында, ал біздерді «орда» жағында болды демесеңдер, Сәкен бізден гөрі әлдеқайда ұлтшыл еді», – деген Әлімхан Ермековтің сөзін талдап көріңдер.



Дәптеріңе жаз

С.Сейфуллин өмірінің хронологиялық кестесін жаса.

Жылдар	Маңызды оқиғалар



Түйінде

С.Сейфуллин туралы білгеніңді қорытып, түйіне.



Қалай ойлайсың?

Егер Сәкен Сейфуллин жаламен ұсталмағанда, алашордашылармен бірігер ме еді, олармен қазақ елін көтеруге қандай үлес қосар еді?



Үйде орында

«Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романының әр жылдардағы басылымдарының мазмұны әртүрлі. Қосымша ақпарат көздерінен осының себебін анықта.



Білгенге маржан

Ақынның жары Гүлбаһрам Сәкенді тұтқындағаннан кейін өзінің ұзын бұрымын кесіп тастаған. Көп ұзамай «халық жауының әйелі» деген жаламен «Алжир» лагерьінде тұтқында болды, кейін басқа жерлерге ауыстырылды. Гүлбаһрам 1950 жылдары ақталғаннан кейін жоғары жаққа қайта-қайта арыз жазып, жарының да ақталуына қол жеткізді. Ол түбінде Сәкен музейінің ашылатынына сенімді болғандықтан, оның жеке заттарын жинастырып, көзінің қарашығындай сақтап, сіңлісіне аманаттап тапсырып кетеді. Бұл заттардың ішінде ең құндысы – араб қарпімен жазылған «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи-мемуарлық романының түпнұсқасы. Кезінде осы кітаптың құны «Волга» көлігімен бірдей бағаланған көрінеді.



Міне, қызық!

Сәкен Сейфуллин сәнді киім кигенімен, жай тұрмыста қарапайым болған. Үй мүлкінен артық дүние ұстамаған: жазу үстелі, кітап сөресі болған, еденде қоңыр аюдың үлкен терісі ғана жатқан. Ал киім ілгішті арқардың мүйізінен жасатқан екен.



Кітап – асыл қазына

Сәкен Сейфуллин. / А.Кәкен. – Астана: Фолиант, 2009.

«Сыр сандық» өлеңі

CD 01

Өлеңді тыңдап, сын есімдердің жасалу жолына, ақын стиліне көңіл аудар.

Доссыз өмір – тұзсыз ас,
Достық құлпын байқап аш.

Дәмді болса – достық қымбат,
Мәнді болса – жастық қымбат.

Халық мақалы

Ақынның көңіл күй лирикасының ішінде шоқтығы биік шығармасы – «Сыр сандық» өлеңі. Өлең құрылысы жеті-сегіз буынды, шалыс ұйқас түріне жатады. 1926 жылы жазылған бұл өлеңді Сәкеннің өзі «Досқа жазылған хат» деп атағанымен, кейін келе халық арасында «Сыр сандық» деген атпен әйгілі болды. Өйткені осы өлеңдегі:

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым.
Сым пернені басып қара,
Басып қара, жырласын! –

деген өлең жолдары афоризмге айналып, халық арасына кең тарағандықтан, өлең «Сыр сандық» деген атпен ақын жинақтарына енгізіле бастады.

«Сыр сандықтың» басты идеясы – дос қадірін білу, достыққа адалдық. Шынайы достық туралы терең толғанған ақынның жан дүниесі таза, ешкімге

қиянаты жоқ. Адалдық пен арамдық, мансап пен ар-ұждан, достық пен қастықтың аражігін аша жазып, адам үшін құнды байлық – достықты жырлайды. Дос көңілін тау шыңындағы алтын сарайға, ондағы баға жетпес қоймаға балайды. Ал таудың құзар басына шығу оңай ма екен? Десе де, адам баласының қолынан келмейтіні жоқ, тау шыңына да шығуға болады. Бірақ тау шыңына шыққанмен, ол жерде кез келгеннің қолы жете бермес алтын қойма бар. Ал тілін, құпиясын таппаған адамға алтын қойма ашыла қоймайды. Сонда қойманы қандай адам ашуға тиіс? Мәселе осында. Өйткені ақынның айтуынша: «Сол қоймада қымбат жасау, Қымбат жасау сақталған», – дейді. Ал енді өресі жеткен адам сол қойманы ашты делік. Міне, сол кезде адам қолына «беті өрнектелген бір сандық» ілінеді. Бірақ «ол сандықта бір сандық» тағы бар болғандықтан, оқиға түйіні «Сырдың кілті қолсандықта» екені және соны тапқан адамда болып отыр. Қолсандық ашылған кезде «Сандық іші қызыл-жасыл, Жасыл жібек перделі. Толған қымбат сақтаулы асыл» екенін көреміз. Оның ішінде тағы «Асыл сым бар пернелі» дейді ақын.



*Нұр-Сұлтан қаласындағы
С.Сейфуллин ескерткіші*

Сұлу жанды сұлу сүйген,
Сұлу сүйген, сыршылым.
Жібек талдап, түйін түйген,
Түйін түйген, түршілім, –

деп ақын сыр сандықты ашқан адамды ерекше бағалай келе, бар болмысымен, таза көңілімен ақтарыла ұн қатады:

Сұлу сымда перне әуені,
Перне әуені жыр айтар.
Көңіл ашар тербеу әні,
Тербеу әні сыр айтар.
Шыққанбыз, дос, шыңға талай,
Талай сырды ойланып,
Ақтарарлық алтын сарай,
Алтын сарай қойманы.



Зерделі ой

Сәкен – үлкен қоғам қайраткерлерінің бірі. Бұл «лауазым» ешбір жарлықсыз, мандатсыз беріледі. Халық ондай ұлын көкке көтереді, қадірлейді. Осының бәрі бір Сәкеннің бойынан табылуы – тарихтағы өте бір бақытты сәт. Міне, осы қасиеттер Сәкенді басқа қайраткерлерден даралап, тарих бетінен жарқырап көрінуіне жағдай жасады. Бір қырымен емес, көп сырымен ерекшеленеді.

Тұрсынбек Кәкішев

Сұлу пернелер – адам болмысының әсем қасиеттері. Ал перне деген не? Тура мағынасында ол – музыкалық аспапқа тән термин. Бір нотадан жаңылысып, басқа пернені бассаң, әдемі әуеннің әуезін бұзасың. Ақынның айтпағы да осында. Адамның жан дүниесін дөп басып, достың қадір-қасиетін түсіне білу – бір ғанибет. Өлеңде осындай шынайы достарға «қолыңда жемің барда шырқ айналып, жем таусылса, жалт беретін жанама достар» қарама-қарсы қойылған.

Қазақ поэзиясында достық туралы ерекше ой айтып, оны шың басына шығарған Сәкеннің бұл өлеңі тың жаңалық болуымен ерекшеленеді. Сонымен бірге мұнда еріксіз би билеткендей сазды әуен, сұлу пернеде полифониялық тербеліске құрылған көркем сөздің әсем ырғағы бар. Ал «Ырғақсыз айтылған сөздердің сәні болмайды» (Цицерон). Сондықтан да «Сыр сандық» өлеңі – тербелістерге, сан алуан қызық күйлерге толы адам жан дүниесінің сырлы өлемі.

Ақынның бұл өлеңінде жай қайталаудың үлгілері бар. Ақын белгілі қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовқа арнаған «Мұң» деген өлеңінде:

Ешкім жоқ, шер тарқатып көңіл ашар,
Жүректің күйіп-жанған дертін басар.
Мұңымды жұртқа айтпаған саған шақтым,
Жүрек – от, көңіл – дария, халім нашар,

– дегеніндей, ақын адал достықты үнемі жоғары бағалап, ерекше қадірлей білген. Ақын көңіл күйі «от», «дария» деген метафоралар арқылы ашылған.

«Өнердің ең алды – сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» (А.Байтұрсынұлы), «Көз жетпегенге ой жетеді, тіл жетпегенге үн жетеді» (Б.Момышұлы) дегендей, С.Сейфуллин достық деген қасиетті ұғымның, сұлу сезім, айнымас дос, адал махаббаттың жаршысы болды.



Зерделі ой

Сәкен Сейфуллин шығармалары өзінің идеялық-көркемдік құнын еш уақытта жоғалтпақ емес. Одан дүйім оқушы рухани азық алады, қаламгерлер не туралы, қалай жазу керек екендігін үйренеді. Міне, Сәкен Сейфуллин шығармашылығы сол үшін де баршамызға қымбат.

Ғафур Ғұлам



Пікірлесейік

1. Ақынның «Сыр сандық» өлеңі лириканың қай түріне жатады?
2. Өлеңнің құрылысы қандай? Өлеңді басқаша қалай атар едің?
3. Өлеңдегі көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан аш.



Себепін анықта

1. Не себепті ақын сыр сандықты өлеңіне арқау еткен? Сандық қазақи ұғымда нені білдіреді?
2. Ақын адам бойындағы жақсы, жағымды қасиеттерді неге пернелерге теңеген?



Тобыңда талдап көр

1. Топқа бөлініп, «Ромбтық жіктелім» тәсілімен өлеңнің тіліне, көркемдік қуатын арттырып тұрған сөздерге талдау жасап, оларды маңыздылығына қарай топтаңдар.
2. «Радиоға қоңырау шалу» әдісі бойынша өлеңде көтерілген мәселелер туралы «Төрт қонақ» рөлдік ойынын пайдаланып, сұхбат жүргізіңдер. Қатысушылар: ақын, жүргізуші, психолог және лирикалық кейіпкер.
3. Шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген мәселелерді ғаламдық проблемалармен байланыстырыңдар.
4. Өлеңдегі достық туралы шумақтарды қайталап оқып шығып, шығармадағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың үндестігін ашып, талдаңдар.



Дәптеріңе жаз

1. Достық туралы мақал-мәтелдерді жазып, өлеңнен 3 мысал келтіру арқылы олардың мағынасын аш.
2. «Ақын тілінің сөздігін» құрастырып, кестені толтыр.

Тілдік ерекшеліктері	Мысалдары

3. «Өлеңдегі антонимдер» әдісі бойынша достық пен қастық қарым-қатынасты сипаттап, кестеге толтыр.

Достық	Қастық



Түйінде

1. Нағыз достық қандай болады? Өлеңдегі лирикалық кейіпкер бейнесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсет: адал дос қандай? Аяр дос қандай? Лирикалық кейіпкермен бірге құзар шыңның басына кім шыға алады? Қойманың түкпіріндегі сандықты кім аша алады? Ақынның ғаламдық тақырыптардың бірі – адамның мінезқұлық психологиясын сипаттаудағы шеберлігін мысалмен түйіндеп, әдеби эссе жаз.
2. Автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындап, қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтап, түйінде.



Қалай ойлайсың?

1. Ақынның: «Шығармаңа ешкім пікір айтпай, үндемей қалса, өне, ең жаманы – сол. Мыналардың шыжалақтауына қарағанда, жазғаным халықтың жүрегіне дөп тиген ғой», – деген пікірімен келісесің бе?

2. Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығының даму жолын «SWOT-талдау» әдісімен талдап, кестеге толтыр.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер



Үйде орында

- «Графикалық органайзер» әдісін пайдаланып, өлеңнің негізгі идеясын түйіндеп жаз.
 - өлеңге пікір білдір;
 - пікіріңе дәлел келтір;
 - пікіріңе мысал келтір;
 - пікіріңді қайта ұсын.
- С.Сейфуллин және оның замандастары туралы мәліметтерді:
 - саяси көзқарастарын;
 - шығармашылықтарындағы үндестікті;
 - тағдырларын салыстырып, сол кезеңдегі қазақ әдебиетінің ерекшелігі жайлы әссе жаз.
- CD-дегі №1 қосымшаны үлгі ретінде пайдаланып, презентация жаса.



Білгенге маржан

«Сыр сандық» өлеңі 1926 жылы жазылған. Ақын өлеңін «Досқа жазылған хат» деп атаған. Ақын өміріндегі Қызылжар қаласында болған жағдайға байланысты туған. Халық комиссары болып жүрген кезінде Сәкенді вокзалдан күтіп алып жүрген Шәріпжан Тотоев деген досы кейінгі бір кездесуде аяқ астынан оны «танымай қалады», шақыртқанына келмейді. Сонда Сәкен ақын: «Үлкен шенділерге табынғыш, жарамсақ. Былтыр күтіп, жалпылдап жүрген доссымағым ұлық болсам ғана шырқ айналар соқыр тауық болғаны ма?» – деп, көңілі қатты қалған екен.

Сәйдіп Талжанов



Әдебиет теориясы

Қайталау – айшықтау (фигура) түрлерінің бірі. Қайталау сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айырықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше рет қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу үшін қолданылады. Оның мынадай түрлері бар: **жай қайталау, еспе қайталау, анафора, эпифора.**

Жай қайталау – бір сөздің өлеңнің әр жолдарында қайталануы.

Еспе қайталауда ой мен сыр түйдектеп, еселеніп келеді де, алдыңғы ұғымның аяғы көшіп, өлеңге әсем әуез, әдемі әсер дарытады. Мысалы,

Сыр сандықты **ашып қара, ашып қара**, сырласым,

Сым пернені **басып қара, басып қара**, жырласын. (С.Сейфуллин)

Анафорада өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ұғымы бір сөзден басталып отырады.

Ұйқыдан соң – Жапырақпын,
Жаңбыр шайып жаңарған.

Ұйқыдан соң – Құспын,
Ұзақ ұшып, көліне кеп дем алған. (С.Мәуленов)

Эпифорада өлеңнің әр жолының соңындағы немесе әрбір ой ағымының аяқ жағындағы бір сөз бірнеше мәрте қайталанады.

Кетеген болса, түйең **жау**,
Тебеген болса, биең **жау**. (Үмбетей жырау)

Қазақ әдеби тілінің сөздігі



Қолданып көр

Ақынның қайталау түрлері кездесетін өлеңдерін Интернеттен тауып, презентация жаса.



Шығармашылық тапсырма

Өлеңді идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгісімен (<https://rustih.ru/rasul-gamzatov> Р.Гамзатов «Берегите друзей» өлеңі) салыстыра талдап, екі шығармаға аннотация жаз.



Эксперименттік тапсырма

1. Әдеби жанрға эксперимент жасап, «Сыр сандық» өлеңін прозаға айналдырып жаз. Мазмұнын толық бере алдың ба?
2. Сандықтың халық тұрмысындағы маңызын, оның басқа шығармаларда қолданылған мақсатын зерттеп, «Сыр сандық» өлеңіндегі мағынасымен байланыстыр. Ақынның «сандық» сөзін тегін қолданбағанын дәлелде.



Міне, қызық!

Тұңғыш «Өткен күндер» өлеңдер жинағы Қазандағы «Матбуғат Кәримия» баспасынан басылып шыққанда, Сәкен Сейфуллин жиырма жаста еді. Бұл тұста баспадан кітап болып шығып жатқан қазақ жазушыларының шығармалары некен-саяқ, ұлы ақын Абай туындыларының басылғанына небәрі бес-ақ жыл болған еді.



Кітап – асыл қазына

Сыр сандық. 1-кітап. – Астана: Фолиант, 2015.

Мен ең бірінші материал жинаймын. Деректер іздеймін. Айғақты уақиғаларды қараймын. Халық фольклорына сүйенемін. Жазба бетінде қандай шығармалар бар, соның барлығын қолым жеткен жерге дейін зерттеймін, оқимын, бірімен-бірі салыстырамын. Сосын алдымен ойға салып, миыма жазамын...

Ілияс Есенберлин

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН



Ілияс Есенберлин
(1915–1983)

Ілияс Есенберлин қай өңірде туып-өсті?

Ілияс Есенберлин 1915 жылы қазіргі Ақмола облысы Атбасар қаласында туған. Әкесі ағаш шебері болған. Бірақ өмірдің қиындығынан алдымен әкесі, содан соң шешесі қайтыс болып, інісі Раунақ екеуі жетім қалады. Туыстары Раунақты асырап алады да, Ілияс жетімдер үйіне түседі. Сол уақыттағы елімізді жайлаған аштық кезеңін басынан кешіреді. Көп ұзамай жетімдер үйі жабылып қалғандықтан, туыстардың үйінен мектепке қатынап оқиды. Мектепте жүргенде-ақ қабырға газетіне өлеңдері жарияланып, әдебиет, химия, физика, сызу, математика, бейнелеу өнері сабақтарын қызығушылықпен оқиды, алуан түрлі ертегі де шығарады. Мектепті тамамдағаннан кейін, жұмысшы

факультетіне қабылданады. Жоғары оқу орнына түсуді армандаған Ілияс Алматы қаласындағы Қазақ тау-кен металлургия институтына түсіп, оны 1940 жылы бітіреді. Жезқазғанда жұмыс істеп жүріп, әскерге шақырылады. Әскери борышын өтеп жүргенде Ұлы Отан соғысына алынып, майданда ауыр жарақаттанады.

Жазушының өмір жолы қандай болған?

І.Есенберлин 1944 жылы Алматыға оралады. 1947–1951 ж.ж. Қазақ мемлекеттік филармониясының директоры қызметін атқарады. 1937 жылы атылып кеткен Хамза Жүсіпбековтің (әділет халық комиссары болған кісі) қызына үйленгені үшін қудаланып, 1951 жылы 5 жылға бас бостандығынан айырылады. Жазасын Қарақұм каналы құрылысында жарылыс жұмыстары жөнінен тау инженері ретінде өтейді. Ақталып келген соң, 1953–1954 жылдары ҚР Геология министрлігінде аға инспектор, 1954–1955 жылдары Берсүгір шахта басқармасының (Ақтөбе облысы) бастығы болды. 1955–1957 жылдары Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасының аға редакторы, 1958–1967 жылдары «Қазақфильм» киностудиясының аға редакторы, сценарий редколлегиясының мүшесі, 1967–1971 жылдары «Жазушы» баспасының директоры қызметтерін

атқарады. 1971–1975 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болып істейді.

Илияс Есенберлин қандай шығармаларды дүниеге келтірді?

Құнды әрі көлемді туындыларымен танымал болған І.Есенберлин шығармашылық жолын ақын ретінде бастаған. Оның қаламынан «Адамгершілік жыры» атты өлеңдер жинағы, «Большевик туралы жыр», «Біржан сал» трагедиясы, «Адам мәңгілік», «Сұлтан», «Айша» деп аталатын поэмалар туды. Сондай-ақ қырықтан астам әндердің сөзін жазған.

1960 жылдардан бастап, жазушы проза жанрына көшті. Алғашында оның «Өзен жағасында», «Толқиды Есіл», «Адам туралы ән» повестері, содан кейін «Айқас», «Қатерлі өткел», «Ғашықтар» атты көлемді романдары дүниеге келді. Илияс Есенберлин жалпы саны 16 роман жазған.

Қаламгер «Таудағы тартыс» пьесасымен драматургия саласына да атсалысып, К.Д.Ушинскийдің «Әңгімелері мен ертегілерін» (1945 ж.), М.Жулявскийдің Вьетнам өміріне арналған «Қызыл дария» романын (1956 ж.) қазақ тіліне аударды.

Илияс Есенберлин – қазақ әдебиетіндегі тарихи роман жанрының негізін салған жазушылардың бірі. Бұл туралы өзі: «...осы шығармалардан кейін тарихи тақырыптарға көштім. Өйткені көп жылдан бері көкірегімде жүрген арманым болатын. Жалпы алғанда «Көшпенділер» атты трилогияға кірістім. Оның алғашқы кітабы – «Алмас қылыш», содан кейін – «Жанталас», «Қаһар». Бұл трилогияның өзі маған оңайға түскен жоқ. Жиырмаға таяу жыл өмірімді алды...», – деп жазған. Ал жазушы Нұрдәулет Ақыш: «Алғашқы кітаптың мазмұны – XIV–XVI, екінші кітаптікі – XVII–XVIII ғасырлардағы, ал үшіншісінің мазмұны XIX ғасырдағы қазақ даласында тарихи тұрғыдан елеулі орын алған оқиғалардың соқталы дегендері жайында әңгімелеуге құрылған. Алғашқы кітап «Алмас қылышта» қазақ халқының халық ретінде ұйысуға қам жасап, бір замандарда Шыңғыс хан құрған алып империяның сілемдері Ақ орда, Көк орда сияқты құрылымдардан тәуелсіздік алуға ұмтылуы, сөйтіп өз алдына ел болу жолындағы тағдыры сөз болады. Үш кітапта аттары аталатын тарихи адамдардың саны қыруар және олардың басым бөлігінің көркем туындыда көрінуге тиісті қырлары, яғни мінез-құлқы, ой дүниесі, дүниетанымы, сыртқы-ішкі портреттері, психологиялық ерекшеліктері бірсыдырғы жақсы ашылған», – деп жоғары баға береді.



Зерделі ой

Илияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ халқы тарихының төрінен лайықты орын алатын дара тұлға. Олай деуіміздің бірнеше себебі бар. Қазақ хандығының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресі тақырыбына қалам тартты. Қалам тартып қана қойған жоқ, өзінің эпикалық құлашы, халық өмірінің сан алуан қырын кең қамтуы, қазақ тарихының кемеңгер көсемдерінің қайталанбас бейнесін сомдауы жағынан өзге туындылардан оқ бойы алда тұрған талантты шығармасы – «Көшпенділер» тарихи трилогиясын дүниеге әкелді. Бүгінде дүниежүзінің көптеген тіліне аударылып, әлденеше рет басылған жазушының осы еңбегін хандық дәуірдегі қазақ өмірінің энциклопедиясы десек, артық айтқандық бола қоймас.

Нұрсұлтан Назарбаев

I.Есенберлиннің XV–XIX ғасырлардан тарихи сыр шертетін «Көшпенділер» трилогиясы – 30 жылдың ішінде 50 рет басылып, жалпы тиражы 3 млн данадан аса шығарылған және әлемнің 30 тіліне аударылған құнды шығарма. Ол 1982–1983 жылдары XIII–XV ғасыр аралығындағы халқымыздың тарихын баяндайтын «Алтын Орда» трилогиясын жазды.

Илияс Есенберлин – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, сондай-ақ «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» орден, медальдарымен марапатталған жазушы.



Зерделі ой

Менің қазір тарихқа көбірек көңіл бөліп жүргенім неліктен? Қазіргі өмірдің маған қызықсыз болғандығынан ба? Жоқ, мүлдем олай емес! Мен қазір өткенге көбірек қараймын, себебі... менің ой-өрісім тереңдеп, қызықты болып келеді. Өйткені ағаш биіктеп өскен сайын оның тамыры жерге тереңдеп, бойлай береді ғой. Адам да сондай. Ол болашағын неғұрлым көбірек ойласа, өткенін соғұрлым көбірек білгісі келеді. Олай етпейінше, болашақты жасау мүмкін емес.

Илияс Есенберлин



Пікірлесейік

1. Илияс Есенберлиннің өмірі туралы не білдің? Қайда білім алған?
2. Қандай поэмалар жазған?
3. Жазушының тарихи тақырыпқа жазған шығармаларын ата.
4. «Көшпенділер» трилогиясы қандай жанрда жазылған?



Себебін анықта

1. Илияс Есенберлиннің өмірі неліктен әртүрлі оқиғаға толы болған?
2. I.Есенберлин не себепті өз мамандығынан алыс кәсіптермен айналысты?
3. Жазушы неге құдалауға ұшырады?
4. «Көшпенділер» трилогиясы неліктен үлкен сұранысқа ие?



Тобыңда талдап көр

1. Н.Назарбаевтың: «Илияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ халқы тарихының төрінен лайықты орын алатын дара тұлға», – деген сөзін талдап көріңдер.
2. Жазушы шығармаларындағы тарихи таным негіздерінің «Қазақстан тарихы» туралы жазылған ғылыми еңбектермен байланысын талдаңдар.



Дәптеріңе жаз

Илияс Есенберлин өмірінің хронологиялық кестесін жаса.

Жылдар	Маңызды оқиғалар



Түйінде

<https://khabar.kz/kk/anons-tarikh-tulga/item/106318-tarikh-ta-dyr-t-l-a-iliyas-esenberlin> сілтемесі арқылы І.Есенберлин туралы бағдарламаны көріп, оның жазушы ретінде адамзатқа тән мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу шеберлігін дәлелдеп, ойыңды түйінде.



Қалай ойлайсың?

Егер І.Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясын еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қайта жазса, мазмұнында қаншалықты өзгеріс болуы мүмкін?



Үйде орында

Интернеттен А.Қашқынбаевтың Ілияс Есенберлин туралы жазған еңбегін жүктеп, жазушы өмірбаянымен толық таныс.



Білгенге маржан

Әкемнің өмірі өте қиын басталған. Ол тоғыз жасында ата-анасынан, өз үйінен айырылып, бір тілім нансыз қалып, басқа жетімдермен бірге көпірдің астында, жасырынып күн кешкен. Аштық пен суықтан әбден өлуге таяған оны тауып алып, балалар үйіне орналастырған. Оқып, балалар үйінде тәрбиеленген соң, әкем жұмысшы факультетіне оқуға түседі, 1940 жылы «Тау инженері» мамандығы бойынша Қазақ тау-кен металлургиялық институтын аяқтайды. Соғыс басталып, әкемді майданға шақыртады. 1943 жылдың аяғында капитан лауазымының иегері болған әкем ауыр жарақат алып, бір жыл госпитальда жатып емделген соң, Алматыға оралады. Соғыс кезінде жазған бірнеше көркем шығармасы 1945 жылы алғаш рет жарық көрді (*Қозы-көрпеш Есенберлин*).



Міне, қызық!

Ілияс Есенберлинмен тығыз араласқан жазушы Қабдеш Жұмаділов: «Мені алғашқы қызықтырғаны – Ілияс Есенберлиннің өзі емес, «ешкімге ұқсамайтын, немістің бір емес, Эссен және Берлин деген екі үлкен қаласының атын біріктіріп тұрған фамилиясы», – деген екен.



Кітап – асыл қазына

Қашқынбаев А. Ілияс Есенберлин (1915–1983) / Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Ф.Аяған. – Астана: 2014.

«Қаһар» романы

CD 02

Үзіндіні тыңдап, роман оқиғасын болжа.

Кенесары, Наурызбай
Атағы шықты аңқылдап,
Жауды үркітіп, қашырды,
Ақ алмастай жарқылдап,
Зересін алды дұшпанның,
Найзағайдай шартылдап.

Нысанбай жырау

Алашта Кенекеме ер жетпейді...

Мағжан Жұмабаев

«Көшпенділер» трилогиясының бірінші кітабы – «Алмас қылыш» (1971 ж.), екінші кітабы – «Жанталас» (1973 ж.), үшінші кітабы «Қаһар» (1969 ж.) деп аталды. Орыс тіліндегі нұсқасы 1978 жылы Мәскеуде жарық көрді. Аударған – Морис Симашко. Сондай-ақ «Көшпенділер» трилогиясы 1983 жылы Польшада және 1986 жылы Венгрияда басылып шықты.

Үшінші кітаптың атауы алғашында «Хан Кене» болады. Бірақ саяси жағдайға байланысты «Қаһар» деп өзгертіледі. Бұл туралы жазушы Қабдеш Жұмаділов: «Қаһардың» алғашқы аты «Хан Кене» болатын. «Хан Кене» болып шығару қиын болды. Содан ақылдаса келе, кітап баспадан шығарда біз «Қаһар» деп ат қойдық. Біз деп отырғанымыз кімдер? Илияс өзі баспаға директор болып келген соң жан-жақтан жастарды шақырды. Мені «Қазақ әдебиетінде» істеп жүрген жерімнен шақырды. Мұхтар Мағауинді, Рамазан Тоқтаровты, Тұтқабай Иманбековті шақырып алды. Кілең жастарға арқа сүйеді.

Лекеннің сол кезде ең даулы – тарихи тақырыпқа баруы оның керемет жүректілігін, отансүйгіштігін, ұлтшылдығын көрсетеді. Ол кісі кейінгі қаламдас інілеріне жол ашты. Тарихи мектепті қалыптастырды. Менің «Дарабозды», «Соңғы көшті», Мұхтардың «Аласапыранды» жазуына... бәріне жол ашқан Есенберлиннің романдары. Мұзжарғыш кемедей алға жол тартты», – деп еске алады.

«Қаһар» тұңғыш рет 1969 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. 1970 жылы орыс тілінде «Простор» журналына (№5,6) «Хан Кене» деген атпен жарияланып, 1971 жылы Мәскеудің «Советский писатель» баспасынан жеке кітап болып шықты.

«Алмас қылыштың» бас кейіпкері – Әбілхайыр, «Жанталаста» – Абылай хан, «Қаһарда» – Кенесары. Мұнда автор Кенесары образы арқылы қазақ хандығының жер бетінен жойылу себебін баяндайды.

Романдағы бас кейіпкер Кенесары (1802–1847 жж.) – қазақтың ең соңғы ханы (1841–1847 жж.). Ол – Шыңғыс ханның 27-ұрпағы, Абылай ханның Қасымнан туған немересі. Жазушы Кенесарыны айбынды хан, айбарлы қолбасшы, халқын ерекше сүйген батыр азамат, мемлекет қайраткері ретінде сомдайды.

Трилогияның екінші кітабы «Жанталаста» қазақтар Абылай ханды ақ киізге отырғызып, үш жүзге хан көтергенімен, патша өкіметі мұны бекітпейді. Орта жүз ханы боп қана қалған Абылай үш жүздің басын қосып, ешкімге тәуелді болмауды мақсат еткенімен, жеңіске жете алмайды. Бірақ халық рухы бұдан кейін де өшкен жоқ. Оны 1837–1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының

көсемі Кенесары хан дәлелдеді. Міне, романның негізгі идеясы – еркіндік рухының өшпеуі. Ол – тәуелсіздік идеясы.

«Көшпенділер» трилогиясының жанрын кезінде тарихи роман зерттеушілері Шерияздан Елеукуенов пен Рахманқұл Бердібаев «роман-хроника» деп атады. «Роман-хроникаға жан-жақты суреттеу тән емес, сондықтан Есенберлин, негізінен, қазақ елі тәуелсіздігінің идеологиялық мәселелеріне баса назар аударған. Идеология дегеніміз – белгілі дүниетаным көзқарасы бойынша жүйеленген идеялар. Есенберлиннің көшпенділер туралы роман-трилогиясының сындарлы идеологиясы – ұлттық идея», – дейді Ш.Елеукуенов («Ғасырмен сырласу»).

Ал Р.Бердібаев: «...түрлі кітаптар, қолжазбалар, шежірелер арасында шашырап жатқан анық фактілерден құралғандықтан және оқиғалардың жылнамасы сақталғандықтан, мұны роман-хроника деп атаған абзал... Қазақ жырлары мен аңыздарының бірқатары халықтық роман тәрізді. Оларда әлеуметтік сипат, адамдар ісіне дәл, нақты мінездеме беру де жиі ұшырайды. Бұларды ретіне қарай жазба профессионал әдебиеттің қажетіне жаратуға әбден болады», – деген пікір білдірді («Қазақ тарихи романы»).

«Қаһар» романында XIX ғасырдың I жартысындағы Кенесары Қасымұлы бастаған халық көтерілісі сөз болады. Патша отаршылдарының шектен шыққан қысымы, әсіресе, ата-бабасынан мирас боп келе жатқан туған жерінен зорлықпен ығыстырылуы халықтың қанын қайнатып, ашу-ызасын туғызды. Бұл наразылықтың көтеріліске ұласуына Абылай ханның немересі Кенесары тікелей басшылық етеді. Шығармада Кенесарының жеке басы ерлік пен мәрттікке толы. Романда кездесетін орыс сөздері қазақтың өз тіліне бейімдеп айтылуы бойынша берілген. Мысалы, устав – ұстап. Бұл сөз патшаның 1822 жылғы Сібір қазақтарын басқару жөніндегі уставына байланысты қолданылған. Жазушы архивтік құжаттар мен Кенесарының орыс билеушілеріне жазған хаттарына сүйене отырып, шығарма мазмұнын нақты деректерге құра білген.



Қаһарлы Кенесары хан

Автор күндердің күнінде осы сұрақтың қойылатынын алдын ала болжап білгендей, романның бірінші, екінші бөлімінде тек осы мәселеге көңіл бөліп, жан-жақты ашады. Арқадан Оңтүстікке беттеген көшті бастап келе жатқан Баянауылдағы Қаржастан шыққан Азнабайұлы Сейтен батырдың қасынан бір елі қалмай келе жатқан Ожар Қубетұлының арнайы қойылған патша өкіметінің тыңшысы екені шығарма басталған бетте-ақ бірден белгілі болады. Бұдан патша өкіметінің ел бастаған қазақ батырларының көзін біртіндеп жою мәселесі зымияндықпен жүргізілгені көрінеді. Ожар – Сейтеннің бір кезде барымтаға да, жауға да қатар шапқан үзеңгілес жолдасы әрі руласы. Қазақ «батыр аңғал болады» деген сөзді бекер айтпаған. Сейтен Ожарға сыр ашып, патша өкіметі қазақ ісін екіге бөлгенін айта келіп: «Бірі – ауыл арасындағы жер дауы, алыс-беріс секілді кәкір-шүкір. Мұны ақсақалдар мен билер өзі шешеді деген. Екіншісі – кісі өлімі, барымта, үкіметке бағынбау тәрізді ауыр күнәлар. Мұны аға сұлтан басқарған өңірлік пірказ (комиссия деген мағынада) қарайды. Өңірлік пірказ екі патша қызметкері және екі жылға сайланған екі қазақ жәсіөтірден (заседатель) құралады. Бұлардың шешімін губерниялық сот бекітеді. Онда бір-де-бір қазақ жоқ. Сөйтіп біздің тағдырымыз бөрібір өз қолдарында», – дейді.

Бұл тарихи шындыққа М.Әуезовтің «Абай жолы» романында суреттелетін Құнанбай сұлтан заманындағы басқару жүйесі дәлел.

Әңгімесін жалғастырған Сейтен: «...қазақ – Мұхаммед пайғамбардың жолын берік ұстанған діншіл халық емес, оны шоқындырып алу оңай, тек ауылға уәкілдер жіберілсін», – дегенде, Ожар: «Ол уставта шоқынғысы келген адамға зорлық жасалмауы тиіс, «өз еркімен шоқынсын деген сөз бар ғой», – дейді. Сөзінен Сейтеннің секем алып қалғанын байқаған ол: «Ел құлағы елу ғой», – деп, осы жайтты кездейсоқ білгендей сыңай танытады.

Енді Сейтен: «Қасым төре біз секілді ақымақ емес еді. Арқа жерінде сегіз өкіріктің (округ) не үшін құрылғанын бізден бұрын түсінді», – дей келе, оның тоқа, алтын, алтай, уақты ертіп, патша құрығы жетпейтін Бестаңбалы жеріне қарай көшкенін, ермей қалған бұлардың шекесі қызбағанын, сол 10 жылдың ішінде Талды өзенінің сағасында Қарқаралы бекінісі, Қызылжар бекінісінің жанында Көкшетау бекінісі, Семей бекінісінің тұсында Аягөз бекінісі, Омбы қаласынан төмендеу Ақмола бекінісі, Жәміш бекінісінің қасынан Баянауыл бекінісі, Аманқарағайдан жоғары Құсмұрын округі, Омбының оңтүстік саласында Үшбұлақ округтері құрылып, бүкіл Арқа жеріне тырп еткізбейтін темір тор жабылғанын, қарамағындағы елі түгіл, туған інісінің баласын арашалауға күші жетпей қалғанын ашына баяндайды.

Сегіз округке бөлінген Орта жүздің әр округіне 15–20 болыс, әр болысқа 10–12 ауыл кіреді, әр ауылда 100 шақты үй. Ауылды үш жылға жұрт сайлаған – старшын, ал болысты Шыңғыс төренің тұқымынан шыққан сұлтандар басқарады. Округке үш жылға сайланған сұлтандар ие... Міне, бір қазақты екіге бөлген осы жағдайдың бөрі «бөліп ал да, билей бер» деген саясат бойынша жүзеге асып жатқаны айқын көрінеді. Шыңғыс тұқымының қараша халыққа қарсы қойылуы, патша берген шен-шекпенге сұлтандардың сатылуы, Кенесарының сұлтандарға өшігуі, сұлтандық биліктің жойылуы сияқты мәселелер де нақтылы деректерге негізделген.

Сейтеннің ашынатын жөні бар. Қазақ қыздарын 15 сомға сатып алып, шоқындырып, Сібірдегі әйел жынысына мұқтаж үйлерге тапсыратындығын, мұның бәрі І Николай патшаның 1825 жылы 11 ақпан күнгі жарлығы бойынша іске асып жатқандығын, інісі Тайжанның патшаға қарсы ереуіл ұйымдастырғаны үшін өлім жазасына кесілгенін, оның ержетіп қалған үш ұлының Сібірге айдалуын, ал кәмелетке толмаған қызы Алтыншаштың қолға түскендігін, осының бәріне көмектесуге шамасы жетпегенін жіпке тізгендей баяндайды. Бұдан бұратана елдегі тәлкекке түскен қазақ қыздарының ауыр тағдыры көрінеді. Сондай-ақ Қараөткелдің аға сұлтаны Қоңырқұлжадан қорлық көріп, намысы тапталған жалшының қызы Күмістің де жағдайы өте ауыр. Қоңырқұлжа – қарапайым халыққа жаны қас, өзімшіл, озбыр, Омбы генерал-губернаторының сеніміне ие болып, ойына келгенін жасайтын адам. Елдің бас көтерер адамына жала жауып, жазықсыз ұстап беріп отырады. Жоғары қызмет, «шен-шекпен» жолында халық мүддесін аяққа таптап, кез келген опасыздыққа бара салады. Ал Кенесарының қарындасы – ержүрек, қайсар, батыл Бопай сұлу ағасына көмектесу үшін қолына қару алып, атқа қонады.

Алғашында Сейтеннің көңіліне Ожар туралы күмән кіргенімен, ол өзінің де басынан тура осындай жағдайлар өткендігін айтып, күмәнді сейілтеді. Сейтенде бір-ақ арман бар. Ол – артынан ерген көпшілікті діттеген жерге жеткізу. Арманда кеткен батырды жау қолына ұстап берген Ожар өзінің тыңшы екенін сездірмеу үшін «мені де байлаңдар» деген бұйрығын Сейтен ап-анық естиді. Бірақ бәрі енді кеш. Құрылған торға мықтап ілінген Сейтен абақтыда мерт болады. Жазушы Сейтен арқылы күрес жолының аса ауыр, қиын, азапты екенін барынша дәл көрсете алған. Сейтен мен Ожардың сөзін естіп қалған Таймас жалғыз өзі қарулы топқа қарсы шыға алмайды. Кейіннен Ожар абақтыдан қашып шығыпты, Тайжанның қызы Алтыншашқа үйленіпті дегенді естіген Таймас мән-жайды Кенесарыға айтады. Кезінде Алтыншашты Омбының бір бай саудагері сатып алып, генерал Фондерсонға тарту етеді. Ожардың Сейтен батырды ұстап берген «адалдығына» риза болған Фондерсон екі аптадан кейін абақтыға өзі келіп, одан «не тілегің бар?» деп сұрайды. Ожар Омбыға бір келгенде 16 жастағы Алтыншашты жәрмеңкеден көріп, сұлулығына тәнті боп қалған. Ожар: «Есігіңізде жүрген малай қызды берсеңіз болады», – дейді. Орыс шенеунігі: «Әкесін ұстап берген адамға қыз қалай көнеді», – деп, еркінен тыс беру заңға қарсы келетінін айтады. Ожар: «Қызды көндірудің міндетін өзім алайын», – дейді. Генерал амалсыз айтқанынан қайта алмайды. Алтыншаш Ожардың екіжүзділігінен бейхабар болатын. Осылайша, Алтыншаш өзінің тағы да азапқа түсетінін білмеген еді.

Ожар ауылда жоқ болғандықтан, хан Алтыншашты шақырып, Ожардың іштен шыққан жау екенін айтады. Оның әкесі мен ағасын өлтіртіп, туыстарын итжеккенге айдағанын хан сөзінен ұққан Алтыншаш осындай бір күдіктің бар екенін сезіне бастағанын айтып, әке кегін қайтаруды өзіне қалдыруын сұрайды. Хан: «Қапы қалып жүрме», – деп ескертеді.

Ұзақ уақыт ақсүйек офицердің үйінде үй қызметшісі болған зерек Алтыншаш орыс тілін ғана емес, француз тілін де меңгеріп алады. Өйткені олар үйде ақсүйектерге тән әдетпен бір-бірімен тек французша сөйлескен. Бұл тілді білетіндігін оларға сездірмеген Алтыншаш Кенесары туралы талай мәліметтің шет-жағасын естіп-біліп жүреді. Жас болса да, көрген-түйгені мол Алтыншаш

жолай алтыбақан ойнап жатқан жастарға қосылып, ән салады. Сол жерде 23 жастағы Байтабан батырмен танысып, екеуі бірден тіл табысады. Бірін-бірі тез түсінген екі жас қалтқысыз араласа бастайды. Сәмен жолаушылап келген досы Ожарға мұны айтады және Алтыншаштың хан ордасына барғанын, Таймастың осында екенін жеткізеді. Әшкере боп қалғанын бірден аңғарған Ожар Алтыншашты өлтіріп, қашпақ болады. Ол Алтыншашты дырау қамшымен сабап, әкесі Тайжан мен Сейтен батырды ұстап берген өзі екенін ашық айтады. Алтыншаш кешіккеннен кейін үйіне іздеп келген Байтабан қызды дер кезінде құтқарып қалып, Ожарды өлтіреді. Талықсып жатқан Алтыншашты көтеріп, хан ордасына келеді. Кенесарыдан рұқсат сұрайды. Екеуінің тойы дүрілдеп өтеді.

Бұл кезде Қоңырқұлжадан көрген зорлық-зомбылығына жаны күйген Күмістің әкесі үй ішімен Кенесары қолына кеп қосылған. Орысша тіл білмейтін Күмісті Орынбор генерал-губернаторы Генске алып кірген Алтыншаш Қоңырқұлжаның үстінен шағым айтады және жазықсыз айдалып кеткен ағаларын тірі болса, шығартуға көмектесуін сұрайды. Орысша таза сөйлейтін Алтыншашты генерал мұқият тыңдайды.

Кенесары Орынбор генералынан «Қоқандықтармен соғысқанды қойып, бітім жасап, уәде бойынша Орынбор шекарасына қайтып келіңдер» деген мазмұнда хат алады. Амал жоқ, Кенесары уәдеде тұратындығын айтады.

«Зеректік, ойшылдық, сезімталдық – ана сүтімен бірге бітетін қасиеттер. Мұны адам сатып ала алмайды, егер жүрегінде осы бір қасиеттердің ұшқындары болса ғана өмір, қоршаған қоғам оны не ұлғайта түседі, не өшіреді» деген сөзді автор Есіркегенге қаратып айтып отыр. Өйткені талапты жас жігіт көп нәрсенің мағынасын түсінгісі келеді. Семейде төрт жыл орысша оқыған атақты Масан бидің немересі Есіркеген Петербургтегі кадет корпусына түспек. Есіркеген Кенесары ауылының үстімен жүріп, кетерінде Күмісті бір көріп қалуды армандап келеді.

Ақ патшаның бір топ «кәрі қылыш» жендеттері Кенесарыға қол ұшын берген алтай руының бір ауылын қаннен-қаперсіз отырған жерінде шабады. Отыз шақты адам қайтыс болады, ажарлы қыз-келіншектері мен бар малын айдап, «Кенесары жағына шыққандардың көретін күні осы» деп, сәлем айтып кетеді.

Орынборға жеткен Есіркеген Күміспен кездесіп, келесі күні Петербургке аттанады. Орынбор шешімі бойынша Петербургке барған Күміске Есіркеген көмектесіп, Қоңырқұлжаны орнынан түсіртеді. Есіркеген мен Күміс үйленеді.

Кенесары қолы 1843 жылы полковник Бизанов басқарған орыс әскерімен соғысып, ығыстырады.

Кеңес өкіметі тұсында «патша өкіметінің жымысқы саясаты» деген сөз көп айтылып, көп жазылатын. Бірақ оның қандай жымысқылығы бар екені анық айтылмайтын. Міне, осы мәселені сол кездің өзінде тұңғыш рет қазақ әдебиеті мен тарихында ашық жазған І.Есенберлин болды.

Сол кезеңдегі патша өкіметінің басқару жүйесі опасыздық, алдап-арбау, қорқыту, тартып алу дегеннің барлығын жоспарлы түрде жүргізгені романда толық бейнеленеді. Тіпті «Жанталас» романының алғаш рет қазақ тілінде емес, орыс тілінде «Отчаяние» деген атпен Мәскеуден шығуы да қазақ баспагерлерінің жасқаншақтағанын көрсетеді. Барлық мәселе Мәскеу арқылы шешілетіндіктен, осылай болған.

Бұдан қандай қорытынды шығаруға болады?

Бұл бір кезде қылышынан қан тамған Кеңес өкіметі саясатының тоқырауға ұшырай бастағанын көрсетеді. Егер 1937–1938 жылдары болса, ең бірінші І.Есенберлин ұсталар еді. Тіпті М.Әуезовке «байдың тұқымын насихаттады» деген айып тағылғаны үшін «Абай» романы бойынша қаншама ақталуға тура келгені тарихтан мәлім. Ал І.Есенберлиннің бірден хан тұқымы туралы жазуы және кітаптарының алдымен орыс тілінде жариялануы – адам сенгісіз жағдай. Десе де, жазушыға мүлде тосқауыл қойылмады деуге болмас. Әдеби сараптама тұрғысынан келгенде, Кеңес өкіметі тұсында «Көшпенділер» трилогиясы туралы пікір айтқан ғалымдардың көпшілігі «Қаһарға» келгенде Кеңесарыны ауызға алмай, сипай қамшылап өтіп отырған.

Кеңесарыны зерттеп, хан туралы тарихи еңбекті алғаш жазған тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмаханов 25 жылға бас бостандығынан айырылады. Тек тәуелсіздікке қол жеткізген тұстардан бастап ғалымдар да өз пікірін ашық жариялай бастаған.

Абылай дәуірінен бастап қазақ психологиясын жіті зерттеп келе жатқан патшалық өкімет тұзақты бір емес, бірнеше жерден құрған.

Ресейдің Абылай заманынан бері жүргізіп келе жатқан отарлау саясаты ғана емес, қазақ халқының басына түскен басқа да қауіп бар. Ол – Оңтүстік қазақтары тәуелді болып, зорлық-зомбылық көріп келе жатқан Қоқан, Хиуа хандықтары. Ресей патшалығы тарапынан қауіп төнетінін сезгенімен, Орта Азия хандарының қазақтармен одақтасуға құлқы жоқ. Керісінше, қазақ даласын талан-таражға салатын оңтайлы сәтті күтіп отырғаны Ташкенттің құшбегісі (билеушісі) Бегдербекке көмек сұрап келген Есенкелді мен Саржан сұлтандардың қасындағы 18 нөкерімен қоса, ұйықтап жатқанда өлтірілуі арқылы ақиқат ашыла түседі. Тек Ағыбай батыр мен Саржанның баласы Ержан атқора жақта жүріп, тірі қалады. Бұларға сол жерде жұмыс істейтін бір құл көмектесіп, қашырып жібереді. Бауырларынан қапыда айрылып, ыза болған Кеңесарының «Ташкентті шабу керек» деген мәрт мінезін көреміз. Бірақ ел билеушілері бұған қарсы болады. Кеңесарының кектенген сұлтандар мен патша бекіністеріне жасаған шабуылы ерекше сипатталады.

Романда Кеңесарының інісі Наурызбай, шұбыртпалы Ағыбай, табын Байтабан, алтай Төлебай, тоғызтаңбалы Бұқарбай, бағаналы Құдайменде, қыпшақ Иман сияқты қазақ батырларының кесек тұлғалары сәтті сомдалған. Қан майданда қайтпайтын, жасымайтын, өршелене түсетін бұлардың көзсіз ерлігі туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігі арқылы көрінеді.



Зерделі ой

Ілияс Есенберлин қазақтың ұлттық санасының оянуына, тарихи зердесінің жаңғыруына өлшеусіз үлес қосты. Егер ол ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүрсе, сөз жоқ, Алаш қозғалысының жуан ортасында жүрер еді. Кейде ол менің көзіме кешегі Ахмет пен Әлихан, Міржақып пен Мағжанның сарқыты болып көрінетін. Өз ұлтын жан-тәнімен сүйген Ілекең тәуелсіздік таңын көре алмай, арманда кетті. Алайда біздің азат заманымыздың әр сәтінде Кеңесары секілді құрбандардың киелі қаны болғанындай, Ілияс Есенберлиннің де қалам ізі жатыр.

Қабдеш Жұмаділов

Кенесары қозғалысы 10 жылға созылған. Кенесарының бар мақсаты – тәуелсіз хандық орнату, ел басқару жүйесіне реформа жүргізу, билік айту, саудасаттық жасау. Оның сауда-саттық керуендеріне тиіспей, салық төлетуі бүгінгі кедендік саясатты көрсетсе, салық салуға байланысты құрылған жасауылдар бүгінгі салық полициясын елестетеді.

Бұрын құл мен күнін өлтіргендер жазаланбайтын. Кенесары олардың және барымташылардың жазасын да қайта қарап, әділетті түрде шешкен. Атасы Абылайдың заманындағы хандық кеңес жұмысын қайта жандандырады.

Роман соңында Абылай сияқты көрген түсі дәл келіп, Кенесары Көкілтау баурайында ажал табады. Көрген ұзақ түсінің қысқаша мазмұны мынадай: «Қырғыз манаптарына «Ағайынды екі жұрт бірігіп, Қоқанды жояйық. Жеке ел болайық» деп хат жазыпшын. ...Келісім сұрап барған Саурық батырды олар өлтіріпті. ...Біз соғыспақ болып жатқанда Сыпатай батыр мен Рүстем төре біздерді тастап кетеді. Қалың қол қоршауға түседі. Бір жағында патша солдаттары, бір жағында қоқандықтар, бір жағында ала қалпақ манаптар. «Жекпе-жек» десем, манаптар күледі. Мен бір-екеуі болса ғой деп арман еткен патша зеңбірегі патшаның 5000 адамына бой бермеген әскерімді қырып барады. Бір уақытта Ақауыздың жалын құшып, Наурызбай құлады. Мен Қарасу өзеніне секіріп, арғы бетке өтсем, Төрегелді манап басқарған Қалиғұл жасағы тұр екен. Қалиғұл: «Иманыңды айт, басыңды аламыз», – дейді. Мен басымнан өткен өмірімді, туған-туысымды, қатын-баламды, үзеңгілес серіктерімді, туып-өскен Көкшенің көгілдір тауларын, Сарыарқаның айдын шалқар көлдерін көз алдыма елестетіп, ән салдым. Сондағы қоштасуымның екі ауызы қазір де есімде: «Қош, аман бол, Сарыарқа, өскен жерім», – деп басталады. ...«Кенесары өлді» дегенді естіп жатырмын. Нысанбай жоқтауы дара естіледі ...

Бұдан кейін сыбан, албан жігіттері менің кегімді алам деп, Төрегелдіні ат құйрығына байлап өлтіріпті. Мұны көре алмадым...» дей келе, Кенесары оны көре алмауының себебін айтады. Қалған жағдайлар жіпке тізгендей баяндалады.

Роман «Ал мынау көш Шыңғысхан шабуылынан бастап, алты жүз жылдан астам өзінің жері, суы, тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ атты көшпенді көкжалдардың ең соңғы ұлы көші еді», – деп аяқталады.

Ресейде оқып, білім алған қазақ жастарының типтік бейнесі Есіркеген арқылы тәуелсіздік идеясының үміт оты, арманы сөнбегендей көрінеді.

Романды кімдер зерттеді?

«Қаһар» романы туралы пікір айтып, мақала жазып, зерттеулер жүргізген Ә.Марғұлан, Ә.Әлімжанов, Р.Бердібаев, Х.Әдібаев, М.Қаратаев, Ш.Елеуенов, Р.Нұрғали, Қ.Алпысбаев, Ж.Дәдебаев, Г.Ломидзе, В.Осацкий, Н.Ровенский, П.Косенко т.б. әдебиетші-сыншылардың зерттеулері бар. І.Есенберлиннің 10 томдық шығармалар жинағы 1984–1988 жылдар аралығында «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Алғы сөзді Р.Бердібаев, соңғы сөзді Р.Нұрғали жазды.



Зерделі ой

Тарихи эпопеяны жазуды соңғы кітаптан бастауымның себебі, о баста, тарихи деректерді жинау кезінде, романға кіріспес бұрын, іштей жоспар жасаған едім. Яғни көңілімде, іс-жоспарымда халқымыздың 500 жылдық тарихын қамтитын трилогия болып қалыптасты. Бірақ трилогияның ең соңынан бастауыма себеп болды. Ең алдымен, тіршіліктің кейбір тауқыметін тартқандықтан ба, үшеуін бірден қамтып жазуға өмірім жете ме, жетпей ме деп те қауіптендім. Содан болар халыққа, болашақ үрім-бұтаққа айтпақ болған ойымның тарихи оқиғаларға деген жазушылық тенденция мен позициямның айқын көрінісі болған басты темірқазығым – «Қаһар» еді. Егер алдыңғыларын айтып келіп, көксеген негізгі ойыма қол жетпей қалса, өмірбақи арманда, орны толмас өкініште өтуім мүмкін ғой.

Ілияс Есенберлин



Пікірлесейік

1. Шығармада қанша тарау бар? Әр тарауда қандай басты оқиғалар суреттеледі?
2. Романның сюжеті қалай құрылған? Қазақ халқының өмірі қалай суреттелген?
3. Роман атауын басқаша қалай өзгертер едің?
4. Романда қазақ халқының басындағы қандай қиын жайттар суреттеледі?
5. Романды оқығанда қандай сезімде болдың?
6. Автор Кенесары ханның ұлт үшін жүргізген күресін қалай көрсетеді?



Себебін анықта

1. Неліктен «Қаһар» романы трилогиядағы ең басты шығарма саналады?
2. І.Есенберлин не себепті осындай күрделі шығарманы жазуды мақсат етті?
3. Неге романда өте қатыгез эпизодтар берілген? Бұл нені білдіреді?



Тобыңда талдап көр

1. Өздеріңе 9-сыныптан таныс Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» жыры мен «Қаһар» романын салыстырып, «Жолаушының қойын дәптері» әдісімен талқылап, ойларыңды қорытындылаңдар.
 - 1) Топқа бөлініңдер.
 - 2) Шығармалар үзінділерінен ұқсас оқиғаларды жазып алыңдар.
 - 3) Осы үзінділердегі көркемдегіш құралдардың түрлерін топ ішінде талқылаңдар.
 - 4) Өз әсерлеріңді жазыңдар.
 - 5) Жазған пікірді автор орындығында оқыңдар.

2. «Жазушы тілінің сөздігін» құрастырып, кестені толтырып, талдаңдар.

Тілдік ерекшеліктері	Мысалдары

3. «Шеринг» әдісімен романда көтерілген мәселелерге талдау жасаңдар.
4. Илияс Есенберлиннің: «Менің қазір тарихқа көбірек көңіл бөліп жүргенім неліктен? Қазіргі өмірдің маған қызықсыз болғандығынан ба? Жоқ, мүлдем олай емес! Мен қазір өткенге көбірек қараймын, себебі... менің ой-өрісім тереңдеп, қызықты болып келеді. Өйткені ағаш биіктеп өскен сайын оның тамыры жерге тереңдеп, бойлай береді ғой. Адам да сондай. Ол болашағын неғұрлым көбірек ойласа, өткенін соғұрлым көбірек білгісі келеді. Олай етпейінше, болашақты жасау мүмкін емес», – деген сөзін талдаңдар.



Дәптеріңе жаз

1. Романдағы басты үш кейіпкерді алып, кестені толтыр.

Кейіпкер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу

2. Романдағы өзіңе ұнаған ойларды не қанатты сөздерді қатыстырып, шағын шығарма жаз.



Түйінде

- Шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстыр.
- Автор бейнесін шығарманың негізгі идеясымен байланысты айқындап, түйінде.
- <https://kitap.kz> сайтынан Г.Зелинскийдің «Қазақ» поэмасын оқып, романмен салыстырып, екі шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға бер.
- «Құнды ой» стратегиясы бойынша романның маңыздылығы туралы ойыңды 7 сөйлеммен жеткіз.



Қалай ойлайсың?

- Не себепті романдағы және әлем әдебиетіндегі құндылықтар үйлеседі?
- «Көшпенділер» трилогиясының өміршеңдігі неде?
- Сенің ойыңша хан қандай болуы керек?



1. Интернеттен «Көшпенділер» фильмін көріп, сценарийге баға беріп, әлеуметтік желінің біріне хабарлама жаз.
2. «Қаһар» романының композициясын, жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан қарастырып, рецензия жаз (CD-дегі №4 қосымша).
3. «Қаһар» романындағы Алтыншаш образын Ж.Аймауытұлының «Ақбілек» романындағы Ақбілек бейнесімен салыстырып, БАҚ беттеріне мақала жаз.
4. CD-дегі №1 қосымшаны үлгі ретінде пайдаланып, презентация жаса.



Білгенге маржан

Роман-хроника дегеніміз – роман-зерттеу әрі роман-шежіре. Оның танымдық мүмкіндіктері мол... Кенесары бастаған ұлт-азаттығы көтерілісі оқиғаларын суреттегенде нақтылы күнтізбелік деректерге, шежіреге сүйенеді. (Ш.Елеуенов. Ғасырмен сырласу, Алматы: Елорда, 2004. – (181, 197 б.). 442 б.

Құшбегі – зат. көне. белгілі бір аймаққа (қалаға) билік жүргізушінің лауазымы. Ұлы жүздің шанышқылы, қаңлы рулары көптен бері Ташкент құшбегінің қарамағында қалған. (І.Есенберлин. «Жанталас»). Алды-артына найза ұстаған, салтанатты нөкері бар көрікті керуен. Бұл да Ташкент құшбегінің арнаулы қонағы (І.Есенберлин, «Қаһар» романы) Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2009. 10 том. – 464 б.

Шындап келгенде, әдебиет дегеннің өзі – жазушының ішкі ойын, сезімін көрсету, білдіру. Оның өмірге деген көзқарасы. Әдебиеттің өзі – субъективті дүние. Ақын болсын, прозаик болсын, шығармасы арқылы өмірдегі бүкіл құбылысты жинақтап әкеліп, өзінің ұғымы бойынша береді. Тарихи кейіпкер мен әдеби кейіпкерді тең қоюға болмайды.

Ілияс Есенберлиннің «Қаһарындағы» Кенесары шынайы өмірдегі Кенесары емес. Кенесарының фольклордағы образын мен зерттедім, онда ол – идеал. Ал Есенберлин оны өз ұғымынша беріп отыр. Тарихи шығарма өз алдына, ол ешқашан тарихи еңбекті ауыстыра алмайды. Бірақ оқырманға ой салады. Көркем әдебиеттің күші адамға әсер етуінде (*Сейіт Қасқабасов*).



Шығармашылық тапсырма

«Информатика» пәнінен алған біліміңе сүйеніп, шығармадағы өзіңе ұнаған бір эпизодты Scratch программасында дайындап, ұсын.



Әдебиет теориясы

Трилогия (грек. *tri* – үш, *logos* – сөз) – мазмұн-мағынасы, сюжеті жағынан бір-бірімен тығыз байланыста, негізгі кейіпкерлері ортақ келетін, өзара жалғасқан, тұтас үш бөлімді туынды.

Дилогияны да, трилогияны да құрайтын әр шығармада баяндалатын оқиғатиянақталып, көбінесе, негізгі кейіпкердің өміріндегі белгілі бір кезеңді қамтиды. Сондықтан бұл шығармалардың әрқайсысы өзінше аталып, жеке кітап болып та басыла береді. Әр бөлімнің жеке аттары болғанымен де, оның сюжеттік желісінде, композициялық құрылымында тұтастық болады. Алғашқы бөлімдегі кейіпкерлер кейінгілерінде де әрекет жасап, авторлық идеяны ашуға қызмет етеді.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Қолданып көр

«Алмас қылыш», «Жанталас» кітаптарын оқып, «Қаһар» романы үшеуінің трилогия екенін білдіретін ортақ белгілерді тап.



Эксперименттік тапсырма

Е.Бекмаханов, Ж.Қ.Қасымбаев, М.Қоңыров т.б. тарихшылардың еңбектеріндегі Кенесары Қасымұлы туралы деректерді және Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» жыры, М.Жұмабаевтың «Оқжетпестің қиясында» өлеңі, М.Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясы, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы Кенесары хан бейнесінің ашылуын зерттеп, топпен «Кенесары хан» фильмінің сценарийін жазыңдар. Оны мектеп сайтында жариялаңдар.



Міне, қызық!

«Қаһар» – І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы болғанымен, бірінші жазылған шығарма. Бірінші кітап болып шықса да, трилогияның үшінші кітабына айналу себебі – үш кітаптың негізгі түйіні осы «Қаһарда» тұрғандығында.



Кітап – асыл қазына

1. Есенберлин І. Көшпенділер. Тарихи трилогия. – Алматы: Ілияс Есенберлин атындағы қор, 1998. – 584 б.
2. Елеуенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. – 108 б.
3. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 240 б.
4. Бердібаев Р. Ілияс Есенберлин. Он томдық шығармалар жинағы. Тарихи роман. 6-том. – Алматы: Дәуір, 2018. – 432 б.

Асқар Сүлейменов шығармашылығы – ең алдымен, ұлтсыздануға қарсы шығармашылық, қарсылық әдебиеті. Демек, оның қайнар көзі де ұлттық дүниетанымда, ұлттық философияда, салт-дәстүрде, сана-сезімде... Асқар Сүлейменов дүниетанымының, әдебиетінің негізін батыстан емес, өз тарихымыздан, өз философиямыздан бастау керек.

Абдул Рахманұлы Абдулкәрім

АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ



Асқар Сүлейменов
(1938–1992)

Асқар Сүлейменов қай өңірде туып-өсіп, білім алған?

Асқар Сүлейменов 1938 жылы Түркістан облысы Түркістан ауданы Шорнақ ауылында дүниеге келген. Әкесі соғыстан оралмаған соң, тұрмыс жағдайына байланысты Созақ ауданына қарасты Шолаққорған елді мекенінде өсіп, ержетеді. Қазақша, орысша әдеби кітаптарды көп оқығандықтан, екі тілге бірдей жетік болған. Қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің тарих-филология факультетін және оның аспирантурасын бітірген.

Қаламгер қандай қызметтерді атқарған?

А.Сүлейменов «Жұлдыз», «Парасат» журналдарында, «Қазақфильм» киностудиясында, Жазушылар одағында, М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрда қызмет еткен. Ол өзі жұмыс істеген орталарына жаңа леп енгізуге тырысқан. Мәселен, «Қыз Жібек» көркем фильмінің редакторы ретінде көптеген шығармашылық жұмыс атқарған, «Құлагер» кинофильміне түсетін жылқыны Жамбыл облысындағы Луговой жылқы зауытынан өзі іздеп, тауып әкелген. Қазақ академиялық драма театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі болған кезде ұлттық классиканың жаңаша интерпретациялауына үлкен үлес қосқан.



Зерделі ой

Асқар Сүлейменов – те-реңнен суырып, таңдайды қуырып айтатын, ешқашан ешкімге, ештеңеге ұқсамай, елден ерек мүсінделген жан.

Әбіш Кекілбаев

Асқар Сүлейменов қандай шығармаларды дүниеге әкелген?

Әріптестері «әлемдік әдебиеттің, соның ішінде модернизм үлгісінің сұлу өрнектерін өз прозасына шебер көшіре білген жазушы» деп баға бере отырып, оның психологиялық қақтығыстар мен философиялық толғауларға толы шығармаларын бірден түсініп оқу оңай емес екенін айтады.

Оның «Бесін», диалог принципімен жазылған «Адасқақ», «Бесатар» атты прозалық шығармалары, «Арғымақ пен шабандоз», «Кек» драмалық жинағы, «Болмыспен бетпе-бет» деп аталатын сыни-эстетикалық еңбектері, «Шашылып түскен тіркестер» атты философиялық ой-толғамдары, әдебиет пен өнер турасында жүзден астам мақалалары жарық көрген. А.Сүлейменовтің «Бесін» кітабы туралы мақаласында Ғабит Мүсірепов: «Жаңаша жазушы, жазуға жаңалық кіргізер жазушы келе жатыр. Тек Асқарды сыдыртып оқымай, ішке түйе оқу керек», – деп жазса, Зейнолла Серікқалиев: «Өнердің шын қадірін білетіндер жүрегінде есімі дәйім сақталар көрнекті қаламгер, толағай сыншы Асқар Сүлейменов – драмалық шығармаларымен ғана емес, «Құлагер», «Арғымақ пен шабандоз» фильмдерінің сценарийлері, Ғабит Мүсіреповті тебіренеткен прозалық туындылары, әдеби ойлы толғаныстары арқылы да талай ұрпақты табындырар өлшеусіз тағылым өнегесі», – деп жазушының талантына тәнті болды.

А.Сүлейменов тек дарынды қаламгер ғана емес, қазақ халқының рухани көшбасшыларының бірі болған. Айналасындағы шығармашылық иелерінің барлығының басын қосып, топтастыра білген. Оның әрбір шығармасы бостандыққа ұмтылуға, тарихи тамырларды, ұлтымыздың өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалуға үндеп отырады. Қазақтың күйінен бастап, классикалық музыканы да жанымен жақсы көрген.

А.Сүлейменовтің әдеби мұрасында өз шығармаларынан басқа көптеген көркем аудармалары да бар. Б.Брехттің «Сычуанның мейірі», Ж.Мольердің «Ақымақ болған басым-ай!», Э.Хемингуэйдің «Бесінші колонна», М.Булгаковтың «Жендеттер», Т.Уильямстың «Әйнек хайуанатхана», Е.Шварцтың «Күн қыз – күл қыз», «Қар ханым», С.Ахмадтың «Келіндер көтерілісі», Н.Мирошниченконың «Айтыс», тағы да басқа көптеген пьесаларды қазақ тіліне тәржімелеген.

1996 жылы «Ситуациялар» триптихі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ұсынылды.

Созақ ауданының орталығы Шолаққорғандағы өзі оқыған жалпы білім беретін орта мектепке Асқар Сүлейменовтің аты беріліп, ескерткіші орнатылды.



Зерделі ой

Асқар – тума шешен. Орысша-қазақшаға теңдей жүйрік. Жұрттың бәрін аузына қаратып, таңдандыра ұйыта сөйлейді... Ол батысшыл болатын. Чаадаевты ерекше қадірлейтін. Ницше, Шопенгауэр, Ларошфуко, Малларме, Камю, Белль, Хемингуэй деп сөйлейтін. Бетховен, Брамс, Моцартқа тәнті болатын. Малер симфонияларын таң атқанша тыңдайтын... Тәттімбет деп тебіренетін. Бірақ сөз жүзінде қанша батысшыл болса да, менің пайымдауымша, ол табиғатынан шығыс адамы еді. Болмысты көбінесе шығысша қабылдайтын... Қалай болғанда да, Асқар жаратылысы бөлек жан еді.

Герольд Бельгер

Қаламгер туралы жазылған дүниелер бар ма?

А.Сүлейменовтің шығармашылығы жайлы «Парасат падишасы» естеліктер кітабы, Р.Сыздықованың «Асқардың сөз өрімі. Парасат падишасы», Ө.Қырғызбаевтың «Асқар ұшқан ұя» деректі повесі, Д.Тұрантегінің «Асқар әлемі», А.Қалшабектің «А.Сүлейменов шығармашылығындағы рухани-көркемдік ізденістер» зерттеуі, Ө.Рахимовтың «Пьесада спектакльге дейін», Т.Әсемқұловтың «Кемеңгер өмірінен бір үзік сыр» эсселері, сондай-ақ А.Мұсабаеваның «Асқар Сүлейменовтің шығармашылығындағы шыншылдық көріністер», Ж.Нармаханованың «Өзі жасап алған әлемнің иесі», С.Бекмұратұлының «Сөзі салмақты, өзі жан-жақты Асқар еді-ау» атты мақалалары жарық көрді.



Зерделі ой

Жалпы А.Сүлейменов шығармашылығының аса ерекшелігі – тереңнен тартатын генетикалық коды және оның жасырындығы, ойға шертіп тұратындықтан да небір интерпретацияларға мүмкіндік беретіні (және бір қызығы – өте биографиялылығы, бірақ сюжеттік-сезімдік арналарды мүлдем жауып тастайтындықтан, онысы еш байқалмайтыны).

Әлия Бепежанова



Пікірлесейік

1. А.Сүлейменов шығармаларының тақырыбы қандай? Қандай жанрларда жазған?
2. А.Сүлейменов кімдердің шығармаларын аударған?



Себебін анықта

1. Не себепті қаламгерді қазақ халқының рухани көшбасшыларының бірі болған дейміз?
2. Неліктен А.Сүлейменов шығармашылығы терең зерттеуді қажет етеді?



Тобыңда талдап көр

А.Сүлейменовтің әдеби мұрасындағы көркем аудармаларды талдап, ол еңбектердің әлем әдебиетіндегі құндылығын анықтаңдар.



Дәптеріңе жаз

А.Сүлейменов шығармаларының ерекшеліктерін жаз.



Түйінде

А.Сүлейменов туралы білгендеріңді «Түртіп алу кестесіне» толтыр.

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! – «мені таңғалдырды»



Қалай ойлайсың?

А.Сүлейменовтің «Пьеса – құндақтаулы сәби: оның қандай азамат болып өсіп шығары режиссерге байланысты» деген пікірінің мәні неде?



Үйде орында

1. Интернеттен Асқар Сүлейменовтің «Шашылып түскен тіркестер» ой-толғамдарын оқып, автордың бейнесі мен шығарманың негізгі идеясы арасындағы байланысын анықта.
2. CD-дегі №2 қосымшаға сүйеніп және <https://elarna.kz/kz/ojylymdar/item/2272-kek-tragediyasy-as-ar-s-lejmenov> сілтемесі арқылы «Кек» трагедиясын көріп, «Тұлғаны көпфакторлы зерттеу» әдісімен автор шығармашылығы туралы зерттеу жүргіз.



Білгенге маржан

Өнерді серік еткендердің ішіндегі өркештісі сал Біржанның өмірі арқылы ән мен әншілік тағдырдың ғақлиясын шерткен жазушы Асқар Сүлейменовтің «Адасқақ» повесі отыз жылдан кейін, 2018 жылы драма тілімен сөйледі.

М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры ұсынған «Адасқақтың» сахналық нұсқасын жасап, ықшамдаған белгілі әдебиет сыншысы, мәдениеттанушы Әлия Бөпежанова болса, қатпары қалың, астары мол күрделі шығарманың бас-аяғын қамтып, режиссура тілімен тәпсірлеген – Әубәкір Рахимов. Ілгеріректе Ә.Рахимов А.Сүлейменовтің «Төрт тақта – жайнамаз», «Қыздай жесір – штат қысқарту», «Жетінші палата», «Кек» секілді философиялық мәні терең пьесаларын сахналаған. Асқар шығармашылығындағы ешкімге ұқсамайтын тіл, ой, стиль ерекшелігімен ертерек танысқан шеберге ғана бағынатын кесектік бұл.

Ә.Бөпежанова шығарманың өзегін сақтай отырып, Біржан өмір сүрген кезеңге тән ахуалды, Ақан – Біржан – Абай тізбегін көтеретін ең маңызды диалог-діңгекті дұрыс іріктей алғаны туындының толық, біртұтас сахналық шығарма болуына мүмкіндік берген.

Айгүл Аханбайқызы



Міне, қызық!

Асқар Сүлейменов бала кезінен кептер мен жылқыны, сондай-ақ кітап оқуды жақсы көрген. Күніне 2–3 кітапты оқып тастайтындықтан, ауыл кітапханасы қорындағы 14 мың кітаптың барлығын оқып бітірген.

Асқар Сүлейменов анасы Қымбатты «Айтоты» деп, ал қызы Әсманы «Миледи» деп атаған екен.



Кітап – асыл қазына

1. Сүлейменов А. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Қазығұрт Т. 1: Өңгімелер мен повестер. – 2006. – 368 б. Т. 2: Драма – диалогтар. – 2006. – 336 б. Т. 3: Аудармалар. – 2006. – 352 б.

2. Серікқалиұлы З. Тектілік. «Қазақ әдебиеті», №10, 9.03.2001. – 4 б.
3. Сыздық Р. Асқардың сөз өрімі. Парасат падишасы. Асқар Сүлейменов туралы естелік кітап. – Алматы: Атамұра, 1998. – 336 б.

«Бесатар» повесі

Жазушы дегеніміз – стиль.

Асқар Сүлейменов

Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» повесі басты мәселені образ арқылы астарлап жеткізетін аллегориялық стильде жазылған. Шығармаға «Бесатар» деген атау беру арқылы автор оқырмандарды бірден соғыс, қару-жарақ жұмсалатын оқиғаға дайындайды. Сондықтан ғалым Ұ.Еркінбай: «Бесатар» – бір авторлық стратегияны практика жүзінде көрсеткен шығарма. Тікелей генетикалық ерекшелігімізді сақтай отырып, осылай да жазуға болатынын нақты көрсеткен. Ерекшелігі бес саусақтың саласындай анық байқалады. Ішкі мәтін энергетикасы көзге ұрып тұр», – дейді.

Асқар Сүлейменовтің «Бесатар» повесі 1968 жылы жазылып, үзінділері «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде жарияланған. Көзі тірісінде «Бесін» деп аталған тұңғыш әңгімелер, повестер жинағы 1970 жылы «Жазушы» баспасынан шығады. Бұл туралы жазушы Ғабит Мүсірепов «Кітап аты – «Бесін», авторы – Асқар» («Қазақ әдебиеті», 1970 жылы 25 сентябрь) деген мақала жазды: «Менің алдымда Сүлейменұлы Асқардың «Бесін» атты кітабы жатыр. Соған кірген «Бесатар» атты повесі мені көптен қызықтырып жүр. Жас жазушының өзіндік бет алысын, болашақтағы өрісі мен өресін аңдағандай боламын. Қызықтыратыны да осынысы: не жайлы жазғаны емес, қалай жазғаны, қандай жазушының бой көрсеткені» дей келе, автордың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын бір тәуліктің ішіне сыйғыза алғанына қайран қалады.

Жазушы қайтыс болғаннан кейін 1997 жылы «Жазушы» баспасынан «Бесатар» деген атпен жарық көрген жинаққа Ғ.Мүсіреповтің аталмыш мақаласы алғы сөз орнына алынды (Редакторлары: Ш.Тоқсанбаева, О.Кенжебеков).

2006 жылы Ә.Бөпежанованың құрастырып, түсініктерін жазған екі томдық шығармалар жинағының I томы, 2018 жылы үш томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Мұндағы ерекшелік – кітаптың соңында Г.Пірәлиеваның «Асқар Сүлейменов прозасындағы психологизм ерекшеліктері» (I том), З.Серікқалиұлының «Жаның шырқырар шындық» (II том) атты мақалалары берілгендігі.

«Түркістанның босағасын келін болмай, кесір боп, 16 жылдың шілдесі аттады» деп, сөз басында автордың өзі айтқандай, повесть талай жан опат болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс оқиғасына арналған. Көтерілістің шығуына 1916 жылы 25 маусымда армияның қара жұмысына 19-дан 43 жасқа дейінгі ер-азаматтарды шақыру жөніндегі патша жарлығы түрткі болғаны тарихтан белгілі. «Бесатарға» дейін Жамбыл Жабаевтың «Зілді бұйрық», Кенен Әзірбаевтың «Аттан», Омар Шипиннің «Амангелдінің айбаты», сондай-ақ Сәт Есенбаевтың «Ер Амангелді», Нұрхан Ахметбековтің «Амангелді дастаны» шығармалары және көтеріліс жетекшілері Әліби Жангелдин, Тоқаш Бокин туралы эпикалық шығармалар жазылды. М.Әуезовтің «Қилы заман» романы жарық көрді. Торғайдан Амангелді Имановтың, Жетісудан



Зерделі ой

Асқар Сүлейменов – 1917 жылғы революциялық төңкерісті, соның қарсаңындағы, сонан кейінгі өзгерістерді өз бастарынан кешірген Жүсіпбек Айтмауытұлы, Мағжан Жұмабаев сияқты тұлғалы жазушылардың жалғасы.

Мәмбет Қойгелді

Бекболат Әшекеевтің ел бастап шыққан ерліктері сол күннің өзінде халық арасында жыр болды.

Оқиға сюжеті «Иноземцев. 1916 ж., 7 июль, сәске», «Крейгель», «Сәруар, Төлеген», «Сәруар, Крейгель», «Қарала», «Сәруар», «Төрехан», «Мұқағали», «Сәруар, Крейгель», «Төрехан, Сәруар», «Мұқағали, Иноземцев», «Сәруар, 1916 ж., 8-июль, Бесін» деген тақырыптар бойынша дамып отырады. Негізгі кейіпкерлердің басынан өткен бір-ақ күндік оқиға баяндалып отырғандықтан, «Крейгель, Сәруар, Төрехан» тақырыпшалары 2–3 рет қайталанады. Автордың қазақ тарихындағы үлкен оқиғаны бір күнге сыйғыза алуы жұртшылық назарын кезінде өзіне аударды.

Күн көтеріле басталған 4–5 адамның арасында болатын қақтығыс кеш бата аяқталады. Бірақ сол аз уақытқа сыйғызылған кейіпкерлер басынан үлкен оқиғалар өтеді. Екі түрлі сипатта екі офицер – Крейгель мен Иноземцев, екі түрлі сипатта екі көтеріліс басшылары – Төрехан мен Крейгель, делдалдау, дүмшелеу оқыған жігіт – Сәруар мен Мұқағали. Оқиға осы бес адамды бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы өрбиді. Басқа жанама кейіпкерлер болғанмен, олар айрықша рөл атқармайды. Шығармада психологиялық диалог тәсілі басты орын алады. Көзқарастары екі түрлі адамның бір-бірімен сөз тартысы, ой қақтығысы, пікір қайшылығы терең психологиялық астармен жүргізіледі.

Он шақты жазалаушы (каратель) отрядпен Қазығұрт тауын жағалап келе жатқан Иноземцев кенеттен шыға келген қазақтардың қолына түседі. Иноземцевтің дереу Қарала ат мінген аққұба шалға: «Ассалаумағалейкум» – деп сәлем беріп, қолын ұсынғанына қарап, қазақ тіліне жетік және жөн-жосықты да білетіні бірден көзге түседі. Иноземцев Петербургтегі оқуын тастап, майданнан бас сауғалап, Ташкенттегі банкир әкесінің қолтығына тығылады. Арманы – полиция бастығы болу. Шал оның сәлемін алмайды, қамшысының ұшын ғана ұстатады. Бұл шал – Сәруардың әкесі Төрехан, көтерілісті ұйымдастырушы. Крейгель – офицер – тергеуші (следователь). Ол Иноземцевті құтқаруға барғанмен, кемпір-шалдан басқа ешкімді таппайды. Ауыл адамдарымен бірге Иноземцевті Мұқағалиға тапсырып, оны тасалау жерге көшіріп жіберген. Офицер Төреханды алып кетеді. Қара ала атты Крейгель мінеді. 21 жастағы Сәруар да Крейгельдің қолына түседі. Сәруар Иноземцевті қайтарса, Крейгель әкесін қайтаруы керек. Талап осы. Крейгель орталықтан жазалаушы отрядты тосып отыр. Қалған жұрт не болмақ? Сәруар әкесін «төте» деп атайды. Сәруарды тосқан Мұқағали Иноземцевті «тақымынан суырып» алып, «қарағұсын бүріп-бүріп, мытып-мытып жіберіп», «Жат» деп тізесінен сыпырып тастайды. «Жасыл шөпке құлаған Иноземцев бірақ тұяқ серіпкен жоқ», – дейді жазушы. Ал «тұяқ серіппеу» деген сөздің «жан тапсыру» деген мағынасы бар. Талып та қалуы мүмкін. Автор мұны ашық айтпайды. Шығарма соңында әбден қиналған Сәруарды Мұқағали ауылына әкелген Крейгель жалпақ сары көшіріне маузерін беріп: «Сәруарды ат», – деп бұйырады. Ол жылап: «Я не могу, Ваше благородие», – дейді. «Что не можешь?» – дегенде «Я живу на их

CD 03

Мәтінді тыңдап, «Ат – ер қанаты» деген нақылды дәлелде.

земле», – дейді. Біза болып, маузерін жұлып алған Крейгель Сәруарды өзі атады. Шығарма Төрехан мен Сәруардың қаза табуымен аяқталады.



Сәруардың тұтқындалуы

Шығарма басталған бетте «сол бір шілдеде» «бердеңкенің өңменінен балқып шыққан жалғыз оқ кәрілі-жас бұғананы қырқып қана суыды» деген сөйлем арқылы 1916 жылғы қанды қырғынды көз алдымызға елестетеді.

«Бесатар» – қарудың түрі, қазақтар маузерді «бесатар» деген. Бұл жерде бесатар – символ, яғни империялық патша өкіметінің қанды саясаты, озбырлығы, аяусыз таптауы, атып-шабуы деген мағынаны жүктеп тұр.

Тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелді 20–30-жылдары қазақ әдебиетінде Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабаев сияқты қаламгерлердің «Қарсылық әдебиетінің» негізін қалағанын айта келіп, Асқар Сүлейменовті тоталитарлық идеологияға қарсы шыққан солардың ізбасары ретінде қарастырады. Осы пікірді жазушы Смағұл Елубай да қостайды: «Қазақтың қарсылық қозғалысының Асқар Сүлейменов сияқты көрнекті өкілдері қағазға ғана жүгінді. Қарсылығын солай білдірді. Сөйтіп барып «Бесатарды» қолға алды. «Бесатар» қызыл империяға қарсы атылған оқ болатын».



Зерделі ой

Асқар Сүлейменов қалыптастырған ортаның бізге ерекше ұнайтын мінезі бар еді. Олар жастарға ерекше ықылас-пейілді болатын. Қашан болсын, әсіресе, өнер қуған жастармен риясыз әңгімеге дайын тұратын.

Таласбек Әсемқұлов



Пікірлесейік

1. Шығарманың сюжеті қалай құрылған?
2. Повесть мазмұнында не туралы айтылады?
3. Шығарма кейіпкерлерін ата.
4. Повесте әке мен баланың қарым-қатынасы қалай көрінеді?



Себепін анықта

1. Не себепті шығарма «Бесатар» деп аталады?
2. Неліктен жазушы жылқыны ерекше суреттеген?
3. Сәруар неге өз еркімен қолға түсті?
4. Не себепті автор Иноземцев пен Крэйгельді қазақ халқының әдет-ғұрпын жақсы білетін жан ретінде суреттейді? Мақсаты не?



Тобыңда талдап көр

1. Шығарманың композициясы мен жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдаңдар.
2. «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы топпен жазушы стилінің ерекшелігіне шығармадан дәлелді үзінді келтіре отырып, сөйлемдерді жалғастырып, тұжырымды ойларыңды айтыңдар.
3. Повесть мазмұны бойынша «Үш түрлі күнделік» толтырыңдар. Жұмыс нәтижесін топта талдаңдар.

Шығармадағы ерекше әсер еткен, ой салған үзінді немесе дәйексөз	Бұл үзіндіні не дәйексөзді таңдауға қандай себеп болды? Осыған байланысты қандай сұрақтар туындады?	«Мұғалімге хат» – сұрақтар

4. «Тыңдайтын үшбұрыштар» әдісімен үш адамнан (спикер, сұхбат алушы, хатшы) тұратын шағын топтарда жұмыс істеңдер. Спикер мұғалімнің нұсқаулығы бойынша шығарманың тарихи және көркемдік құндылығы туралы өз ойымен бөліседі. Сұхбат алушы мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды. Хатшы оларды бақылайды және спикерге де, сұхбат алушыға да кері байланыс береді.



Дәптеріңе жаз

1. Повесте көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан қалай ашуға болады? Ойыңды дәлелдермен дәйекте.
2. «Ақпаратты сүзу» әдісімен көркемдегіш сөздерден тұратын сөйлемдерді сүзіп алып, жазып шық. Көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықта.
3. Жазушы шығармашылығы туралы «FILA» кестесін толтыр.
F / Дерек/ – тақырыптан қаламгердің шебер жазушы екенін көрсететін деректер жинау;
I / Пікір/ – повесть туралы өз ой-пікірің;

L / Сұрақ/ – автордың шебер жазушы екенін ашатын сұрақтар;
 A / Іс-әрекет/ – жазушының қолданған тәсілі.



Түйінде

1. Повестьтің негізгі кейіпкерлері туралы кесте толтыр.

Шығарма кейіпкері	Портреті	Мінезі	Іс-әрекеті

2. «РАФТ» әдісімен бір рөлді алып, повесть туралы ойтолғаныс жаз.

Рөл	Аудитория	Факт (дәлел)	Тақырып

3. Автор бейнесін шығарманың негізгі идеясымен байланысты айқындап, түйінде.



Қалай ойлайсың?

1. Романдағы және әлем әдебиетіндегі құндылықтар қалай үйлеседі?
2. Асқар Сүлейменов қандай әдеби әдістер арқылы повесте бір күндік оқиғаны көрсете алады?
3. Жазушының ұлы Әлішер Асқарұлы: «Әкем екеуіміздің қарым-қатынасымыз ұстаз бен ізбасар ретінде қалыптасты. Бұл жерде әке кім, ұстаз кім, ізбасар кім – соған мән берген сияқты. Ол мені ізбасары ретінде тәрбиеледі. Көп нәрсені әкем қабағымен-ақ ұқтыратын», – деген екен. Неліктен? Қайсысының жауапкершілігі салмақты?



Үйде орында

1. Повесть туралы әдеби эссе жазу үшін шығарма құрылымы туралы флипчартта жинақтап, «БҚТЗО» кестесін толтыр.

Б	Повесть туралы не білемін?	
К	Нені білгім келеді?	
Т	Көбірек ақпаратты қайдан табамын?	
З	Нені зерделеуім керек?	
О	Одан әрі не істеуім керек?	

2. Кестені толтырғаннан кейін, ойынды қорытып, әдеби эссе жаз.
3. CD-дегі №1 қосымшаны үлгі ретінде пайдаланып, презентация жаса.



Білгенге маржан

- Шындық көп, ақиқат жалқы.
- Қоғамның кеселінің бір емі – оған тіке қарау.

- Экономикалық қауіпсіздіктің мәселесі, ең алдымен, ұлттық қауіпсіздіктің мәселесі.
- Тәрбиенің еркіндігі, еркіндікпен тәрбиелеу, еркіндікті тәрбиелеу – бұлар транзистордың антеннасындай бірінен-бірі шығатын ұғымдар.
- Қазақтың екі «жауы» бар. Бірі, дос жауы – Абай. Қалғандары – қас жауы.
- Ұлтжандылықты ауаның деңгейіне көтерген үш халық болса, екеуі – француздар мен поляктар, екі халық болса, тағы сол екеуі. Ұлтшылдықпен тыныстау – олар үшін табиғи нәрсе. Парижде қайтқан Шопеннің жүрегін Варшавадағы шіркеуге қоюға мирас қылғаны ұмыт қалмайды. Ал Американың жалауына шырылдауы қалай?
- Кем талант мүмкіндігінше, шын талант қалағанынша жазады.

Асқар Сүлейменов



Әдебиет теориясы

Қарсылық әдебиеті жалпы XX ғасырда Екінші дүниежүзілік соғысқа қарсылық жағдайында пайда болған антифашистік әдебиет ретінде қарастырылады. Алайда қазақстандық зерттеушілер орыс бодандығына қарсы «Зар заман әдебиетін», сондай-ақ XX ғасырдың 20–30 жылдары қазақ әдебиетінің сол кезеңдегі көрнекті өкілдері Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын да Қарсылық әдебиетке жатқызады.



Қолданып көр

А.Сүлейменовтің «Бесатар» повесінің Қарсылық әдебиетке жататынын дәлелде.



Эксперименттік тапсырма

Интернеттен «Зұлмат» фильмін қарап, CD-дегі №3 қосымшада берілген мәліметтерді оқып, басқа да дереккөздерден Созақ көтерілісін зертте. «Бесатар» повесіндегі оқиғаның Созақ көтерілісімен үндестігі бар екенін, оның әдеби, тарихи құндылығын дәлелдей отырып, өз сценарийіңді жаз.



Міне, қызық!

Асқар Сүлейменов орыс тілінде жазатын қаламгерлерді тоталитарлық дәуірге қарамастан, ұлттық рухқа баулыған екен, тіпті олардың үйлерінде домбыраның болғанын да қадағалапты. Домбырасы бар үйлерге кезекпен барып, әңгіме-дүкен құруды әдетке айналдырған екен.



Кітап – асыл қазына

1. Сүлейменов А. Бесатар. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2009.
2. Сүлейменов А. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2006.

«ТАРИХТЫҢ ШЕРТІП ПЕРНЕСІН» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

1. Тест тапсырмаларын орында.

С.Сейфуллин шығармалары:

- A) «Шағым»
- B) «Терме»
- C) «Жер қазғандар»
- D) «Таза бұлақ»
- E) «Домбыра»
- F) «Сыр сандық»
- G) «Көкшетау»

С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы – ... шығарма.

- A) Лирикалық
- B) Биологиялық
- C) Тарихи
- D) Өмірбаяндық
- E) Публицистикалық

С.Сейфуллиннің мектепке жазған оқулығы:

- A) Математика
- B) Тарих
- C) Қазақ тілі
- D) Әліппе
- E) Көркем әдебиет

С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңі не туралы?

- A) Достық
- B) Сандық
- C) Домбыраның пернесі
- D) Тауық
- E) Шың

І.Есенберлин қазақ әдебиетінде негізін салған жанр:

- A) Новелла
- B) Пьеса
- C) Тарихи роман
- D) Эссе
- E) Очерк

І.Есенберлиннің «Қаһар» романының кейіпкерлері:

- A) Алтыншаш
- B) Төрехан
- C) Бопай

- D) Кенесары
- E) Тайлан
- F) Ожар
- G) Есіркеген

I. Есенберлин қалам тартпаған әдебиет жанры:

- A) Поэма
- B) Пьеса
- C) Фантастика
- D) Өлең
- E) Очерк

«Көшпенділер» трилогиясында қазақ халқының неше ғасырлық тарихы баяндалған?

- A) 3
- B) 5
- C) 6
- D) 4
- E) 7

A. Сүлейменовтің төл шығармалары:

- A) «Жендеттер»
- B) «Кек»
- C) «Бесін»
- D) «Келіндер көтерілісі»
- E) «Айтыс»
- F) «Ситуациялар»
- G) «Бесатар»

A. Сүлейменовтің шығармашылығы жайлы жарық көрген кітап:

- A) «Парасат падишасы»
- B) «Адасқақ»
- C) «Бесін»
- D) «Шашылып түскен тіркестер»
- E) «Кек»

A. Сүлейменовтің Біржан сал өміріне арналған шығармасы:

- A) «Жетінші палата»
- B) «Адасқақ»
- C) «Бесін»
- D) «Бесатар»
- E) «Кек»

«А.Сүлейменовтің «Бесатары» – қызыл империяға қарсы атылған оқ» деген пікірді айтқан:

- A) Ә.Кекілбаев
- B) Ә.Бөпежанова
- C) А.Аханбайқызы
- D) С.Елубай
- E) М.Қойгелдиев

А.Сүлейменовтің Мемлекеттік сыйлық алған шығармасы:

- A) «Ситуациялар»
- B) «Адасқақ»
- C) «Бесін»
- D) «Бесатар»
- E) «Арғымақ пен шабандоз»

2. Бөлімдегі шығармалардың ұқсастығы мен ерекшелігін дәлелдеп, бөлімді түйінде.
3. «Тарихтың шертіп пернесін» деген тақырыпта С.Сейфуллин, І.Есенберлин, А.Сүлейменов шығармашылықтарын қамтып, презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

«Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады» деген Міржақып Дулатұлының пікірін пайдаланып, мәтінді талда.

Тарих – үздіксіз даму үстінде болатын ғылым. Өткенін білмей, қазіргісі мен болашағын бағалау мүмкін емес, қоғамның дұрыс бағытта дамуы үшін азаматтардың тарихи сауаттылығы мен белсенділігі орасан зор маңызға ие. «Тарихсыз халық жоқ» деген нақыл бекерге айтылмаса керек. Тарихын зерделеу арқылы тарихи сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады. Тарих болып жатқан оқиғаларды жан-жақты әрі тереңінен көре білу қасиетін дамытады және болашаққа дұрыс қадам жасауға жәрдемдеседі (*Қазақ энциклопедиясы*).

1. Мәтін қандай үлгіде жазылған?

- A) Естелік
- B) Хат
- C) Анықтама
- D) Өлең
- E) Өсиет

2. Мына сөйлемдердің қайсысы жоғарыда берілген мәтіннің мәнін ашпайды?
- A) Толған ел тарихын таспен жазады.
 - B) Елді ояту үшін тарихты ояту керек.
 - C) Тарихтың шертіп пернесін...
 - D) Өткендерін ескерген – өскендіктің белгісі.
 - E) Тәуелсіздік – тарих тұлпарының қос тізгіні.
3. Тарихтағы «ақтаңдақтардың» себебі неге байланысты?
- A) «Тарих» пәніне
 - B) Тастағы жазуларға
 - C) Мемлекеттегі саясатқа
 - D) Мұрағаттарға
 - E) Тарихшыларға
4. «Тарих» пен «болашақ» сөздерінің арасындағы байланысты сызықтық, тармақталған және циклдік алгоритмдердің бірін таңдау арқылы дәлелдеп көрсет.
5. Мәтінде сын есімнен жасалған туынды зат есім саны:
- A) 5
 - B) 2
 - C) 3
 - D) 1
 - E) 4
6. Мәтінде айтылмаған сөзді белгіле:
- A) Тарихи сана
 - B) Сабақтастық
 - C) Тарих тақтасы
 - D) Болашақ
 - E) Тарихи мәдениет

Мәтінді оқып, сұраққа жауап бер.

А.Байтұрсынұлы: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих. Тарихтың қызметі – бүтін адам баласының яки бүтін бір жұрттың, иә бір топтың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту. Түзу тарих түзу жасалуы керек», – деген екен.
Не себепті? Дәлелде.

II БӨЛІМ

ПАЙЫМ МЕН ПАРАСАТ

Арғы ата-бабалардан мұралықпен жететін тектілік, пайым-парасат, адамдық қасиеттерді ту етіп ұстағанда ғана адам баласының алмайтын қамалы, жеңбейтін қиындығы болмайды.

Мұхтар Кәрібай

Қасымды ешкімге ұқсата алмайсыз. Дәлірек айтқанда, Қасым ешкімге ұқсамайды, ешкім де Қасымға әлі күнге «ұқсай» алмай келеді. Қасымның асау рухы, бейнелік әлеміндегі қадам басқан сайын әрі өр, әрі «кішіпейіл», әрі дана, әрі «бала» сөз саптау, бейнелеу үлгілері – бұған дейінгі қазақ поэзиясында ұшыраспаған қисапсыз жаңалықтар.

Бекен Ыбырайым

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ



Қасым Аманжолов
(1911–1955)

Қасым Аманжолов қай өңірде туып-өсіп, білім алған?

Қасым Аманжолов 1911 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Қасым 5 жасқа толғанда әкесі қайтыс болады. Шешесі өмеңгерлік жолмен тұрмысқа шыққандықтан, ол аға-жеңгесінің қолында өсіп, шаруашылыққа ерте араласып, пісіп-жетіледі. Сөйтіп жүріп, сауатын ауыл мектебінде ашады. Қолына түскен бірлі-жарым кітапты құнығып оқығанын әрі өнерге жақын екенін көрген ағасы 1924 жылы інісін Семей қаласындағы мектеп-интернатқа орналастырады. Қасым онда 1927 жылға дейін болады. Одан әрі қарай үш жыл Семей малдәрігерлік техникумында оқиды. Тырнақалды өлеңдерін осы кезде жазады.

Қасым Аманжолов әдебиетке, өнер ортасына қалай келген?

1930 жылы Алматыға келіп, бір жыл «Лениншіл жас» газетінде жұмыс істейді. 1931 жылы Санкт-Петербургтегі орман шаруашылығы институтына түсіп оқиды. Бірақ денсаулығына байланысты елге оралып, Орал қаласында «Екпінді құрылыс» газетіне қызметке орналасады. 1933 жылы міндетті әскер қатарына алынып, оны сол Орал қаласында өтейді.

Ән-күйге, өнерге деген құштарлық Қасымды Оралда қазақ театр труппасын ұйымдастырып қана қоймай, оның көркемдік жетекшісі әрі әртісі болуға құлшындырған. Осы жылдар ақын өмірінде ұмытылмас, қызықты да аяулы шақтар болып, жадында жатталып қалады. Әншілік, әртістік қабілеті осы кезде айқындалып, әр алуан музыкалық аспаптарда: домбыра, мандолина, сырнай, скрипка, пианинода еркін ойнап, ақын шығармашылық ортада рухани есейеді. Бойында буырқанған дарыны айқын белгі беріп, өлеңдері жұртшылық назарына ілінеді.

Ақын қандай шығармалар жазды?

1938 жылы тұңғыш өлеңдер жинағы «Өмір сыры» деген атпен жарық көреді.

1939–1941 жылдар арасында жазылған «Нар тәуекел», «Дауыл», «Көкшетау», «Орамал», «Заула, заула, Түрксиб», «Сұлтанмахмұт туралы баллада» сияқты өлеңдері ақынның шығармашылық дәуірінің басталғанын айғақтайды. Бұдан соң оның «Ақын», «Чернышевскийге», «Хантәңірі», «Ақын соты», «Дүниеге жар», «Қаһарман», «Дүние қандай жап-жарық», «Сақыпжамал», «Күйім тасып барады, күйім тасып», «Күлемін де жылаймын», «Ғабдолға», «Қапанға», «Елге хат», «Нұрлы дүние», «Өзім туралы» сияқты өлеңдері дүниеге келді.

Ақын шығармашылығы жан-жақты, көп салалы. Қасым Аманжолов – соғыстан кейінгі қазақ әдебиетінің дамуына айтарлықтай үлес қосқан XX ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті қайраткерлерінің бірі, сонымен қатар журналист, композитор, аудармашы.

Лирикалық өлеңдерімен қатар кең көлемді «Жамбыл тойында», «Құпия қыз», «Біздің дастан», «Бикеш», «Боран», «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэмалары да бар.

Қ.Аманжолов қаламынан сонет, балладалар («Отан күзетінде», «Байкал», «Мартбек», «Сырттан», «Сұлтанмахмұт туралы баллада»), өлеңмен жазылған очерк («Бейсекештің бес ұлы»), фелъетондар («Семейдің театрында», «Панасыз кемелер, ұқыпсыз төрелер» т.б.) да туды. «Дариға, сол қыз», «Өзім туралы» әндері ел арасына кеңінен таралды.

1941 жылы майданға алынып, соғыс аяқталғанша басқа жауынгерлермен бірге жауға қарсы ерлікпен күрескенін мына шығармаларынан білеміз: «Елге хат» (бес бөлімнен тұратын ұзақ толғау), «Ұлы күтіс», «Үстімде сұр шинелім», «Подполковник Әлпинге», «Қапанға», «Сәбитке», «Ғалиға жауап», «Қызғалдақ», «Сен фашистің, мен қазақпын». Ақын шығармашылығының шыңы, қазақ поэзиясының алтын қорына қосылған қастерлі мұрасы – «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы да соғыс кезінде туады. Поэмадағы басты кейіпкер – ақынның досы Абдолла Жұмағалиев. Осындай аяулы досының өлімі ақынды қатты тебіренгені сөзсіз. Өмір мен өлім бетпе-бет келген қан майданда, миллиондаған адамның тағдыры қыл көпірде тұрған шақты суреттеуде ақынның тебіренісі орасан қуатпен көрінген.



Зерделі ой

Қасым – мәңгілік. Халқы бар жерде Қасым бар. Оның өлеңдері әлі талай жүректерді жаулап, түлектерді баулып қанаттандырады. Нағыз өлең, нағыз жыр періштенің үні десек, соның бір мысалы – Қасым. Уақыт өткен сайын биіктеп асқақтайды, құпия сыры одан сайын көрініп айқындалады. Тереңге көз салған ұрпақтар телегейтеңіз поэзия құдіретін аңғарып сүйінері ақиқат. Оның дауысы бүгінгі тәуелсіздікпен үндесіп тұр. Бәрін алыстан болжағаны, дүниеге әлі талай Қасымдардың келетінін әулиелік түйсікпен білгені қандай керемет! Нағыз ақынды ешнәрсе тұсамайды, тұншықтыра да алмайтыны ақиқат.

Қасым поэмасы майданнан соққан жаңа леп сияқты... Алыста отырып, соғыстың өзін көргендей боласың.

Ғабит Мүсірепов

Майдан етіп дүние төрін,
Темір болат қақтап отқа.
Бетпе-бет кеп өмір, өлім,
Соққыласып жатқан жоқ па? –

деп, бірден шарықтаған өр дауыспен, асқақ пафоспен басталған поэма аяқталғанша осы шырқау биіктен бір де төмендемейді. Романтикалық серпін, реалистік қуат майдан даласындағы арпалысты көз алдымызға әкеледі.

Қаламгер аударма саласында да өзінің баға жетпес қолтаңбасын қалдырды. Ол Т.Г.Шевченко, Ш.Руставели, В.В.Маяковскийдің өлеңдерінен басқа Г.Низамидің «Ләйлі мен Мәжнүнін», А.С.Пушкиннің «Полтава», М.Ю.Лермонтовтың «Маскарад», А.Т.Твардовскийдің «Василий Теркин» поэмаларын қазақ тіліне аударды.

Бүгінгі таңда Қасым Аманжолов шығармалары бауырлас халықтар тіліне аударылып, қазақ халқының ғана мақтанышы емес, сонымен қатар тілегі бір басқа елдердің де рухани байлығының көзіне айналды деуге болады. Ақын сөзімен айтқанда:

Барым да, бақытым да осы өлеңім,
Жақыным, жүрегімнің досы – өлеңім.
Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа,
Мен қайтіп босқа жасап, босқа өлемін.



Зерделі ой

Қасым өлеңдерінде автордың мінезі айқын байқалатын «Нар тәуекел, құлаш ұрдым қиынға», «Көкшетау», «Елге хат» сияқты толып жатқан өлеңдерінен ержүрек, өжет адамның ерлігі есіп тұрса, «Туған ел» сияқты өлеңінен дарқан еркіндікті сезінесіз. «Күлемін де жылаймын», «Өзім туралы» деген өлеңдерден терең толғанатын ойшыл мінез танысаңыз, «Ғалиға жауап», «Ағайға» деген өлеңдерін оқығанда мейірімі мол, жанашыр, аса бауырмал жанмен сырласқандай боласыз. Ақ жарқын, әзілқой, ойнақы жырлары және көп... Ақынның адал, шыншыл мінезі өзімен бірге өлген жоқ, тамаша өлеңдерінде жүр.

Тахауи Ахтанов



Пікірлесейік

1. Қ.Аманжоловтың балалық шағы қалай өтеді?
2. Қ.Аманжолов поэзиясының тақырыбы қандай?
3. Ақын қазақ әдебиетіне қандай үлес қосты?
4. Ақын кімдердің шығармаларын қазақшаға аударған?



Себебін анықта

1. Ақын неліктен орман шаруашылығы институтынан шығып кетеді?
2. Қ.Аманжоловтың жастық шағы не себепті Орал қаласында өтеді?
3. Ақын шығармашылығы неге жан-жақты, сан салалы?



Тобыңда талдап көр

«Ашық микрофон» әдісі бойынша «Дариға, сол қыз» өлеңінің үзіндісін дауыстап оқып, ырғақ түрімен де, заман шындығын, лирикалық кейіпкердің тебіренісін бейнелеу ерекшелігімен де сол кезеңдегі айрықша жаңалық болғанын талдап, дәлелдеңдер:

Оқ тиді келіп,
Қайратым кеміп,
Барамын сөніп,
Келмейді өлгім!
Тұрғандай сол қыз
Жаныма келіп.
Талпына берді,
Қайран жас көңілім!
...Арманым бар ма,
Өлсем бір көріп,
Қайда екен, қайда,

Дариға, сол қыз?!
«...Келмейді өлгім,
келмейді өлгім.
Қайратым қайда,
Келші осындайда!» –
Дедім де тұрдым,
Жүгіре бердім...
...Келемін қайтып,
Өлеңімді айтып,
Қайда екен, қайда,
Дариға, сол қыз?!



Дәптеріңе жаз

«Ромбтық жіктелім» тәсілімен Қ.Аманжолов шығармаларының ерекшеліктерін саралап, аннотация жаз.



Түйінде

«Зерде» тәсілі бойынша Қасым Аманжоловтың шығармашылық жолы қысқа болса да, оның туындыларының әлі күнге дейін халықтың сүйіспеншілігіне ие болып келе жатқанын саралап, түйінде.

Білім	Тақырып бойынша алған ақпараттарым
Эмоция	Менің көңіл күйім
Баға	Автордың шығармашылығына берген бағам
Сын	Автор шығармаларының мен үшін маңызы
Идея	Оқырман ретінде автор шығармаларын насихаттауға ұсынатын идеям



Қалай ойлайсың?

Ақын «Дүниеге жар» деген өлеңінде неге

Ей, тәкаппар дүние!
Маған да бір қарашы.
Танисың ба сен мені?
Мен қазақтың баласы! –

дейді? Кімге, не туралы жар салған? Дүние неге оған тәкаппар болып көрінеді?
Қазіргі қазақтар мен Қазақстан туралы әлемге сен қандай жар салар едің?

CD 04

«Дүниеге жар» өлеңін тыңдап, ақынның қандай мәселе көтергеніне назар аудар.



Qazaqstan TV / Қазақстан Ұлттық Арнасынан «Қасымның әндері-ай!» деп аталатын Қ.Аманжоловтың шығармашылығына арналған кешті тамашалап, кестені толтыр.

Қасым – композитор	Қасымның талантты композитор екеніне 3 дәлел келтір	3 дәлелге 3 факті келтір



Білгенге маржан

Қасымның ағасы Ахметжанның үйіне жиі жиналатын өнерпаздардың, қаламгерлердің сұхбаттары, қызық-думаны сергек ойлы, сезімтал баланың назарын аудармауы мүмкін емес еді. Әміре, Майра секілді әншілер, Иса сияқты атышулы ақын, Мұқаметқали Дауылбаев сияқты талантты, жас скрипкашылардың сауық құруы, Мұхтар Әуезов, Сәбит Дөнентаев сияқты сол тұста-ақ танылған қаламгерлердің келуі – бәрі болашақ ақынның өнерге, өлеңге деген ықыласын, ынтасын, құштарлығын арттырғаны сөзсіз. Өнерпаздарға еліктеп домбыра, скрипка үйіренумен бірге өлең де жазып, бірлі-жарымын С.Дөнентаевқа ұсынғанымен, ол «тіл жағынан ұнатпапты». (Қ.Аманжолов. *Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1957. 3-том, 413-бет*)



Міне, қызық!

Шешесі Айғанша аздап ән салады екен, «Қыз Жібек» секілді жырларды жатқа айтқан. Соның әсері ме, анасының айтуына қарағанда «Қасым жылағанда бесікті сықырлататын, жеті айда жүріп кеткен мазасыз бала болған». «...Таңертең ерте үй іші ұйықтап жатқанда тұрып алып, далада үй айналасында жападан-жалғыз ойнап жүреді, жалғыз сиырдың қара бұзауымен ойнап, өзімен-өзі болып өлең айтатын. Көп балалардың тобына қосылмай, оңаша жүруді ұнататын. Балалардың ұрыс-жанжалына жоламайтын». (Қ.Аманжолов. *Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1957. 3-том, 410-бет*)



Кітап – асыл қазына

1. Аманжолов Қасым Рақымжанұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1-т. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 335 – 336 б.
2. Аманжолов Қасым Рақымжанұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы. – Алматы: Қаз. сов. энцикл., 1990. – 101 б.

«Өзім туралы» өлеңі

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,
Жүрегім жалын атқан сөз дайында...
Қасым Аманжолов

Қ.Аманжолов поэзиясы өршіл романтизм, биік пафос, азаматтық идеясының айқындығымен ерекшеленеді. Ақынның «Өзім туралы» өлеңі өзінің өткен өміріндей, өмірлік кредосындай. Ол осы өлеңі арқылы келер ұрпаққа сыр айтып, өсиет қалдырып кеткен:

Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап,
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап.

Жүзінде көрі жердің әжімі көп,
Ізімді табарсыңдар өзер іздеп,
Оқырсың сонда мүмкін бұл жырымды:
«Досың да, туысың да біздерміз», – деп.

Онысы соңынан жақсы жыр қалдырсам екен деген жалын жүректің ұшқынындай сезіледі:

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,
Жүрегім жалын атқан сөз дайында,
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді,
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да...
–деп, өз көрерменін үлкен оқиғаға дайындайды.

Аманжол, Рақымжанның Қасымымын,
Мен қалған бір атаның ғасырымын,
Біреуге жұртта қалған жасығымын,
Біреуге аспандағы асылымын.

Өлеңдегі лирикалық кейіпкер өзіне әрі оқырманына сауал тастайды, болашағына болжам жасайды:

Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде,
Қай жерде үзіледі қайран сапар?
Түйін боп өмірімнің бір шетінде.

Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,
Жоғалып жер бетінен сүрлеу-соқпақ,
Немесе бастармын ба екінші өмір,
Жалынды жыр жолында қызыл шоқ қап.



Қасым ақын оқырмандары арасында

Қ.Аманжолов – өз кезеңінің, қазіргі уақыттың, тіпті келешектің де ірі ақыны. Оның әр жыры – қазақ жырының тарихындағы ірі жетістік. Өткенімізді іздесек, біз Қасым Аманжоловтан анық табамыз. Өйткені ақын «ертеңге тиген дауылдай» жырларымен өшпес із қалдырған, қазақ поэзиясында Абай дәстүрін жалғастырып, дамытушы. Ерлік пен өрлікті парасатты поэзиясына ту еткен. Бұл туралы ақиық ақын Мұқағали Мақатаев былай деп түйіндейді:

Дейсіңдер-ау, Қасымның несі басым,
Қасым солай болмаса, несі Қасым?
Ақынмын деп қопаңдап жүргендердің
Әммесінен Қасымның десі басым.



Зерделі ой

Алды-артында ешкімі болмаса, Қасым да бақытсыз болар еді. Қасым – бақытты ақын. Тай-құлындай тебісіп бірге өскен, бірін-бірі қамшылап, өлеңді жарыса жазған, өздерінің жақсысын көлденең тартпай, Қасекеңді ылғи да ұстап, аялай білген құрбы-құрдастарының көбі қазір арамызда жүр. Қасекеңнің өлеңін өзінен де жақсы білетін және жақсы көретін өнер бәйгесінде алдына бір, артына бір шығып, шарқ ұрып жүрген ізбасар інілері және бар. Қасым – солармен Қасым. Бір орыс ақынының жазғаны барды: «Қанша ұлы болғанымен Пушкин тұтас бір дәуір бола алмайды. Тұтас бір дәуір болу үшін оның қасында Грибоедов пен Крылов, Тютчев пен Баратынский, Гоголь мен Жуковский, Карамзин мен Гончаровтар болуға керек». Бұл жағынан қарағанда, Қасекең Махамбет пен Абайдан да бақыттырақ. Аманжолов деген – асқар тау. Оны ешқандай бұлт бүркей алмайды, қалай айтсаң да, ол тау аласармайды.

Сағи Жиенбаев

Қаламгер Бекен Ыбырайым да Мақатаевтың сөзін растап, Қасым Аманжоловтың шығармашылығын былайша талдап көрсетеді: «Қасым Аманжолов қазақ әдебиетіне, сол арқылы әлем поэзиясына көркемдік ойлаудың адамзат тарихында бұған дейін болмаған жаңа құбылыстар, тың толқыныстарды әкелді. Болмысты сезіну мен бейнелеудің, көркемдік тәжірибенің адамзатты байытатын жаңа типін тарту етті. Ендеше, Қасым Аманжолов – ұлы ақын. Қасымнан кейін дүниеге келген ақындардың ішінде оған бас имеген, тағзым етпеген ешқайсысы жоқ».

«Өлемін деп емес», «ұқсата алмай келемін» деп өкінетін ақын «өзіммен бірге өлмесін өлеңім» деп, «күніне жүз ойланып, мың толғанады», себебі ақынның «бары да, бақыты да – өлеңі».

Ақынның өз энергиясындай өлеңі де мықты:

Гүрлдеп жалын атқан кеудем-көрік,
Сөз соғам құлашымды еркін керіп.
Суарып шынықтырам күйге малып,
Болсын деп әрі әдемі, әрі берік.

«Құя алман үгітілген балшық өлең», – деген ақын-ұстаның кеуде-көрігінен соғылып, суарылып, шынығып шыққан жырлары мәңгілік, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып кете береді. Оны өзі де сезіп кетті:

Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.
Өртке тиген дауылдай өлеңімді
Қасымның өзі емес деп кім айтасың!



Зерделі ой

Ақын шығармаларында жан дірілін, шыңырау сырдың тұңғиығын шарлайтын, замана шері мен қоғам құбылыстарын, тарих толқындарын барлайтын терең сезіну бар. Нәзік лиризм мен көкжиекті қамтыған эпикалық байтақ әлем, философиялық тамырлар біте қайнасып, тұтасып жатады. Мұның бәрі – ақындық шеберліктің ғана емес, ең алдымен, ақындық табиғаттың, интеллектуалдық тереңдіктің нәтижесі. Зерделі, есті, асау рух, сол рухтан нұр алған, сол рухпен суарған, сол рухтан ту алған шығармалар – «көрнектілену» үшін де емес, көсемсу үшін де емес, көкіректегі шежіре-шерді немесе басқа да әрқилы тебіреністерін жеткізуге деген табиғи қажеттілік, табиғи ықылас.

Бекен Ыбырайым



Пікірлесейік

1. Өлең кімге арналып жазылған? Өлеңнің құрылысы қандай?
2. Өлеңде көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдары қандай қызмет атқарып тұр?
3. Қазақ поэзиясында осы өлеңмен үндес шығарма бар ма?



Себебін анықта

1. Не себепті ақын өлеңін: «Өзім туралы» деп атаған?

2. Неліктен автор: Сондықтан әпкел бері домбырамды,
Кеудеме күй қанатты қондыр әнді.
Берейін өмірімнен өлең жасап,
Шашайын оңды-солды сол мұрамды, –

деген? Үзіндіні ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, ақынның көзқарасын анықта. Интернеттен О.Рубальскаяның «Я сама себя нашла» деген өлеңін оқып, екі ақынның шығармашылық портретін салыстыр.



Тобыңда талдап көр

Өлеңдегі заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстыра талдап, бағалаңдар. «Кейс-стади» әдісі бойынша өлеңді кезекпен бөліп-бөліп оқыңдар, қалғандарың талқылау жасап, өз ойларыңды ортаға салыңдар.



Дәптеріңе жаз

Талантты ақындар қандай болу керек? «Сканерлеп оқу» әдісі бойынша өлеңнен 5 мысал келтіру арқылы ойыңды дәлелдеп, жинақы мәтін жаз.



Түйінде

Өлеңнің тілін, көркемдік және жанрлық ерекшелігін айқындап, ойыңды аннотация жазу арқылы түйінде.



Қалай ойлайсың?

1. Ақынның өзі туралы өлең жазуы өзімшілдікке жата ма?
2. Өлеңде автор бейнесі мен шығарманың негізгі идеясының байланысы қалай көрініс тапқан?



Үйде орында

1. «Өзім туралы» өлеңін «креативті жазу» әдісімен қара сөзге айналдыр. Ақынға еліктеп, өзіңнің өмірлік кредонды жаз.
2. CD-дегі №1 қосымшаны үлгі ретінде пайдаланып, презентация жаса.
3. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің ерекшелігі жайлы пікір жаз.



Білгенге маржан

«Мен» тұжырымдамасы – адамның өзі жайлы біршама тұрақты, азды-көпті мәні бар түсініктерінің жүйесі.

«Мен» тұжырымдамасы негізінде жеке адам өзгелермен қарым-қатынас жасап, өзіне деген көзқарасын қалыптастырады. Адам бойындағы «мендік» қасиет адамның іс-әрекеті мен әлеуметтік ортамен қарым-қатынас жасауы барысында қалыптасады. Кез келген адамның өз «менін» айыра алуы тұлғалық қасиеттің өзекті белгісі болып

табылады. «Мен» тұжырымдамасы әлеуметтік өзара іс-қимылдың алғышарты мен салдары бола тұра, әлеуметтік тәжірибе барысында анықталады.

Оны құрайтындар:

- шынайы «мен» (осы шақтағы өзі туралы түсінік);
- идеалдық «мен» (өзінің пікірі бойынша, субъектінің моральдық нормаларға бағдар алғанда қандай болуға тиіс екендігі);
- серпінді «мен» (субъектінің қандай болғысы келетіндігі);
- фантастикалық «мен» (егер мүмкін болса, субъектінің қандай болуды армандайтындығы) т.б.

«Мен» тұжырымдамасының қалыптасуы адамдар арасында қызмет алмасу жағдайында жүреді, оның барысында субъект «басқа адамға айнадағыдай көрінеді» және сол арқылы өз «менінің» бейнесін сақтап, айқындайды және түзетеді.

Психологиялық сөздік



Әдебиет теориясы

Риторикалық сұрау (лепті сұрау) – ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту. Өлеңде қойылған сұрақтың жауабын оқырман өзі біліп отырады. Риторикалық сұраулы сөйлем жауапты қажет етпейді.

Әдебиеттану терминдер сөздігі



Қолданып көр

Риторикалық сұрауы бар өлең жолдарынан мысалдар жаз.



Шығармашылық тапсырма

Қосымша дереккөздерге сүйеніп, ақын өмір сүрген кезеңге тарихи зерттеу жүргізіп, бейнематериал дайында. Қасымда ақындық көзқарастың туындауына қандай жайттар әсер етті?

Эксперименттік тапсырма

Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңін Махамбеттің «Мен, мен едім, мен едім» өлеңімен салыстырып, оларда ортақ ой барын дәлелдеп, ғылыми жоба жаз.



Кітап – асыл қазына

1. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушылар: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса. Алматы: Ан арыс, 2009.
2. «Қазақстан жазушылары: XX ғасыр». Анықтамалық / – Алматы, 2004.

Біз өле-өлгенше қазақ тілі үшін күресеміз. Мәңгілік Ел болудың кепілі ұрпағымыздың ана тілін білуінде жатыр. Ана тілін ұмытқан халықтың өз-өзінен жер бетінен өшіп, жоғалып жатқанын көз көріп отыр. Бүгінгі ұлттың ұраны – Мәңгілік Ел болу.

Смағұл Елубай

СМАҒҰЛ ЕЛУБАЙ



Смағұл Елубай
1947 жылы туған

Смағұл Елубай қай жерде туып-өскен?

Смағұл Абатұлы Елубай 1947 жылы Түрікменстан Республикасының Шаржоу облысы Керкі ауданында дүниеге келген. Жазушының ата-бабасы XX ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық кезінде Ақтөбе облысы Байғанин ауданынан Қарақалпақстан аумағы арқылы өтіп, Түрікменстанға қоныс аударған. 1961 жылы оның әке-шешесі Қазақстанға оралды.

Жазушы қай жерде білім алып, қызмет істеді?

С.Елубай Алматы қаласындағы №12 мектепте оқиды. 1971 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетін бітіреді.

Еңбек жолын 1971 жылы Шығыс Қазақстан облысының аудандық газетінде тілші болып бастаған. 1972 жылы кино жүйесіне ауысады. 1974–1975 жылдары Мәскеудегі сценаристер мен режиссерлер дайындайтын Жоғарғы курста дәріс алғаннан кейін 1976–1992 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында бас редактордың орынбасары, 1992–1995 жылдары республикалық «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналының бас редакторы, 1995–2004 жылдары Прагадағы «Азаттық» радиосының журналисі, 2008–2010 жылдары «Қазақфильм» киностудиясының бас редакторы қызметтерін атқарады. 2010 жылдан бастап Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино тарихы және теориясы» кафедрасында профессор.



Зерделі ой

Талантқа ең керекті екі нәрсе: еңбек және батылдық. Смағұл Елубаевта осының екеуі де түгел, тұтас. Өзге шығармаларын өз алдына қойғанда, Смағұл аз жыл ішінде үш роман жазды. Бұлар – күн демей, түн демей, ұзақ сарылған еңбектің жемістері. Ал батылдыққа келсек, үш роман да («Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние») қаламгердің қайсар батылдығынан, керек десеңіз, тіпті батырлығынан туған.

Зейнолла Қабдолов

Қаламгер қандай туындылар жазды?

Жазушының кітаптары: «Ойсылқара» (1972 ж.), «Саттар соқпағы» (1974 ж.), «На свете белом» (1982 ж.), «Жарық дүние» (1978 ж.), сондай-ақ «Ақ боз үй» (1990 ж.), «Одинокая юрта», «Мінәжат» (1992 ж.), «Жалған дүние» (2000 ж.), «Бранный мир» (2000 ж.) романдары, «Қиямет-қайым ғасыры» (2015 ж.) ойтолғауы, «Век страшного суда», «Ақ боз үй» (2017 ж.) 2 томдық таңдамалы, «Lonely yurt» (2016 ж.) ағылшын тілінде, «Una yurta solitaria» (2018 ж.) испан тілінде, «Arasat meidany» (2017 ж.) түрік тілінде жарық көрді.

«Ақ боз үй» («Одинокая юрта») романы қазақ және орыс тілдерінде бірнеше рет басылды. Жазушының осы романына ашаршылық жылдардағы нәубеттің көріністері арқау болған.

С.Елубай кітапты жазар алдында ата-бабасының жүрген жерлерін аралап, сол заманның куәгерлерімен жүздеседі. Шығарма оқырманды сол уақытқа алып барып, тарихтың еншісінде қалған нақты шындықтарды көркем тілмен баяндап, кейіпкерлердің мұңдасына, сырласына айналдырады. Әрбір оқырман кітапты жүрегі тіліне оқи отырып, оқиғаны өзі бастан кешіргендей әсер алатыны сөзсіз. Бұл роман 1985 жылы жазылып біткенімен, сол кездегі баспалардың қай-қайсысы да идеологиядан жасқанып, басып шығаруға келіспеген. Тіпті кітаптың шығуына қарсы жабық рецензиялар ұйымдастырылады. Кеңес үкіметі құлағаннан кейін ғана кітаптың жарыққа шығуына мүмкіндік болады.

«Мінәжат» және «Жалған дүние» шығармалары – «Ақ боз үй» романының жалғасы. Жалпы жазушының әр туындысы қазақ халқының тарихымен байланысты.

Смағұл Елубай неше көркем фильмнің сценарийін жазған?

С.Елубай: «Қызыл отау» (1982 ж.), «Ай астындағы үй» (1983 ж.), «Өтелмеген парыз» (1983 ж.), «Сұрапыл Сұржекей» (1992 ж.), «Батыр Баян» (1992 ж.), «Кек» (2004 ж.), «Аңшы бала» (2012 ж.), «Алмас қылыш» (2016 ж.), «Қазақ хандығы» телесериалы (2016 ж.), «Оазис» (2016 ж.), «Бала ғашық» (2018 ж.), «Алтын тақ» (2019 ж.) көркем фильмдерінің сценарийлерін жазған.

Жазушы «Сұрапыл Сұржекей» фильмі үшін Ашхабадта өткен ТМД кинофестивалінің бас жүлдесін, «Аңшы бала» фильмі үшін Голливудта өткен IFFF кинофестивалінің бас жүлдесін, мәдениет саласындағы Мемлекеттік грантты, қазақ «Пен-клубы» сыйлығын алды. 2013 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен марапатталған.



Зерделі ой

Смағұл Елубай – қазақ прозасының кәсіби деңгейінің өсуіне үлкен үлес қосқан жазушы. Жазушы қаламынан туған көркем туындылар идеялық-көркемдік, рухани тұрғыдан да, таным тарапынан да маңызды шығармалар болып табылады. Сан алуан тақырыпты арқау еткен шығармаларының тіл кестесі де көркем де бейнелі.

Гүлсім Елемесова, Ботагөз Құралқанова



Пікірлесейік

1. С.Елубай қай жерде дүниеге келген?
2. Жазушы туындыларының тақырыбы қандай?
3. Қаламгер кітаптарын жазғанда елдегі жағдай қандай еді?
4. Қандай шығармалары өзге тілге аударылған?



Себепін анықта

1. Жазушының ата-бабасы не себепті басқа елге қоныс аударады?
2. «Ақ боз үй» романы неліктен бірден басылып шықпады?



Тобыңда талдап көр

С.Елубайдың шығармашылығын талдап, «FILA» кестесін толтырыңдар.

F / Дерек/ – тақырыптан қаламгердің шебер жазушы екенін көрсететін деректер;

I / Пікір/ – шығармалары туралы өздеріңнің ой-пікірлерің;

L / Сұрақ/ – автордың шебер жазушы екенін ашатын сұрақтар;

A / Ис-әрекет/ – жазушының қолданған стилі.



Дәптеріңе жаз

С.Елубай туралы білгеніңді «Түртіп алу» кестесіне толтыр.

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырды»



Түйінде

Смағұл Елубай портретін ұлттық мүддені көздеген қаламгер ретінде түйінде.



Қалай ойлайсың?

Қаламгер не себепті ашаршылық туралы жазған? Қандай себебі бар деп ойлайсың?



Үйде орында

Интернеттен жазушы сценарийі бойынша түсірілген фильмдердің бірін көріп, автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын дәлелдей отырып, аннотация жаз.



Біз журналистикада оқып жүргенде факультеттің қабырға газетінде Смағұлдың «Бұралқы» деген әңгімесі жарияланды. Шағын ғана әңгімеде бір иттің көшеде қаңғып жүріп, қалай аштан өлгендігі баяндалады. Бас-аяғы жұп-жұмыр, әдемі әңгіме. Болашақ жазушылық үлкен жолдың бастауы іспетті. Жабыла оқып, Смағұлды қуана құттықтастық. Бірақ қуанышымыз ұзаққа созылмады. Аяқ астынан шу шығып, факультетте әлгі әңгімені талқылау жиналысы өтті. Талқылауда әлдекімдер сөйлеп: «Бұл әңгіме Совет өкіметіне қарсы жазылған. Смағұлдың қаңғыбас ит деп меңзегені кім? Совет адамын бұралқы итке теңеп отыр», – деп соқты. Оқуға жаңа түскен біздер аң-таңбыз. Смағұлды іштей аяғанымызбен, қорғап сөйлеуге ешқайсымыздың батылымыз да, ақылымыз да жетпеді. Мұғалімдер де үнсіз. Сол сәтте орнынан Баққожа (Мұқай) көтеріліп, бұл әңгімеге соншама саяси астар беріп, тырнақ астынан кір іздеудің реті жоқтығын, зоологиялық үрдістегі мұндай шығармалар үлгісі әлемдік әдебиетте бар екендігін айтып, Смағұлға араша түсті. Манадан не істерін білмей түнеріп отырған деканымыз марқұм Тауман Амандосов та арқасынан ауыр жүк түскендей сілкіне сөйлеп, болмашыдан бәле іздеудің аяғы жақсылыққа апармайтындығын айтып, шыр-пыр болды. Ұзаққа созылған талқылаудың аяғы Смағұлға сәгіс берумен тынды.

Несіпбек Айтұлы



Шығармашылық тапсырма

Өздерің төменгі сыныптан білетін Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы мен Смағұл Елубайдың сценарийі бойынша түсірілген «Батыр Баян» фильмін салыстыра, талдаңдар. Мазмұны мен идеясында алшақтық бар ма?



Міне, қызық!

Смағұл Елубай 1982 жылдан бастап Алматы қаласының батыс жағындағы Ақсай деген жердегі бір бұлақтың басына шопан ағасының киіз үйін тігіп қойып, үш жаз бойы жалғыз жатып, 30-жылдардағы ашаршылық жайлы «Ақ боз үй» атты тұңғыш романын жазған.



Кітап – асыл қазына

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
2. Ақ боз үй: роман, әңгімелер / С.Елубаев. – Алматы: Жазушы, 2011.

«Жалған дүние» романы

CD 05

Метінді тыңдап, «Қазақстан тарихы» пәнінен алған білімдеріңе сүйеніп, ашаршылық кезеңді сипатта.

Арман-ай,
өтеді дүние жалған-ай...

Халық әні

1917–1990 жылдар аралығы тарихта Кеңес өкіметінің кезеңі ретінде қалды. Бұл кезеңде коммунистік партия деп аталған бір ғана партия болды. Осы партия бүкіл жауапкершілікті, билікті өз қолына алып, халықты уысынан шығармай ұстады. Кеңес өкіметіне, партияның ұстанған саяси бағытына қарсы келген бірде-бір шығарма жарыққа шықпайтын, ал қарсы тұрған адам аяусыз жазаланып, құлдық сананың құрбанына айналып отырған. Сондықтан ешкім бел шешіп, бұл жүйеге қарсы тұра алмайтын. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл кезең тоталитарлық дәуір деп атала бастады.

Жазушы Смағұл Елубай осы дәуірдің шындығын баяндайтын трилогия – «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние» деп аталатын романдарын жазды. Трилогия қазақ қоғамының жиырмасыншы жылдардағы аумалы-төкпелі дәуір шындығын: жаппай ашаршылық, елге төнген нәубет, асыра сілтеуден бастап, халықтың қалыптасқан салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын жойып жіберуді көздеген саясатты әшкерлеуді мақсат еткен. Бұл саяси стратегияның аяғы «тоқырау заманына» алып келді. «Жалған дүние» романы осы соңғы кезеңге арналған. Роман символизм рухында жазылған, мистикалық сарыны бар, философиялық астары терең. Автор Едіге аузымен «кер заман», «тозақ тірлік», «ұстасқан заман», «тістескен заман» сияқты эпитеттерді қолданады. Қоғам тоқырағаннан соң адам да тығырыққа тіреліп, не үшін өмір сүріп жүргенін де түсінбей, депрессияға түседі. Роман кейіпкерлері Хансұлу мен Едіге осындай күйге тап болады.

Үй, баспана – халықтың ең басты керек нәрсесі. Егер жұрт баспанасын тастап қашса, онда «ақтабан шұбырынды» қасіреті қайталанды деген сөз. Ел басына күн туғанда ғана бассауғалап, қара шаңырағын төрк етіп безеді. Роман кейіпкерлері де осыны бастан кешірді: «...1932 жылдың жазғытұры әлі көз алдында. Қарақалпақтың түстік тұсы. Әнеки, құм арасында томпиып-томпиып, жетімсіреп қалып бара жатқан киіз үйлер. Бү күнді Хансұлу өлсе ұмытпас. Бір тілім нан үшін, өз үйі – өлең төсегін құм арасында тастап, сонау Әму-Дария жағасындағы Қоңырат деген қалаға қарай шұбырғанын, сірә, екі дүниеде



Зерделі ой

Смағұл Елубай – әдеби ортада да, қазақ кино өнерінде де өзінің айтар ойы мен халқына қажетті рухани дүниелері мол, қарымды қаламгер. Өзі өмір сүрген ортаның әр құбылысы мен тіршілігін суреттей отырып, қазақ кино әлеміне өткен қазақ қоғамын, бұрыннан қалыптасқан қоғамдық формациядан күштеп таңылған жаңа қоғам құру жолындағы адами, табиғи сананың тапқа бөлініп, өз ауылдасын, досын, бауырын, туғанын сатып, тозақ отына итермелеген күнкөрістің қамымен, пендешіліктің құрған құрсауына түскен, жағымсыз кейіпкерлер галереясын сомдаған және тарыдай шашылып, қынадай қырылған халық тағдырын экранда бейнелеген кинодраматург.

Гүлдана Бейсен

ұмыта қоймас. Қызыл қия құм арасында иесіз қалып бара жатқан үлкен Ақ боз үйіне қарап, шешесі екеуі қыр үстінде көз жасын сығып тұрды-ау...».

1931–1933 жылдары тарихта «Ұлы жұт» деген атпен қалған қасірет қазақ халқын атажұртынан бездіріп, тентіретіп қана қоймай, санының күрт азаюына да кесірін тигізді. Жазушы нәубетті былай суреттейді. «...Ертесіне жаяу-жалпы шұбырған жұртқа ере алмай, сырқаттанып, жолда бұйрат басында әкесі мен шешесі қалды. Соның бәрі әлі күнге көз алдында сайрап тұр. Әнеки, көкесі құм басында ұзынынан түсіп жатыр. Оның басын сүйеп, жанында шешесі отыр, шошайып. Бұлар – Дәу апа екеуі осы Едіге мен Түгелханның бірін жетелеп, бірін арқалап, арттарына қарай-қарай жалтақтап, көз жастарын тия алмай, ұзап барады. Кетпеске лаж жоқ. Әкесі: «Сіздер жүре беріңіздер! Біз сондарыңыздан жетерміз», – деп бұйырған еді. Бірақ тағдыр бұларға енді қайтып кездесуге жазбапты. Ең болмаса, бір-бірінің өлі не тірі екенін де білуге жазбапты... О, Жалған-ай!!!». Әрине, бұл сұмдық оқиғаны автордың туыстары өз басынан кешіргені даусыз, сондықтан жазушы өзі көзбен көргендей нанымды баяндайды.

Қазақ халқы төңірлік діннен ислам дініне өткендіктен, әлі күнге дейін тұрмыста төңірліктің белгілері кездесіп отырады. Жазушы мұны да ұтымды пайдаланып, романда «Аспан» сөзін қолданады. Реалистік өмірде сұрағына жауап алмаған Едігенің жаны шырқырап, бәріне куә болып, үстінен төніп қарап тұрған Аспаннан жауап күтеді.

Жетім бала Едіге Қарақалпақстаннан арман қуып, Алматыға келеді. Ең беделді университетке оқуға түседі. Ешкімнен теперіш көрмеу үшін спорт секциясына қатысады. Сәнді киім киеді. Жазушылықпен айналысады. Бұдан артық не керек?!



«Ұлы жұт» қасіреті

Алайда есейе келе көкейіндегі шығарманы жазу үшін тарихты ақтарған Едіге ақиқаттың түбіне жете алмайды. Көзбояушылыққа толы арзанқол дүниелерді бұдан былай жазғысы келмейді. «Едіге қырыққа шейін ұсақ-түйек шығармалар жазып жүрді де, қырықтан аса, өзіне арман болған әлгі кітапқа кірісті. Одан бұрын ол өз ауылының отызыншы жылдары кәмпескеден қашып, Жем бойынан үдере көшіп, сонау Қарақалпаққа шұбырып, Үстірт асқан жолымен жүріп өтті. Осы жылдар дүрбелеңін көзбен көрген көне көз қарияларға жолықты. Сондай сапардан келген сайын Едіге үйге өзінше бір жаңалық аша келетін. Отызыншы жылдар ашаршылығы туралы «Ол ашаршылық оқулықтар жазғандай, «кездейсоқ қуаңшылықтан» немесе «жергілікті белсенділер жіберген кейбір қателіктерден» емес, түп-тура сол кездегі Кремльден бастап Қазақстанға дейін партия жүргізген саясаттан болған» дегенді айта бастады. Оның бұ сөзінен Маусымжанның төбе шашы тік тұрды. Зәре-иманы ұшты. Мына сөзі КГБ құлағына жетсе, не болды? Өз жолын өзі кеспей ме Едіге?! Маусымжан «антисоветчиктің әйелі» атанып, партиядан да, институтпен де қоштаспай ма?!». Осылайша, шындыққа негізделген тарихи романын бастыра алмай, нәпақасын таба алмай, отбасын асырай алмай, әйелі Маусымжанға қарайтын беті қалмай, қарызға белшесінен батады, Кеңес үкіметі саясатының қылышы жалаңдап тұрғанда мұның шындығы кімге керек: «Шықпаған кітап та бір, дүниеге өлі келген нәресте де бір. «Отыз екінші жыл» – Едігенің жазушылық тағдыры. Сол тағдырының адыра қалғаны ма?

Екінші кейіпкер – жас күнінде «халық жауының» әйелі атанып, жесір қалған, қой бағып, айналасын асыраған Хансұлу баласы ержеткеннен кейін кедейліктен құтылады. Алайда өмірінің соңында баласының қызметтен де, отбасынан да айырылғанын естіп, о дүниеге күйініп аттанады. Көзі жұмылар алдында баяғы аштықтан қайыр тілеп, шұбырған балалық шағы көз алдына елестейді. Баласы туралы жағымсыз жаңалықты білгенде іштегі шөмен қайта бас көтереді. Жазушы Түгелханды да «тоқырау заманының» құрбаны ретінде алған. Ол бір күнде жарының да, қызметтің де алдамшы, сағым белес болғанын түсінеді. «Бармақ басты, көз қыстыға» көнсең ғана шалқып өмір сүресің, оған көнбесең – далада қалғаның.

Қаламгер осындай кейіпкерлері арқылы тоталитарлық дәуірде жалпы ұлт мүддесінің аяққа тапталып, рухани таусылуын символикалық түрде шебер келтіреді. Сондықтан С.Елубай бүгін: «Қазақпын деген әрбір азамат өзіне: «Мен тәуелсіздікке қандай үлес қостым?» деген сұрақ қоюы керек!» – деп есептейді. Себебі тәуелсіздік, ең алдымен, рухани азаттық.



Зерделі ой

Суреткер Смағұл Елубайдың қазақ прозасында да үлкен із салған, өз шығармашылығында дара да сара соқпақ тартқан басты кітабы – «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние» атты үш кітаптан түзілген, бірақ тұтас, түбегейлі Көркемдік әлемі. Алаш өткен ғасырда: XX жүзжылдықтың жиырмамыншы-отызыншы жылдарында бастан кешкен ауыр нәубет, әділетсіз асыра сілтеу, алапат ашаршылық, одан бергі уақыттарда жалғасқан тағдыр тәлкегі, заман тауқыметі, сана сапырылысы – тұтас бір Дәуір Дидары.

Бақыт Сарбалаев



Пікірлесейік

1. Романның ерекшелігі неде? Шығармада қазақ халқы тарихының қай кезеңі баяндалады?
2. Романды басқаша атауға бола ма?
3. Романда қандай жайттар аяныш сезімін туғызады?
4. Роман кейіпкерлерінің тағдыры қалай суреттелген?



Себебін анықта

1. Не себепті шығарма «Ақ боз үй», «Мінажат» романдарының жалғасы?
2. Неліктен роман тәуелсіздік алғаннан кейін ғана басылып шықты?
3. Шығарма не себепті «Жалған дүние» деп аталған?



Тобыңда талдап көр

1. Бірнеше топқа бөлініп, ұсынылған бөліктер бойынша шығарманың жанрлық ерекшелігіне (көлемі, сюжеті, кейіпкерлері) талдау жасап, сюжеттік-композициялық жоспар жасаңдар: оқиғаның басталуы; оқиғаның дамуы; оқиғаның шиеленісуі; оқиғаның шарықтау шегі; оқиғаның шешімі.
2. Смағұл Елубайдың: «Қазақпын деген әрбір азамат өзіне: «Мен тәуелсіздікке қандай үлес қостым?» деген сұрақ қоюы керек!» – деген сөзін қалай түсінесіңдер? Тәуелсіздікке қандай үлес қосқыларың келеді?
3. Романдан ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланысты үзінділерді тауып, оларды талдап, шығармашылық жұмыстарда: әссе, әңгіме, өлең, әдеби шығарма т.б. жазуда қолданыңдар.



Дәптеріңе жаз

1. Романдағы басты үш кейіпкер (Хансұлу, Түгелхан, Едіге) арқылы өмір шындығын көрсетіп, кестені толтыр.

Кейіпкер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу

2. «Жалған» сөзінің синонимдерін тап, олармен сөйлемдер құра. Осы синоним сөздерді «дүние» сөзімен тіркестіріп көр. Романның атын өз нұсқақмен өзгертуге бола ма екен?



Түйінде

1. Роман оқиғасын тарихи дерекпен салыстыр.
2. Шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстыр.
3. Автор бейнесін шығарманың негізгі идеясымен байланысты айқындап, түйінде.
4. <https://kitap.kz> сайтынан Г.Буниннің «Соңғы күн» кітабын оқып, романмен салыстырып, екі шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беріп, ойыңды түйінде.



Қалай ойлайсың?

1. Жазушы кейіпкерлерінің тағдырын неге өте ауыр аяқтаған? Романды өзің қалай аяқтар едің?
2. Қалай ойлайсың, жазушының еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі Хансұлу мен Едігенің балаларының жағдайын баяндайтын роман жалғасын жазғаны жөн бе?



Үйде орында

1. Романда көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашып көрсет.
2. Шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықта.
3. CD-дегі №1 қосымшаны үлгі ретінде пайдаланып, презентация жаса.



Білгенге маржан

Жалған, жалғандық – белгілі бір іс-әрекет немесе құбылыс мәнінің шындықтан алшақтатылып, бұрмаланған көрінісі, ақиқатқа қарама-қарсы ұғым. Адам баласының ақиқатты тану жолындағы шындыққа сай келмейтін, бірақ ақиқатқа баланатын (шын деп қабылданған) адасуы тәрізді жалғандық та қоғамдық сананың жемісі.

«Жалған» ұғымы қазақ дүниетанымында ислам дін іліміндегі өмір мен өлім, фәни мен бақи мәселесіне байланысты «мәңгілік» ұғымына қарсы мәнде қолданылады. Мұнда адамның қамшы сабындай қысқа, шолақ өмірі өткінші жалған, ол нағыз ақиқат өмірге – «о дүние – мәңгілікке» апарар жол ғана. Өмір мен өлім мәселесі қазақ ғақлиятты ой кешу үрдісінде әр кезеңде әркелкі сипатталынса да, бәрінің тоғысар тұсы – «дүние жалған» болып келеді.

«Мынау жалған дүние, кімдерден кейін қалмаған!» (Шалкиіз, XV–XVI ғасырлар); «Жігіттер, жалған дүние бізден қалар, бір күні ажал келіп жаныңды алар» (Шал Құлкеұлы, XVIII–XIX ғасырлар);

«Қайғы емес қаза, болмаймын наза, ноқталы басқа бір өлім» (Шәкәрім, XIX–XX ғасырлар) деген секілді өмірдің өтпелі жағдайына мойынсұнған өлең жолдары тіршіліктің шектеулі мерзімін «дүние жалған» ұғымына сыйғызды.

Энциклопедиялық анықтамалық



Әдебиет теориясы

Экзистенциализм (лат. *existentia*) – қазіргі заман философия мен әдебиетіндегі иррационалистік бағыт, субъективті идеализм түрі, яғни адам өмірінің мәні мен мағынасы, жеке тұлғаның өзін тануы, оның болмыспен қарым-қатынасы, адамгершілік құндылықтарға назар аудару (*Әдебиеттану терминдер сөздігі*).

Экзистенциализм бойынша, адамның мақсаты – дүниені өзгерту емес, өзінің дүниеге деген көзқарасын өзгерту.



Қолданып көр

Романдағы жазушының экзистенциализмді қалай қолданғанын анықта. Кейіпкерлердің адамгершілігі, мақсаттары, қоғамдағы орны қалай көрінген?



Шығармашылық тапсырма

Өз қалауыңмен берілген тапсырманың бірін орында.

1. «Болжау» стратегиясын пайдаланып, мына Ақ боз үй иесінің тағдырына болжау жаса. Суретке атау бер.



2. Компьютерде векторлық графиканы қолдана отырып, романнан алған әсерінді бейнеле.



Эксперименттік тапсырма

Бір кезде киіз үй тігіп, шығармашылықпен айналысқан жазушы рөліне еніп, шығармадағы ғаламдық тақырыпты қамти отырып, «Креативті жазу» әдісімен «Тәуелсіз ел – Мәңгілік Ел» тақырыбында фильм сценарийін жаз.



Кітап – асыл қазына

1. Жалған дүние. Кітапта: С.Елубай. Ақ боз үй: Роман-трилогия. – Алматы: Атамұра, 2008. – 520 б.
2. Елубай С. Ақ боз үй. Трилогия. – Алматы: Жазушы, 2005. – 528 б.

«ПАЙЫМ МЕН ПАРАСАТ» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

1. Тест тапсырмаларын орында.

Қасым Аманжолов дүниеге келген өңір:

- A) Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы
- B) Қарағанды облысы Жезқазған қаласы
- C) Батыс Қазақстан облысы Ақсай қаласы
- D) Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданы
- E) Орал қаласында дүниеге келген

Қасым Аманжоловтың өзі туралы жазған өлеңі:

- A) «Өзім туралы»
- B) «Өзім жайлы мәлімет»
- C) «Дүниеге жар»
- D) «Өз жайымнан ақпарат»
- E) «Менің өмірбаяным»

Қасым Аманжоловтың поэмалары:

- A) «Боран»
- B) «Өзім туралы»
- C) «Көкшетау»
- D) «Бикеш»
- E) «Елге хат»
- F) «Дүниеге жар»
- G) «Құпия қыз»

Қасым Аманжолов меңгермеген аспап:

- A) домбыра
- B) скрипка
- C) қобыз
- D) сырнай
- E) мандолина

Қасым Аманжоловтың «Өмір сыры» атты алғашқы өлеңдер жинағы неше жасында жарық көрген?

- A) 21
- B) 25
- C) 22
- D) 20
- E) 27

Смағұл Елубай дүниеге келген жер:

- A) Қазақстан
- B) Өзбекстан
- C) Түрікменстан

- D) Қарақалпақстан
- E) Иран

Смағұл Елубай сценарий жазған тарихи фильмдер:

- A) «Батыр Баян»
- B) «Томирис»
- C) «Сұлтан Бейбарыс»
- D) «Қазақ хандығы»
- E) «Жау жүрек мың бала»
- F) «Алмас қылыш»
- G) «Атаманның ақыры»

Тарихта «Ұлы жұл» деген атпен қалған ашаршылық жылдары:

- A) 1921–1922 жылдары
- B) 1932–1934 жылдары
- C) 1933–1935 жылдары
- D) 1931–1933 жылдары
- E) 1941–1945 жылдары

2. Мәтінді оқып, сұраққа жауап бер:

Арғы ата-бабалардан мұралықпен жететін тектілік, пайым-парасат, адамдық қасиеттерді ту етіп ұстағанда ғана, адам баласының алмайтын, қамалы, жеңбейтін қиындығы болмайды.

Мұхтар Кәрібай

Пікірдің «Пайым мен парасат» бөліміне қатысы бар ма? Мұнда қандай құндылықтар туралы айтылып тұр? Қандай пікір айтасың? Ойыңды дәлелде.

3. Бөлімде берілген көркем шығармаларды салыстыра отырып, ондағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсететін «Пайым мен парасат» деген тақырып бойынша флипчартта презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

«Біздің бойымызға біткен қасиеттердің ішіндегі ең маңыздысы және ізгісі – парасат» деген Габриэль Маблидің пікірін пайдаланып, мәтінді талда.

Парасаттылық – адам бойындағы кісілік қасиет. Парасаттылық ұғымы ақылдылық пен білімпаздық, мәдениеттілік, көрегенділік, зерделілік мағынасында қолданылады. Парасатты адамға адамгершілік, инабаттылық, салиқалылық, мейірімділік, ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, талғампаздық қасиеттері тән. Көпті көрген, көп білетін мұндай адам сөйлейтін әр сөзін ойланып, ақыл таразысына салып айтады. Дәстүрлі қазақ қоғамында парасатты адам бойында кездесетін асыл қасиеттердің біріне айналып, адамгершілік пен өнегелілік тұрғысынан жоғары бағаланған (*Қазақ энциклопедиясы*).

1. Мәтін қандай үлгіде жазылған?
- A) Естелік
 - B) Хат
 - C) Анықтама
 - D) Өлең
 - E) Өсиет
2. Төменде ұсынылған мәтелдерді өзің жалғастыр (дәстүрлі жалғасын алуға болмайды):
- Адам аласы ішінде,
...
- Адам жүрген жермен адам жүреді,
...
- Бұрынғының кісісі,
...
- Кісі аты тершең,
...
- Жолдасты жол айырады,
...
3. «Парасаттылық» сөзінің синонимін тауып, онымен сөйлем құрастыр:
- A) Толеранттылық
 - B) Даналық
 - C) Зайырлылық
 - D) Саналылық
 - E) Көрегенділік
4. Мәтінде сын есімнен жасалған қанша туынды зат есім бар?
- A) 12
 - B) 13
 - C) 14
 - D) 15
 - E) 16
5. Мәтінде айтылмаған сөзді белгіле:
- A) Көрегенділік
 - B) Инабаттылық
 - C) Имандылық
 - D) Ізгілік
 - E) Мәдениеттілік

III БӨЛІМ

ҒАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ

«Абай жолы» эпопеясы арқылы қазіргі қазақ прозасы күллі дүние жүзі әдеби классиканың шырқау шыңына шықты. Бұл да аз, әлемнің басқа елдерінде де оған тең келетін шығарма табу қиын. Бұл – менің ойымша, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі.

Луи Арагон

Бұл тамаша эпопея бізге тұтас бір әлемді сыйға тартты, табиғаттың, тұрмыстың небір ғажайып картиналарымен, адам құштарлықтарын сипаттауымен бізді іңкәр етті.

Николай Тихонов

Мұхтар Әуезов – сарқылмайтын, бітпейтін, жасарып, жаңғыратын, өмірдің өзіндей, жапырағы мәңгі жап-жасыл, жалғаса беретін құбылыс.

Рымғали Нұрғали

МҰХТАР ӘУЕЗОВ



Мұхтар Әуезов
(1897–1961)

Жазушы қай өңірде туып-өскен? Қандай отбасынан шыққан?

Мұхтар Әуезов Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей облысы) Абай ауданының Қасқабұлақ-Бөрілі аулында 1897 жылы үш қыздан кейін туған.

Мұхтардың атасының есімі – Әуезхан. Ағайындары Әуез деп атап кетіпті. Әуезден Мұхтардың әкесі Омархан туады. Ал жазушының әжесі – Дінәсіл – Ақтайлақ бидің бес ұлдың ішінде жалғыз қыз болып, еркелеп өскен немересі. Найманның қаракерей тегінен тарайтын бір тайпадан «он жеті ақын шыққан» сыбан руынан шыққан. «Абай жолы» романында Барлас деген атпен берілген ақын Дулат Бабатайұлы Абай ауырғанда көңілін аулап, қасында бір ай жайдан-жай қонақ боп жатпаған. Ол – Құнанбай ауылына сыйлы Дінәсілдің туысы.

Әуездің екінші әйелі Сақыштан туған Ахмет Әуезов «Бала Мұхтар» (1967 ж.), «Жас Мұхтар» (1977 ж.) атты естелік-кітапшалары арқылы жұртшылыққа жақсы таныс.

Мұхтар қай жерде білім алды?

Мұхтар атасы Әуезден арабша хат таныды. Бұл туралы жазушы «Менің өмірбаянымда»: «Атамыз бізді өзінше оқытатын. Бұл оның өзіне оңайырақ соққан шығар... Ал аздап қара таныған соң өлеңнің бірінен соң бірін жаттадым. Өлеңдер біртүрлі ұзақ, түсініксіз. Ара-арасында Фошкин, Лермонтып, Крылоп, Татьяна мен Анегин тәрізді бұрын құлақ естімеген, оқшау өзгеше есімдер естіліп қалады. Молдаға ұқсап, атамыз бізге таң атқаннан күн батқанға дейін



Зерделі ой

Әуезов үлкен гуманист адам еді. Ол өз халқын, оның биік мәдениетін шексіз сүйетін. Өзге халықтың әдебиетін өз халқының әдебиетіндей терең түсініп, оны құрмет тұтып, үнемі қошеметтеп отыратын.

Александр Корнейчук

кітаптан бас алғызбайтын», – деп жазады. Осы келтірілген мысалдардан Әуез атасының хат танығаннан кейін оқушыларына тек қана Абай шығармаларын жаттатқанын байқауға болады.

Абайдың бүкіл қарасөзі мен өлеңдерін ғана емес, А.С.Пушкин, И.А.Крылов, М.Ю.Лермонтовтан аударған тәржімелеріне дейін бес жасынан жаттап өскен М.Әуезовтің абайтанушы болуына бірден-бір ықпал жасаған адам – Әуез атасы екенінде дау жоқ. Ауылы аралас, қойы қоралас құдандалы адамдар болғандықтан, Дінәсіл әжесі Абай ауылына сыбаға апарған кезде Мұхтар да ілесіп барады екен. Бірде әжесіне «Үйге қайтайық» деп қыңқылдай бастағанда Абайдың «Қой, қарағым, жылама» деген дауысы мен байсалды көзқарасы жазушының мәңгі-бақи есінде қалып қояды. Бұл туралы Зейнолла Қабдолов «Менің Әуезовім» деген роман-эссесінде былай деп жазды: «Мұхтар Абайдың қабырғаға ілінген суретін көріп, қатты ашуланып: «Мынау – Абай емес, Абайдың көзі емес» деген екен.

Әуез атасынан кейін бала Мұхтардың өміріне әсер еткен екінші адам – Қасымбек. Ол – Әуездің Сақыш деген әйелінен туған бес ұлдың бірі. Жаңаша оқуды қалай бастағанын білу үшін жазушының өз сөзіне жүгінейік: «Оқуды 5–6 жасқа келген соң өзімнің үлкен әкемнен (Әуез атасын айтып отыр) оқи бастадым. Сол кісінің алдынан хат танығаннан кейін, әкеммен бір туысқан ағам Қасымбек қасына алып, Камали (Камалидин) деген хазіреттің медресесінде Семейде бір жыл (1908 ж.) мұсылманша оқытты да, артынан орысшаға берді. Орыс оқуына әуелі өзі дайындады. Содан кейін бір қыс ішінде ауылнай школдан Әбіш Қасенов деген Семей семинариясын бітіріп шыққан қазақ учителінен оқып, келесі жыл күз Семейдің «5 классный городской училищесіне» түстім. Содан әрі мектептегі оқу тәртіпшен кетті».



«Ярыш» футбол командасы (М.Әуезов төменнен 3-қатарда, оң жақтан екінші)

М.Әуезов бес кластық училищеге 1912–1913 оқу жылында түсіп, 33 оқушының ішінен келесі сыныпқа үздік бағамен (грамотамен) көшірілген екі оқушының бірі болады. Соңғы курста оқып жүргенде 14 жастағы болашақ жазушы «Есімде қалған бір күн» тапсырмасына орай «Дауыл» (Ураган) атты ең алғашқы шығармасын жазады.

Осы училищенің директоры И.Я.Малахов «... оқып жүрген үш-төрт қазақ және орыс балаларының арасында орта бойлы, толықша келген, кең маңдайлы қазақ баласы ерекше көзге түсетін. Әсіресе, оның көзі әсерлі еді. Үлкен, ойлы көзімен бүкіл дүниенің бәріне ынтыға қарайтын... Бұл бала Мұхтар еді. Тамаша қабілеттілігі өз ойын дұрыс жеткізе білуі, көргенін, естігенін және оқығанын әсте ұмытпайтындығы, зеректігі оны жолдастарының арасында даралап тұратын. Мен бірде-бір мұғалімнен Мұхтар қай сабақтан болсын нашар жауап берді дегенді естіген емеспін», – деп жазады.

Училищеде жүргенде болашақ жазушы Семей қаласында құрылған «Ярыш» футбол командасының құрамында ойнайды, сондай-ақ жүгіру, шаңғы тебу сияқты үйірмелерге қатысады. Спорт тақырыбы бойынша қабырға газетін шығарып, халық музыка аспаптарының оркестрін ұйымдастырады.

Аталмыш училищеден кейін 1915–1919 жылдары Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқиды. Осы оқу орнындағы ұстазы В.И.Попов: «Ол әрқашан да байсалды сыпайылығымен, мұғалімдері мен жолдастарына деген қарым-қатынастағы ұстамдылығымен, маңғаздығымен (иә, иә, иә, рас айтамын, маңғаздығымен) тіпті өз класының ішінде бөлек тұратын еді де, курстас достарының арасында өте абыройлы болатын. Орыс тілін өте жақсы игерген ол эрудициясымен бізді таңқалдырушы еді», – деп сүйсіне жазған еді.

Алғашқы шығармаларын қашан жазды? Қай жерде қызмет істеді?

1917 жылы Жүсіпбек Аймауытұлымен бірігіп жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» деген алғашқы мақаласы «Алаш» (Ташкент, 30 наурыз, №16) газетіне басылса, Тұрағұл Абайұлымен бірігіп жазған «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласы «Сарыарқа» газетіне (Семей, 5 қыркүйек, №12), «Оқудағы құрбыларыма» атты мақаласы да осы газеттің 14 қыркүйектегі санына шығады.

1918 жылы Жүсіпбек Аймауытұлы екеуі Семейде «Абай» журналын шығарып, «Екеу» деген атпен мақалалар жариялай бастайды. Сондай-ақ «Алаш жастары» одағын құрып, түрлі үйірмелердің ашылуына ұйытқы болады. Әуезов 1918 жылы 5–13 мамырда Омбы қаласында өткен Жалпы қазақ жастарының құрылтайында орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланады.

Семинарияны бітіргеннен кейін қоғамдық-саяси жұмысқа араласа бастаған. 1920 жылы Семей губревкомының (губерниялық революциялық комитет) жанынан ашылған қазақ бөлімінің меңгерушісі және «Қазақ тілі» газетінің ресми шығарушысы болады. 1920 жылы «Ес-аймақ» деген мәдени-ағарту қоғамын құрады, жазушының «Еңлік-Кебек», «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал» пьесаларын осы қоғам мүшелері сахналайды.

1921 жылы Қазақ АКСР Орталық атқару комитетінің (ОАК) төралқа мүшелігіне сайланып, онда кадр мәселесімен айналысады. Сол жылы «Қорғансыздың күні» әңгімесі «Қызыл Қазақстан» журналының №3–4 сандарында жарияланады. Осы жылдары «Сөніп-жану», «Қыр әңгімелері», «Үйлену»

сияқты әңгімелерін жазды. 1922 жылы күзде Ташкенттегі Орта Азия университетіне тыңдаушы болып оқуға түседі әрі «Шолпан» және «Сана» журналдарына жұмысқа орналасады. Осы басылымдарда «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Оқыған азамат», «Кім кінәлі», «Заман еркесі» («Сөніп-жану») әңгімелері мен «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі», «Қызыл сұңқарлар» т.б. мақалалары (екі мақала да «Қоңыр» деген бүркеншік атпен берілген) жарияланады. 1923 жылы қазіргі Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің тіл-әдебиет бөліміне оқуға түседі. Арасында бір жарым жыл үзіліс жасап, 1925–1928 жылдары қайта жалғастырып, бітіріп шығады.

Үзіліс жылдары Семейде «Таң» журналын шығаруға ұйытқы болады. 1925 жылдың бір өзінде бұл журналға жазушының «Жетім», «Барымта», «Қаралы сұлу», «Кінәмшіл бойжеткен», «Ескілік көлеңкесінде», «Жуандық», «Бүркіт аңшылығының суреттері» атты жеті әңгімесі, Мамин-Сибиряктан бір аудармасы, «Қобыланды батыр» жыры туралы мақаласы жарияланады. Осы жылы «Қаракөз» пьесасын жазып, 1926 жылы жарияланған конкурста бірінші орын алады.

«Әдебиет тарихы» атты монографиясы 1927 жылы кітап болып шығады. Осы жылы жазда Ілияс Жансүгіровпен бірге Жетісу өңірін аралап, болашақ шығармаларына материал жинайды. Ленинградқа (Санкт-Петербург) қайтып оралысымен, осы материалдар негізінде «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін, «Қилы заман» романын, «Хан Кене» пьесасын жазады.

1930 жылы Әуезов «қазақ ұлтшылдарының астыртын ұйымының мүшесі, ұлтшыл, байшыл» деген айыппен Ташкентте қамауға алынып, Алматыға жеткізіледі. Ахмет Байтұрсынұлының «Жаңа өкімет бізге сенбейді. Біздің көзімізді көрген сен тірі қалуың үшін кешірім сұра» деген ақылымен газетке ашық хат жазып, түрмеден шығады. 1932 жылы Қазақ педагогика институтының (қазіргі Абай атындағы Қаз ҰПУ) аға оқытушысы болып қызмет істейді. 1934–1961 жылдар аралығында қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де ұстаздық қызмет атқарады. Сондағы Қазақ әдебиеті кафедрасының негізін қалайды. Осы жылдары студенттерге арнап «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының суырыпсалма айтыс өнері», «Туысқан халықтар әдебиеті», «Абайтану» секілді жалпы және арнаулы курстардан дәріс оқыды.

М.Әуезов шығармашылығының үлкен бір саласы – Абай жайындағы еңбектері. Бала кезінен ақынның өлеңдерін жаттап, ұлылығын құлағына сіңіріп өскен М.Әуезов бұл тақырыпқа әңгіме («Татьянаның қырдағы әні»), зерттеу («Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы»), либретто, пьеса, сценарий, роман-эпопея («Абай жолы») жазды. «Абай жолы» шығармасы алғаш «Абай» деген атпен (1942 жылы бірінші, 1947 жылы екінші кітабы) жарық көрген.

Жазушы 1961 жылы 27 маусымда Мәскеу қаласындағы Кремль ауруханасында операция кезінде қайтыс болды. Қазақстан үкіметі қабылдаған арнайы қаулыға сәйкес ұлы жазушының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер институтына және Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрына жазушының аты берілді. Тұрған үйі әдеби-мемориалдық музейге айналды. Республика көлемінде мектептер, көшелер және Алматының бір ауданы жазушы есімімен аталды.

1997 жылы Францияда қазақ жазушысы Мұхтар Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына арналған Қазақстан күндері өтті.



Пікірлесейік

1. М.Әуезовтің балалық және жастық шағы қалай өтеді?
2. Бала Мұхтарды кім тәрбиелейді? Абай шығармаларын кімнен біледі?
3. Болашақта оның қандай шығармаларын оқуды жоспарлап қойдың?
4. Мына суретті жазушының қай шығармасымен байланыстырар едің?



5. М.Әуезовтің қай туындысы оны әлемге әйгілі етті?



Себепін анықта

1. Жазушы Абай шығармашылығын қалай терең зерттейді?
2. Жазушы не себепті кейбір еңбектерін бүркеншік есіммен ұсынған?
3. Жазушы шығармашылығы неге жан-жақты, сан салалы?
4. М.Әуезов неліктен қудалауға ұшырады?



Тобыңда талдап көр


1. Үш топқа бөлініп, ұсынылған тақырып бойынша себептер мен дәлелдер тауып, қорғандар.
 - 1-топ: Абай жолы – халық жолы.
 - 2-топ: Абай – типтік бейне.
 - 3-топ: Абай жолы романының эпопеялық сипаты.
2. «Дербес пікір айту» әдісі бойынша М.Әуезовтің шығармашылығын талдап, ойларыңды ортаға салыңдар.
 - 1) Өзіндік пікір (ой, идея).
 - 2) Дәлел.
 - 3) Өз пікірін айғақтайтын мысал.
 - 4) Өз пікіріне қарсы дәлел.
 - 5) Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал.
 - 6) Қорытынды.



Дәптеріңе жаз

1. М.Әуезов шығармаларының ерекшеліктерін жаз.

2. Қаламгердің хаты бойынша оның кімге арналғаны, жазушының дарынды балалары туралы зерттеу жүргіз.



Түйінде

«Зерде» тәсілі бойынша М.Әуезов туындыларының неге әлі күнге дейін халықтың сүйіспеншілігіне ие болып келе жатқанын саралап, түйінде.

Білім	Зерттеу еңбектер арқылы алған ақпараттарым
Эмоция	Кейіпкер тағдыры және менің көңіл күйім
Баға	Автор шығармашылығына беретін бағам
Сын	Автор шығармаларының мен үшін маңызы
Идея	Оқырман ретінде автор шығармаларын насихаттауға ұсынатын идеям



Қалай ойлайсың?

Д.Қонаевтың: «Біз үшін Абай қандай болса, Мұхқа да – сондай даналық мектебі. Ол мектептен дәріс алу – әр қазақтың абыройлы борышы», – деген пікірінің мәнін қалай түсінесің?



Үйде орында

- Өз қалауыңмен жазушы шығармаларының бірін оқып, семантикалық кестені толтыр.

Шығарма атауы	Жанры			Суреттеу шеберлігі			Қандай мәселені көтерген?			Кейіпкерлері		
	Әңгіме	Повесть	Роман	Терең психологизм	Суреттеу	Авторлық баяндау	Әйел теңсіздігі	Отаршылдыққа қарсы күрес	Елдің тұрмыс жайы	Жәмеңке	Ғазиза	Жас жесір әйел
«Қорғансыздың күні»												
«Қилы заман»												
«Қыр суреттері»												

- «Абай жолы» эпопеясын зерделей оқып, ұлы ақын әлеміне бойла.



Білгенге маржан

Мұхтар Әуезов «Менің өмірбаяным» деген мақаласында: «Менің аталарым XIX ғасырдың бас кезінде Орта Азия жақтан кеп, тобықты руына сіңіп кетіпті», – деп жазған, Смағұл Сәдуақасовтың сұрағына жауап ретінде жазылған «Өз жайымнан мағлұмат» деген хатында: «Менің тегім – қожа. Алғашқы шыққан жерлері Қаратау деуші еді... Тобықты ішіне менің үшінші атам Бердіқожа бірталай туысқандарын ертіп, найман ішінен келген», – дейді. Жазушының ата-бабасы Орта жүзде өте ықпалды адам болған Ақтайлақ бидің ұйымдастырып, сұратуымен Аяғез жеріне келіп қоныстанады. Жаназа шығаратын молдалар азайып кеткендіктен, Ақтайлақ би Түркістаннан отыз шақты қожаны отбасымен арнайы көшіртіп алады. Құнанбай сияқты сұлтандар мен би-болыстарға хабар жіберіп, қожаларды таратады. Сонда Құнанбай Мұхтардың атасы, өзімен замандас Бердіқожаны қоярда-қоймай жүріп көшіріп алып, шұрайлы қоныс Архатты береді. Бердіқожа кесек тұлғалы, сөзге шебер, беделді адам болады. «Абай жолының» бірінші кітабында Бөжей арызбен Қарқаралыға барғанда, Құнанбай тарапынан осы Бердіқожа да барады. Оның Үсен, Бурахан, Әуезхан, Кенжехан, Самархан деген бес ұлы, төрт қызы болған. Құнанбай Бураханды үнемі қасына ертіп

жүреді екен. Бұл да романда бар. «Абай жолында» суреттелетін Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғаным – осы Бердіқожаның қызы.

Мұхаммед пайғамдардың қызы Бибі Фатима мен күйеу баласы Әзірет Әлінің екі ұлынан тараған ұрпақ «қожа» деген атауға ие болған. Дін тарихында бұларды «Сейіт қожалар» деп атайды.



Міне, қызық!

М.Әуезовтің бүркеншік аттары (псевдоним) – Қоңыр, Жаяу сал, М.Ә.

Ал Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезовтің «Екеу» деген бүркеншік атпен «Абай» журналында жарияланған «Абайдың өнері һәм қызметі» (1918, №2), «Абайдан соңғы ақындар» (1918, №5) деген мақалалары екі жазушының көптомдық жинақтарына енгізілген. Сондай-ақ «Екеу» деген бүркеншік атпен жарияланған «Көркем әдебиет туралы» (Еңбекші қазақ, 1927) деген мақала авторлары Абдолла Байтасов пен Даниял Ысқақов екендігі жөнінде С.Мұқанов, Т.Жұртбай т.б. пікірлері бар. Бұлар да осы атты пайдаланды ма, жоқ па деген дүдәмал сауал туындайды.



Кітап – асыл қазына

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 3-том. – Алматы: Жібек жолы, 2014. – 424 б.
2. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. – Алматы, 1997; 2004.
3. Әуезов және архив. Құжаттар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. –130 б.
4. М.О.Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны. Ұжымдық монография. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2014. – 524-б.
5. Мұхтар Әуезов әлемі. – Алматы: Жазушы, 1997. – 352 б.
6. Саттаров С. Мұхтар Әуезовтің ататегі. – Алматы: Жібек жолы, 2010.
7. Қабдолов З. Менің Әуезовім. Роман-эссе. – Алматы, 1997.

«Абай жолы» роман-эпопеясы

CD 06

Үзіндіні тыңдап, Абайдың әке-шешесімен қарым-қатынасына баға бер.

Қазақтар туралы бұрын ештеңе естімеген едім.

Енді оларды өте жақсы танимын.

Жақында ғана М.Әуезовтің тамаша кітабын ағылшын тілінде оқып шықтым. Шынында қазақтар неткен ғажап халық!

Бенжамин Матин

«Абай жолы» – қазақ халқының тұңғыш роман-эпопеясы. 1-кітабы «Абай» деген атпен 1942 жылы, 2-кітабы «Абай жолы» деген атпен 1947 жылы, 3-кітап

1952 жылы, 4-кітап 1956 жылы жарыққа шықты. Төрт том 26 тараудан, 2 эпиглоттан тұрады.

1-кітап «Қайтқанда», «Жолда» «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген жеті тараудан тұрады. Бас кейіпкер қазақтың кемеңгер ойшыл ақыны – Абай Құнанбайұлы. Роман-эпопеяда оның 13 жастан бастап, қайтыс болғанға дейінгі өмір жолы тұтас баяндалады. Тараулардың атаулары бас кейіпкердің өмір жолын, өсу жолын көрсетіп, мазмұндық-тақырыптық талдауға жол сілтеп тұр.

Бұл туралы жазушы Ғ.Мүсірепов былай деген екен: «...Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген әрбір бөлімнің аттары. Осыны біріне бірін жалғап, бір сағы етсең, қат-қабат шытырмандар арқылы, бел-белеске, өрге, қияға шығып келе жатқан Абайды көресің. Бұл – үздіксіз өсіп келе жатқан Абайдың жолы. Сонымен бірге бұл – Құнанбайдың да баспалдақтары. Осы сатыларды төмен қаратып қойып, аяғынан басына қарай оқысаң, бұл жоғарыдан ылдилап келе жатқан Құнанбайдың жолы болып шығады. Сонда Абайдың жолы – «Қайтқанда, қат-қабатта, шытырманда, бел-белесте, өрде, қияда» болады да, Құнанбайдың жолы – «Қияда, өрде, бел-белесте, шытырманда, қат-қабатта, қайтқанда» болады. Бірі көтерілу, бірі түсу – төмендеу жолы. Үшінші, бұл – Құнанбай тобының да, Абай тобының да жолы».

«Қайтқанда» деген I тарау «Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды. Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асыққан-ды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпаста өзі оятып тұрғызып еді», – деп басталады. Семей қаласында үш жыл оқуда болған Абайдың туған ауылына деген сағынышы Байтас пен жорға Жұмабайдың диалогі арқылы беріледі. Қауіп-қатері көп Есембай жырасына тақалғанда Абай жанындағы жолаушылардан ұзап кетіп, арт жақтан білдірмей қарақшыға ұқсап келіп, жорға Жұмабайдың қалың қара тымағын көзіне түсіріп жіберіп, шоқпарын тартып алады. Абайды іздеп, бұлардан сәл ұзап кеткен жүйрік атты Байтас қайта оралғанда Жұмабай:

– Өй, балам-ау, мына жер – жау жатағы. Бұл ұрының ойнағына кеп алып, жаман ырым бастағаның не қылғаның? – деп Абайға ренжіді.

Абай үлкен адамды қорқытқанына басында мәз болғанымен, артынан ерекше ілтипат көрсетіп, жол қысқарту үшін әдейі істегенін айтып, кешірім сұрайды. Осы арқылы болашақ ақынның болмысы, тапқырлығы бой көрсетеді. Ауылға келгенде амандасудың өзі үлкен төртіппен орындалады. «Телқара! Айналайын Телқара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау!» деген бір жеңгесінің сөзіне қарап, Абайдың екінші аты Телқара болғандығын білеміз.

Өзіне талай ертегі айтып беріп, тәрбиелеген әжесі Зеренің құлағы естімей қалғанын уайымдаған Абайдың «Емдесе қайтеді» деген сөзіне айналасы «Үшкірсе, кейде ашылып қалады. Үшкірген жағады» дейді. Ауыл әйелдері де «Мына балаң молда боп келді ғой, үшкірт балаң» деп кеу-кеулеген соң, Абай әжесінің құлағына «Юзі раушан, көзі гауһар» деп басталатын өлеңінің бір шумағын айтып, бір рет үшкіреді. Екінші рет осы өлеңнің тағы бір шумағын айтып, «су-ф-ф» дейді. Үшінші рет:



Зерделі ой

Әлемді көз алдыңа келтіру үшін, басқалардың көзіне түсу үшін, адам рухының қадір-қасиетін асқақтата көтеріп, жар салу үшін өз биігің – Мұхтар Әуезов сияқты шыңың болу керек.

Шыңғыс Айтматов



Бала Абай ақындармен бірге

Ұшады бозша торғай көдені ықтап,
Басасың аяғыңды нықтап-нықтап.
Кәрі әжем естімейді, нана берсін,
Берейін өлеңіммен шын ұшықтап, –

дегенде ғана қарап тұрғандар да, әжесі де Абайдың қалжыңдап тұрғанын түсінеді.

Тонтай нағашысының өлерінде айтқан «Жазыла-жазыла қожа-молдалардан да ұят болды, енді өлмесек болмас» деген мысқыл сөздерін еске алып, «нағашысына тартыпты» деген пікірлер айтылады. Осы эпизодтан болашақ ақынның қарым-қабілеті айқын көрінеді. Абайдан 5–6 жас кіші Оспан інісінің тентек қылықтары адамды еріксіз езу тартқызады. Тарауда ерекше орын алатыны – Қодар мен Қамқа оқиғасы. Оларды қалай жазалағанын кездейсоқ көріп қалған Абай төсек тартып, қатты ауырып қалғандығы оның сезімталдығын, жанының нәзіктігін дәлелдейді. Дәл осы кезде ауылға Барлас ақын мен оның шәкірті Байкөкше келеді. Бұл жердегі Барлас – атақты ақын Дулат Бабатайұлы. 1942 жылы шыққан нұсқасында «Керітартпа, ескішіл ақынды насихаттады» деген сын айтылғандықтан, жазушы оның есімін Барлас деп өзгертуге мәжбүр болған. «Қобыланды батыр», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақбала-Боздақ» жырлары мен Асанқайғы, Бұқар жырау, Марабай мен Жанақ, Шортанбай, Шөже, Сыбанбай, Балта, Алпыс ақын өлеңдерімен қатар өз өлеңдерін де жатқа оқыған Барласты Абай өтініші бойынша үйдегілер бір ай ұстайды. Кетерінде Абайдың шешесі Ұлжан екі ақынға шапан жауып, ат мінгізіп жібереді. Осы байланыс арқылы Абайдың өлең-жырға жастайынан құмар болып өскені байқалады. Ақынға тән болмысы осылайша қалыптаса бастайды.

«Қат-қабатта» деген екінші тараудағы басты оқиға – жер дауы. Бұрын бөкенші мен борсақ рулары жайлаған ішінде Қодар отырған шұрайлы жер Қарашоқыны Құнанбай енді өз меншігіне қаратады. Бұған үлкен бәйбішесі Күңкені ие етеді. Бөкенші руынан Сүйіндік, Сүгірлер, борсақ руынан Жексен (Қодардың туысқаны) көштері өз қыстауларына қоныстана алмай, қайта көшеді. Қодар мен Қамқа туралы өсекті жұртқа жайған Жексен мен Жетпіс қателескенін, арандап қалғанын қыстауларынан айырылғанда бір-ақ біледі. Жылап-еңіреп, Қодар мен Қамқаның аруағынан кешірім сұрайды. Сүйіндік, Жексендер қайта көшкенмен, Құнанбай атаған қыстауға бармай, Шыңғыс тауының Қызылшоқы, Қыдыр, Көлқайнар деген жерінде жаппа тігіп, көшпей отырып алады. Құнанбай қайта-қайта елші салып жүріп, бұларды өзінің атаған жеріне қоныстандыра бастайды. Ендігі бір көздегені – жатақ ауылдардың қожайыны Бөжей отырған Тоқмамбет қыстауын алу. Мұны осы қыстауға таяу отырған Байсалға алып бергісі келеді. Бөжейге кісі салғанмен, ол тыңдай қоймайды. Ыза болған Құнанбай бір қарулы жігіттерді жинап келіп, Бөжейге дүре соққызады. Бұған көтібақ руынан шыққан Байсал араша түсіп, өз жігіттерімен Бөжей жағына шығып кетеді. Бөжей Құнанбайға лағынет айтады.

«Жолда» деген үшінші тарауда Абай отызға тарта нөкер ерткен әкесімен бірге Қарқаралыға барады. Аға сұлтан Құнанбайдың айналасында әрбір жұмысқа жауапты сенімді адамдары мен тілмаш болады. «Тегінде, Құнанбай қолында Ғабитхан сияқты татардан, Ізғұтты сияқты қырғыздан, Бердіқожа сияқты қожадан келген, тіпті шеркестен де келген жеке адамдар немесе тұтас ауыл, топтар көп болушы еді» деп жазады жазушы.

Қарқаралыға келу себебі – Құнанбай үстінен жазылған Бөжейдің арызы. Осы кезде Құнанбай өз қаражатымен салдырып жатқан мешіт құрылысын көреді. Бұдан екі жыл бұрын Қарқаралыға ықпалы жүріп тұрған Қаздауысты Қазыбек бидің ұрпағы Алшынбай мен Құнанбай достығы тереңдеп, оның Түсіп деген баласынан туған Ділдәні Абайға атастырған болатын. Осы Алшынбай Тіленшіұлы іске араласып, Құнанбай мен Бөжейді татуластырады. «Екеуің бала аласыңдар. Бөжей Құнанбайдан бала алып, бауырына салсын. Иістерің аралассын» деп, Құнанбайдың кіші әйелінен туған 3 жасар Кәмшат Бөжейге аманат етіп беріледі деген шешім шығарады. Бұл сапарда Абай Шөже ақынмен және Алшынбай қасына ертіп жүретін Балта ақынмен жүздеседі. Тарау «Екі көзі қарақаттай жайнаған, аппақ» Кәмшаттың «от басып алғандай» «Апа, Апа! Әже!» деп шырылдап жылағаны Бөжейлер аттанып, ұзап кеткенше «... отқа өртеніп не суға жұтылып бара жатқан жанның зарындай боп, ызың-ызың естіліп тұрды», – деп аяқталады.

«Шытырманда» деген төртінші тарауда – Абай ел ісіне араласа бастайды. Қолы бос уақытында Фирдауси, Низами, Физули, Науаи, Бабыр сияқты шығыс классиктерінің шығармаларын оқудан бас алмайды. Қаладан қайтқанда екі қоржын кітапты Құнанбай Ғабитхан молдаға арнайы алдырады. Осы кітаптарды Ғабитхан арқылы әкесінен сұратып алып, Абай бір қыс кітап оқиды.

Абайдың ел ісіне араласуы Құнанбай тапсырмасымен «бес қасқа» атанған мықты бес ұлы бар Құлыншақ ауылына баруынан басталады. Құнанбай арнайы жібергендіктен, Құлыншақ Абайды баласынбай, жақсы қарсы алады. Абайдың келген шаруасы – борсаққа тиесілі Бетқұдық деген қыстау Ақперді деген кісінің иелігіне өткендіктен, әрі биыл пішен шауып алғысы

келетіндіктен, Құлыншақтан бұған дейін иеленіп келе жатқан жерге қонбауын өтіну. Құлыншақ:

– Ақперді, Ақперді, Ақпердіге Құдай бақ берді, – дейді. Сонда Абай: – Бақ берген емей немене, Борсақтан қалған аз жерді, Менікі деп тап берді деңіз, – деп жалғап әкетеді. Құлыншақ күліп: «Тек осыныңды Ақперді есіткей етті», – деп ырза боп қалады. Сөз арасында Құлыншақ: «Айыпқа мал бермеді деп Бөжей жағы қомсынады, білем. Сол кішкене қарындасыңның күтімі де келісті емес деп есіттім-ау? Айғыз байғұс соны сезіп, қайғырады ғой», – деген көңілсіз әңгіме бастайды. Абай Құлыншақ жетектеген сөздерге ілеспей, азырақ үндемей отырып, балаларының неге «бес қасқа» аталғаны туралы сұрайды. «Қасқа» дегені – батыр деп айтқаны дейді ғой мыналар», – деп, Құлыншақ баласына қарайды. Абай Құлыншақтың бар ойы «бөкенші, борсақтан жер олжа қылмадым» деген арман екенін танып, ішінен наразы боп аттанады. Әкесіне Құлыншақтың көнгенін айтса да, өкпесін айтпайды. Абайдың қасына еріп барған Қарабастан Құнанбай тағы сұрап, баласының әрекетін жіті бақылайды. Осының ертеңінде ол Абайдың қасына Қарабасты қосып, енді Тоғжанның әкесі Сүйіндіктің аулына жібереді. Мұнда әкесі тапсырған азды-көпті шаруаны айтқаннан кейін көбінесе әңгіме «Қарауыл», «Шыңғыс» деген атаулардың шығу тарихы, Құнанбайдың әкесі Өскенбайға үлкен ас бергендегі Сүйіндіктің пікірлері мен кейбір жер дауына айтқан билігі туралы сөз болады. Екеуара әңгіме жарастықта өткендіктен, Сүйіндік Абайдың шай ішіп отырған кесесін өзі алып беріп, үлкен құрмет көрсетеді. Бұл үйде де Кәмшаттың жағдайының төмен екендігі айтылады.

Бұл тараудағы маңызды жайт – Абайдың Сүйіндіктің екінші әйелі Қантжаннан туған Тоғжанмен танысуы және кейіннен жақсы досына айналған Ерболмен кездесуі.

Енді Құнанбай Абайды осымен өзіне өкпелі үшінші адам – Байдалыға жұмсайды. Ол – ана екеуі сияқты емес, Бөжеймен тізе қосып, әрдайым жаулықты мықты ұстап отырған адам. Абайдың өзін «шытырман ішіне жалғыз, құралсыз, әлсіз күйде» кіріп бара жатқандай сезінуі арқылы тараудың неге «Шытырманда» деп аталғанын ұрамыз.

Байдалы Абайларды жылы шыраймен қарсы алмайды. Абай «Байдалының Қаршығалы, Қопа деген қоныстарына Сүгір мен Сүйіндік қоса қонсын, бірге жайласын» деген әке сәлемін жеткізеді. Байдалы келісім бергенімен, Құнанбайдың «айналып келіп тек қана жігітек руына» тиісетінін айтып, кінә тағады. Бір кезде Байдалы ызғар шашқан өңін лезде өзгертіп, байсалды қалыпқа түседі. «Ашуы мен сабырын оңай жұмсап, оңай тежеп, оп-оңай бұрып салып отыратын шын ұстамды адамды» Абай алғаш рет көріп, таңғалады. Байдалы Қауменнің үйінде Қаратай, Бөжей, Байсал бас қосқан бір отырыста «Мырза кім?» дегенде Қаратайдың «Мырза – Құнанбай», «Шешен кім?» дегенде «Шешен – Құнанбай», «Жақсы кім?» дегенде «Жақсы – Құнанбай» деп жауап бергенін айтады. «Онда неге алысып жүрміз?» дегенде, Құнанбайдың «не қылайыны» жоқ қой. Сондықтан кетіп жүргем жоқ па?» дегенін баяндай келе, Абайға «Әкеңе осы сөздерді осы қалпында жеткіз» деп сәлем айтады.

Абай Кәмшат жайын Ұлжан мен Зереге ғана айтады. Аналарының тапсырмасымен, енді Абай Бөжей ауылы Қопа деген жайлауға қонған күні қасына Ғабитхан молданы ертіп, Кәмшатқа келеді. Астында жыртық жаялық, басында

жыртық шапанның жеңі, қол-аяғы шидіп, құп-қу шөлмектей боп әлсіз жылап жатқан баланы көргенде Ғабитхан молда:

– Ей, мазлума! Нилер ғазап көргенсің сен бейгүна мазлума! (арабша әйел жынысына ғана қаратылып айтылатын міскін әйел деген мағынада) – деп жылап жібереді. Мінез көрсетсе, Кәмшат үшін пайда емес, қайта оның азабын арттыра түсетінін түсініп, Абай ашуын тежеп, бәйбіше берген қымызды да ұрттамай, тез аттанып кетеді. Абай Кәмшаттың әл үстінде жатқандығын үй ішіне тегіс хабарлайды.

– Қайтейін, мен қайтейін?.. Кеше исі арғынның игі жақсысы бұйырды! – деп Құнанбай шешесі Зереге қарап, шарасыз күйге түседі. Ертеңінде Құнанбай жорға Жұмабайды жіберсе, Айғыз да өз тұсынан бір адам жібереді. Бірақ Бөжей кінәсін мойындамай, Құнанбайдың өзіне өкпе айтады. Аз күннен кейін Кәмшат қайтыс болады. Бөжей аулы Құнанбай мен Айғызға хабар айтпай, Кәмшатты өздері жерлей салады. Жазушы мұның бәрі қатыгездіктің, өшпенділіктің, білместіктің, надандықтың белгісі екенін тәптіштеп жазады.

Бірақ көп ұзамай, кенеттен науқастанған Бөжей де төсекте бес күн жатып қайтыс болады. Байдалы бастаған топ тағы да Құнанбайларға хабар бергізбейді. Сүйегін қыстауы Тоқпамбетке апарып қояды. Бұл тарау «Бөжейдей жұрт жоқтаған жанға топырақ сала алмай қалған жалғыз Құнанбай айналасы болды» деп аяқталады.

«*Бел-белесте*» деген бесінші тарауда – жер дауы төңірегіндегі дүрбелең одан әрі жалғасады. Жаз жайлауға шығу уақыты болғандықтан, ағасы Төкежанның ұсынысымен Абай бүлдірген теруге шығады. Сол кезде алдарынан Бөжейдің киімі жабылып, кекілі кесілген қара көк атын орталарына алған екі қызы бастаған қаралы көш өтеді. Олар кісілерді көргенде дауыс сап, жоқтау айтады. Абай осы топтың ішінен Тоғжанды танып, ерекше күйге түседі. Бұл көрініске әлі ештеңені түсінбейтін Оспан ғана мәз болып жүр.

Бөжей ауылы Құнанбайлар отырған жақын қонысқа көшіп келгендіктен, Құнанбай үш саба қымыз, бір ту бие, бір тай, Зере мен Ұлжан бір түйе сойыс алып, тайлы-тұяғы қалмай, Бөжей үйіне көңіл айтуға барады. Қыздар жоқтау айтқанда Құнанбайға да кінә таға кетеді. Сол кезде Құнанбаймен ағайындас Сары апаң Бөжейді мақтай әрі жақтай келе, сөзінің соңын:

Мына да қарлар не дейді?

Жақсыдан жаман көбейді.

Ескінің асыл көзі еді,

Ұрлап та көмдің Бөжейді, – деп аяқтайды.

Екі жақ бір-біріне деген өкпесін осылайша әйелдер аузымен жеткізеді. Қайтарда Құнанбай: «Күтсең, Сары апаңды күтсеңдерші», – деп оған деген ризашылығын бір-ақ ауыз сөзбен білдіреді.

Күз айының белгісін жұрттың жазғы үлкен киіз үйлерді қоймаға тастап, кішілеу қоңырқай үйлер тіге бастағанынан байқауға болады. Тағы да Құнанбай жағы мен жігітек арасында кикілжің басталады. Әңгімеге арқау болған жағдай – Майбасардың атшабарын жігітектің бір жігітінің сабап кетуі. Майбасар – Өскенбайдың басқа әйелінен туған Құнанбайдың інісі. Құлыншақпен болған келіссөз мәмілеге келмегендіктен, Құнанбай бөлініп кетеміз деген жігітекті тоқтату үшін тағы шабуылға шығады. Жіберген жігіттері басқа көшпен бірге байқамай қаралы Бөжей көшіне де тиіседі. «Бөжейдің қаралы көшіне шауыпты.

Өлі аруақты қорлапты» деген сөз желдей есіп, шартарапқа тарайды. Енді Байдалы да қол жинап, Тоғжанның әкесі Сүйіндік Түсіпті Қарқаралыға арыз айтуға жөнелтеді. Үш күнге созылған «Мұсақұл соғысы» Құнанбайдың жеңісімен емес, жігітек жағының күресуге, белдесуге жарайтындығын көрсетуімен аяқталады. Арада тып-тыныш 10 күн өтеді. Келесі күні Түсіптің арызы бойынша Чернов деген шенеунік пен Қарқаралыдан ілескен қазақтар Майыр дейтін көмекшісімен және бір топ қарулы жігітпен Құнанбай аулына түседі. Екі жақтың дауы – баяғы жер мәселесі. Арыз-шағым өте көп болғандықтан, ұлықтар Құнанбайды қалаға алып кетеді. Құнанбай кеткеннен кейін жігітек жағы Қаратаймен ырғаса жүріп, 15 қыстауды қайтарып алып, тынышталады. Мал да беріледі. Бұдан кейін Құнанбай үстінен арыз түспейді. Ал Абай бұл кезде айналасындағы үлкендердің барлық шама-шарқын танып болған еді. Ендігі ермегі – қолына домбыра алып, мөлдір күйлер, сұлу әндер шерту. Тоғжанды сағынышпен еске алады.

Құнанбай ісі Омбыға кеткендіктен, оған сол жаққа баруға тура келеді. Алшынбай паралап тастаған Майыр енді қысыла бастайды. Құнанбайдың бір құдасы Тінібек те көп көмектеседі. Майыр Керекуге жеткеннен кейін Құнанбайды өзі түскен үйге шақыртады. Барлық қағазды Құнанбайға көрсетеді. Ал Құнанбай пешке от жаққызып, өзі Майырдың қолын артына қайырып ұстап, Қаратайға барлық арызды жақтырып жібереді. Өтірік мас болған Майыр бұлар кете салысымен, үй иесі Сергей екеуінің келісімі бойынша есік алдындағы ескілеу сарайды мініп келген шанасымен бірге өртейді, Сергей қағаздың өртенгені туралы акт жасап береді.

Бір қыс сапарда болған Құнанбай елге қайтқанда енді сұлтан емес, Майбасардың орнына елге старшын болып оралады. Өйткені бұл кезде сұлтандық билік жойылып, старшын, болыс, майыр деген билік түрлері орнай бастаған. Абай былтыр Тоғжан ауылынан қайтарда танысқан Ербол деген жігітпен ойда-жоқта ұшырасып қалады. Жұғымды жігіт Ербол Тоғжанның жеңгесімен сөйлесе жүріп, Абай мен Тоғжанның жолығуына мүмкіндік жасайды.

Құнанбайды жалғыз ырғызбайлықтар ғана емес, топай, жуантаяқтың көп ауылдары зор құрметпен қарсы алады. Алда Тәкежанның үйлену тойы мен Абай, Оспандардың ұрын бару рәсімдері атқарылмақ.

«Өрде» деген алтыншы тарау Алшынбай ауылына Абайдың ұрын баруымен басталады. Бұған отыз шақты адаммен Ұлжанның өзі бастап, некеқияр салтын жасайды. Әкелген қалың малдың басы – кесек күміс бесік жамбы. 7–8 күндік жол бойында Абай мен Ерболдың жұбы жазылмайды. Абай қасына 12 жігіт ертеді. Еркектер жағын Ізғұтты басқарады. Келген жылқы, түйеден басқа жыртыс матаның өзі екі атан түйеге артылады. Ал келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи бөлек салынған. Осылайша, автор ұрын бару рәсімінің сән-салтанатын оқырманға таныстырады.

Алшынбай жағы да жеке үй тіккізіп, құдаларды ерекше күтеді. Той дүрілдеп өтеді.

10 күн өткеннен кейін Ұлжандар қайтып кетіп, Абай Ділдөнің қасында біраз күн болады. Айрылысар кезде Абай мен Ділдө бір-біріне үйренісіп, қалжыңдап та отырысады. Ділдө сүйкімді, сұлу көрінгенімен, екеуі бір-бірімен қабыспайды, шын ғашықтық оты тұтанбай, салқын күйде қалысады.

Осы тараудағы тағы бір басты оқиға – Абайдың Бөжей асын өткізуге атсалысуы. Абай жігітек басшысы Байдалының өзіне келіп, үй тіккізу үшін

бөлек орын сұрайды және жиынға келетін ең қадірлі, ең сыйлы деген елдің қонағының бірін беруін өтінеді. Бөжейдің нағашысын таңдаған Абай зор дайындыққа кіріседі. Байдалы жігітек тарапынан Ербол, Жиренше, Базаралыны көмекке береді. Абай жағынан бұл іске Ұлжан, Ізғұтты, Құдайберді бел шеше кіріседі. Оншақты үй тігіліп, бие сойылып, қой үйітіліп, бауырсақ пісіріліп, қарбаласып жатқан жұрт. Көрнекті жерден орын алған салтанатты үйлерге кімдердің түсетіндігі елдің бәрін қызықтыра бастайды. Бұл үйге Жетісу жақтан Бөжейдің нағашы туыстары кіреді. Тағы бір топ сыбандар жиынын бастап ақын Қадырбай келеді. Қадырбай Абай ісіне, қайтарған жауабына, әкесін қорғап айтқан тапқыр сөзіне дән риза болып, батасын береді. Бір түнеген қонақтарды күтудің ең ауыры – келер күн. Табақ тартуға өңшең күміс ер-тоқыммен ерттелген жорға аттарды сайлап, күтуші жігіттер бастарына тегіс біркелкі жібек орамал байлайды. Жазушы: «Ас ошағынан екі арада бұлар қос табақтан алып, қатар ызғытып жөнелгенде, өлке бойы жайнап кеткендей болады», – деп суреттейді. Бәйге, күрес сияқты ойын-сауықтар басталғанда, Абай елікпейді, өйткені алыстан келген қонақтардың кешкі сыйына дайындалуы керек. Қасындағы көмекші адамдардан да «хабаршы боп тұрайыншы» деп қатты қызыққан Ерболды ғана босатады. Бәйгеге 150 ат қосылады, берілетін сыйлықтың бәрі тоғыз-тоғыздан. Бірінші бәйге – түйе бастатқан тоғыз, екінші бәйге – Ұлжан әкелген күміс жамбы бастатқан тоғыз. Балуандар бәйгесі де сондай тоғыз-тоғыздан. Кешқұрым қонақтарды сыйлап, ертеңінде түскі асты ертерек бергізеді.

Қонақтар аттанғаннан кейін Бөжей мінген қара көк тұл атты Байсал мен Сүйіндік жығып, Байдалының өзі жылап тұрып, бауыздайды. Бұлардың «үшеуі де кейін «жол» алды» дейді. Ұйқы қысқаны соншалық, Абайлар үйге келе сап, төсекке құлайды. «Екі түн, бір күн ұйықтамаған Абай осы қалың ұйқының уағында өзінің қандайлық абыройлы, атақты, жақсы жігіт атымен оянғанын білген жоқ-ты», – деп жазады жазушы.

Жігітек ауылымен татуласқаннан кейін Абайға Сүйіндік ауылына баруға жол ашылады. Осындай бір сапарда тура алтыбақан теуіп, ойын ойнап жатқан той үстінен түседі. Тоғжанмен кеңірек сөйлесіп, екеуі бір-бірін қалтқысыз сүйетін ғашықтар екенін аңғартады.

Үйге келген соң, Абай әке-шеше ұйғаруымен Ділдәні алып келеді. Ал Құнанбай болса, «бес қасқа» атанған Құлыншақтың екі баласын Жетісуға жер аударып, бір баласын кепілдікке қойып, «баламды ұрдың, інімді масқараладың» деп, айып-анжыны да баса салады. Абай қайтып келгенде жұлысқан тартыс жоқ. Алтыншы тарау «Бірақ ауыл-үй, ағайын арасы тағы да томсарған наразылыққа, бітеу жараға толы екен» деп аяқталады.

«Қияда» деген жетінші тарауда 16 жастағы Абай әке атанады. Ділдә түскен жылдың келесі көктемінде Ақылбай (1861–1904) деген тұңғыш ұлы, жыл өткенде Кұлбадан (1862–1932) деген қызы дүниеге келеді.

Құнанбай Қаратайдың ақылымен Бердіқожаның қызы Нұрғанымға құда түседі. Әкесі қарсы болып, бергісі келмегенмен, балалары үгіттеп, әсіресе, Бурахан көндіреді. Осы тарауда М.Әуезов қожалардың қайдан, қалай ауып келгендігі туралы айтып өтеді. «Құнанбай тегінде жігіттің денелі, бітімділігін ұнататын. Бурахан аса сұлу және денелі жігіт еді. Соның тұлғасын тамаша етіп, бір күні: «Бір үйдің ішіне жүз кісі кем адамды жиып, соның арасына Бураханды кіргізіп, отырғызып қойса, аналардың кемдігі көзге көріне ме?» деген. Нұрғанымның М.Әуезовке апай

болып келетінін сөз басында айтқанбыз. Ұлжан Құнанбайдың бұл ісіне қарсы болып, наразылық білдіреді. Бірақ Ұлжанды көре алмай, үнемі атысып жүретін Күңке бұл жағдайды пайдаланып, Құнанбай жағына шығып кетеді, сондықтан да Нұрғаным Күңке отырған Құнанбайдың Қарашоқыдағы үйіне келін боп түседі.

Абайды «Жалғызым» деп еркелеткен асыл әжесі, айналасына өте қадірлі, мейірбан адам болған. Зере (1785–1873) ауру іліне салысымен, көп жатпай, 88 жасында қайтыс болады.

Бұл тараудағы ең басты оқиға: Құнанбайдың 24 жасқа келген баласына «Сенің бойыңнан үш түрлі мін көрем. Соны тыңда» деп айтқан сынына қайтарған Абайдың жауабы арқылы қаншама қиын жолдан өтіп, қияға шыққан жас ғұламаны көреміз. «Ең әуелі арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіңдегі барыңды арзан ұстайсың... Жайдақсың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды», – деп басталатын әке айыптауы да оңай емес. Ал Абайдың: «...Қолында құралы бар жалғыз-жарымға ғана пайдасы тиетін шыңыраудағы су болғанша, құралды, құралсыз, кәрі, жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын», – деуі – ой-өрісі жетіліп, өмірге көзқарасы әбден қалыптасқан адамның аузынан ғана шығатын сөз.

Бұл тарау әке мен бала арасындағы ойлы сұхбаттан кейін: «Қияға қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң құздың басындағы тақыр құм мен тастақты жарып, әлсіз нәзік шешек атып, жас шынар пайда болған. Сондай бір гүл шашқан. Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған-ды», – деп түйінделеді.

«Абай жолының 2-кітабы «Тайғақта», «Жайлауда», «Еңісте», «Оқапта», «Асуда», «Тарауда», «Биікте» деген жеті тараудан тұрады.

«*Тайғақта*» деген бірінші тарау Құнанбайдың қажылыққа аттануынан басталады. Семейдегі құдасы Тінібектің (Құнанбайдың Ұлжаннан туған Мәкіш деген қызының атасы) үйінен аттанар алдында жолын тосып тұрған Дәркембай Қодардың інісінен туған жетім Дәрменге құн сұрайды. Дәркембай – «Мұсақұл соғысында» Құнанбайды атпақ болған кедей жатақтардың бас көтерер адамы. Майбасарлар Дәркембайды жолдан ысырып тастамақ болғанда, әкесі үшін намыстанған Абай араша түсіп, Дәрменге қалтасынан 100 сом беріп, жөнелтіп салады. Құнанбаймен бірге баратын Ізғұтты – Құнанбайдың баласындай болып кеткен асыранды інісі. Азан шақырып қойған аты ұмытылып, қарулы, тапқыр және жолы жеңіл болғандықтан, «Ізі құтты» атанған.

Әкесін шығарып салып, қайтып келе жатқанда Орда тауының етегінде орналасқан Байшора аулына түседі. Жолдан шаршаған Абай мен Ербол тынығып алмақ болып, жатып қалады. Абай әсем әуен үнінен оянады. Ән салған Тоғжан екен деп ұйқылы-ояу далаға атып шыққан Абай ән шыққан үйге Ерболды жібереді. Осылайша, Тоғжан салатын «Топайкөк» әні арқылы Шүкіманмен танысады. Ертеңінде Абай «Керім... Керім... Несін айтасың...» десе, Ербол да «Әй, керім, Әй, керім...», – дейді. Осы сөзден барып, Абай оны Әйгерім атайды. Әйгерім атанған әнші-сұлуға Абай көп ұзамай қыздың да, үй ішінің де келісімін алу үшін Жиренше мен Ерболды жібереді.

Абайдың Ербол сияқты жақсы достарының бірі – Жиренше. Ол – көтібақ Байсалдың немере інісі, Қоңыркөкшеде отырған мамай елінің болысы. Ал Әйгерім – осы мамай елінің қызы. Сөзге шебер, жылпос жігіт Жиренше бұлардың келісімін алып қайтқаннан кейін, Абай енді одан шешесі Ұлжанмен

сөйлесіп беруін сұрайды. Ұлжан бұл істі мақұл көрмей, Абайдың өзін шақырып, сөйлеседі. Баласының кейін опық жейтінін айтып, ұзақ сөйлеген Ұлжан: «Ендігісін өзің біл. Өзің ойлап, өзің шеш», – дейді. Абай үндемей кетеді. Біраз уақыт өткен соң, Жақып, Жириенше, Оспан, Ғабитқандар барып, құда түседі.

«*Жайлауда*» деген тарауда Абай мен Әйгерім отауына атақты Біржан сал қонаққа келеді. Ауылдың өнерпаз жастары жинала бастайды. Осылардың ішінде Сүгірдің Әкімқожа деген баласынан туған Керімбаланың орны ерекше. Ол – Біржанның әнін ғана үйренуші емес, орындаушысы да. Ал Әйгерім ән салғанда, Біржаннан бастап, тіпті Абайдың өзі де қозғала алмай, ұйып қалады. Бәйбішесі Ділдә отырған үлкен үйге шақырылған Абайға «Қу кедейдің қызы басынбасын... Үні шықпасын бұдан былай» деген сөздер айтылады.

Бөкеншінің Сүйіндіктен кейінгі билеушісі – Сүгірдің немересі Керімбала мен жігіттен шыққан қарапайым әнші Оралбай бір-бірін ұнатып қалады. Керімбала Қаракесектің байларының біріне атастырылған. Қос ғашықтың бұл әрекеті жігітек пен бөкенші арасында шайқас тудырады. Базаралы мен басқа жанашырлары екі жасты жасырғанмен, бөкенші жағы тауып алып, Керімбаланың қол-аяғын байлап, атастырған жеріне жөнелтеді.

«*Еңісте*» деген үшінші тарауда – Абай Әйгерімді ғана алып, Ақшоқыға жаңа отау тігеді. Құс салып жүрген Құдайбердінің үлкен ұлы Шәкеге Абай мен Оспан жолығады. Тәкежан мен Қаражанның тұңғыш баласы Мақұлбай қайтыс болады. Құнанбай Мекке-Мәдинадан келгеннен кейін дүние ісіне араласпай, өз мекенін намаз оқитын орынға айналдырады. Базаралы төрт жылға жуық қажылықта болған Құнанбайға сәлем бере келеді. Жүзі нұрлы, жолбарыстай келбетті тұлғалы Базаралының жүдеп-жадаған күйін көріп, Нұрғанымға жаңа киім тіккізуге тапсырма береді. Үйіне сауын боларлық екі сиыр, бес құлынды биені жаздай саууға жіберткізеді. Құнанбай Мақұлбайдың жетісі өткенше Нұрғаным ауылына қайтпайды. Базаралыдан Нұрғанымды қызғанған Оспан бұл ауылға су бергізбейді. Бұған ызас болған Нұрғаным сазды жерде тұрған ас үй ішінен құдық қазғызады. Кейін Оспан мен Нұрғаным тартысы аңызға айналады. Әйгерім Абайдың жазып берген жоқтау өлеңін айтқанда Құнанбайдың өзі ден қойып тыңдап, Мақұлбайдың қырқы өткенше баланың жоқтауын тек Әйгерімге айтқызуды тапсырады. Ералыда болыстық сайлау өтеді. Андреев деген тілмашты жақсы танитын Абай советник Лосовскийге мән-жайды түсіндіріп, Базаралы жағында болады. Дәркембай, Базаралы бастаған қарапайым халық жеңіп, Тәкежанды жақтаған тентек ояз оны амалсыз болыстықтан түсіреді. Керімбаладан айырылған Оралбай тобықты, керей, сыбан, найманның үлкен байларына барымта жасап, ел бүлдіруді бастайды. Ералыдағы сайлауда оязға қарсы шыққан Абай қалаға жауапқа шақырылып, каталашкаға түседі. Құнанбайдың құдасы Тінібекпен араласатын Әлдеке деген бай саудагердің үш сәйгүлікті пәуеске мініп жүретін сері қызы Салтанат Абайды кепілдікке мың сом төлеп шығарып алады. Салтанат – Абайдың апайы Мәкіштің құрбысы.

Лосовский ояз болады. Ол Қызылмола, Қоңыркөкше, Шыңғыс болысы сияқты үш болыстың сайлауына Абайды қасынан тастамай, ертіп жүреді. Қызылмолаға Абайдың інісі Ысқақ болыс болады. Абай атағы жайыла түседі.

«*Оқапта*» деген төртінші тарауда Есқожа аулының ерке қызы, сәнді сұлу, әнші Үмітей Көкше Қаратайдың туысы Дүтбайға ұзатылмақшы. Тойда Құдайбердінің ұлы Әмір бастаған сал-серілер өнер көрсетеді. Той үстінде Үмітей

Өмірге бұрылып кетеді. Ашуға булыққан Құнанбай Өмірді үйіне алғызып, еңкейіп сәлем бере бергенде, қылқындырып, өлтіре жаздайды. Өкесінің мінезін білетін Абай дер кезінде жетіп, Өмірді арашалап қалады. Абай Шәке, Ербол, Баймағамбет сияқты бір топ туыс-достарымен аңға шығып, ақ түтек боранда жолдан адасып кетеді. Сол жолы Мотыш руының Аққозы деген жігітіне ұзатылып кеткен ғашығы Тоғжанға кез болады.

«*Асуда*» деген бесінші тарауда ертегіші, әңгімешілдігімен атағы шыққан Баймағамбет Абай аулына келеді. Ол сюжетін Абай айтқан немесе басқа ел аузындағы оқиғаны баяндағанда жұртты аузына қаратады. Баймағамбет келіпті дегенді естігенде, әңгімесін тыңдауға ел адамдарымен қатар Абай балалары да келеді. Үйде Ақылбай, Әбіш, Мағаштар бар. Қаладан келе жатқан Жидебайдағы үлкен ауылдың көршісі Асылбай Абайға Михайловтың хатын тапсырады, Ресей патшасы өлтірілгенін хабарлайды. Орнына Александр III отырады. Абай мен Баймағамбет ертеңіне Семейге жол тартады. Жазушы Абайды Евгений Петрович Михайловпен ұзақ сөйлестіріп, оның өмір тарихынан сыр шертеді. Чернышевский туралы да айтылады. Дәркембай бастаған жатақтардың егінін Тәкежанның малы таптап, жеп кетеді, жеті жылқысы қолды болады.

«*Тарауда*» деген алтыншы тарауда Балқыбекте сияз болады. Арыз-шағым көп түскендіктен, тағы Лосовскийдің өзі келеді. Тіпті жер мәселесіне байланысты ақын Көкбай Жанатайұлының да үстінен түскен арыз бар. Абай арыз-шағымды өзі тексеріп, кімнің сөзі рас, кімдікі өтірік екенін басын ашып, айтып береді. Көкбайды ақтап алады (Абай алғашқы өлеңін осы ақынның атынан жариялаған. Көкбай Әуезовке Абай туралы мағлұмат беріп, өзі де естелік жазған). Дәркембайдың отыз қаралы малын қайтартқызады. Салиқа мен Байгөбектің мәселесін шешеді. Ертеңінде сыбан, керей, уақ, тобықты, сақ-тоғалақ, арғын бастатқан екі дуан бас қосқан сияз болады. Болыстардың бәрі төбе би болудан үміткер. Абай төбе билікке өз туыстарын емес, халық өкілі Асылбекті сайлатқызады. Осы арқылы қалың ел арасында Абай тұрашылдығы аңызға айналады. «Абай – адам да, азамат та» деген сөз тарайды. Абай балаларын орысша оқуға бере бастайды. Өзі шығармашылыққа біржола ден қояды.

«*Биікте*» деген жетінші тараудың «Татьянаның сахарадағы әні» деген тағы бір аты бар. Бұл тарауда Абайдың А.С.Пушкиннен аударған «Евгений Онегин» поэмасының елдегі әсері сөз болады.

Эпилогта Татьянаның әні жұрт арасында кеңінен тарайды. «Алда – өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз... бір қуаты, бір үміті бар... Қуаты – ақындық, үміті – халық».



*Қалың елім, қазағым,
қайран жұрттым*

3-кітап «Абай аға», «Кек жолында», «Қарашығын», «Өкініште», «Қақтығыста», «Қоршауда» деген алты тараудан тұрады.

«*Абай аға*» деген бірінші тарауда ел ағасына айналған Абай қасына топтасқан жастарды көреміз. Олар: өз балалары – Ақылбай, Мағаш, інісі Ысқақтың баласы – Кәкітай, Құнанбай қажыға аттанарда Дәркембай құн сұрайтын Қодардың жалғыз туысы – Дәрмен. Дәркембай өз қолымен Абайдың қасына қосқан осы жатақ баласы еті тірі, әңгімешіл, өлеңге құмар болып өседі. Абай Дәрменді қасынан бір елі тастамай, үнемі ертіп жүреді. Дәрмен – тарихи шындыққа негізделген жиынтық образ.

Тарау көш суретінен басталады. Бірге келе жатқан осы төртеуі жол бойы іліп-қақпа өлең құрастырып, әзілдесіп келеді. Кенет Мағаш:

– Күз болды ма, бөтір-ау, неге тоңдым, – деп Ақылбайға қарайды. Сонда Ақылбай:

– Тоңғаның рас, бозарып түсің де оңды, – дейді. Келесісіне Дәрмен ыңғайлана бергенде Кәкітай тоқтай тұр дегендей белгі беріп:

– Бірін тоңып, бірің оң, жұмысым жоқ,

Ойына түк кірмейді Кәкітай шоңның, –

дейді. Бұлар «шоң» деген сөзге таласып, арттарында келе жатқан Ербол мен Баймағамбеттен сұрайды. Олар да мағынасын дөп басып, таба алмағаннан кейін, Абайға жүгінеді. Абай «шоң» деген сөз әсілі қырғызға тән болуы керек, бірақ қазақта да кездесетінін мысалдармен айта келіп, «бәріңді Кәкітай қирата жеңіп отыр» деген шешім шығарады. Абай айналасы күнде осындай әңгіме-жырға толы. «Еңлік-Кебекті» жазуға Шұбар мен Дәрмен таласады.

Жеті ауыл Жігітекке тән қыстық пішеннің қақ жартысын Абайдың ағасы Тәкежанның баласы Әзімбай зорлықпен ордырып алады. Шыңғыстың болысы бөкеншіден шыққан Күнту болыс болғандықтан, Базаралы айдаудан қашып келеді.

«*Кек жолында*» деген екінші тарауда Әзімбай жігітектің шөбін ақыры бермейді. Тәкежанның үйіне барған Абай Исаның шешесі Иіс кемпірге орта қап қиды өрең берген Қаражан әрекетін көріп, атақты «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» деген өлеңін жазады. Тәкежанның қойшысы Иса жаңбыр мен дауылдан ыққан қойды құтқарам деп, төрт қасқырды өлтіріп, қайтыс болады. Базаралы 45 адамды жинап, Тәкежанның сегіз жүз жылқысын елге соғым есебінде таратып жібереді. «Базаралы – Тәкежан дауының» соңында жігітек руы сегіз жүз жылқыны екі еселеп қайтаратын болады. Халық басына тағы да ауырлық орнайды.

«*Қарашығын*» деген үшінші тарауда Абайдың Ділдәдан туған ақылды баласы Әбіш (Әбдірахман) оқудан қайтады. Патша өкіметі тарапынан салынатын салықтың бір түрі қарашығынды Далбай мен Дүйсен жинай бастайды.

«*Өкініште*» деген төртінші тарауда Әбіш болашақ сүйген жары Мағрипамен кездеседі. Жастар қауымы Қоңырәулие үңгіріне барады. Әбіш үңгір маңындағы көп қорымда тасқа қашалған әртүрлі таңба сырын Көкбайдан сұрағанда ол Абылай жорығы, қалмақ шайқасы, Қаракерей Қабанбайдың дәл осы жерде «Дарабоз» атануын айтып, тарихтан сыр шертеді. Базаралы – науқас. Қаскөй, жауыз адам боп сипатталатын Оразбай көп мал ұрлатып, бай болып шыға келеді. Абайдың інісі Оспан болыс пен Оразбай қақтығысы басталады.

«*Қақтығыста*» деген бесінші тарауда Оспан бес-алты күн ғана ауырып, кенеттен қайтыс болады. Абай Тәкежан мен Ысқақтан гөрі жаратылысынан алып денелі, кесек мінезді Оспанды ерекше жақсы көрген.

Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай...
Жан біткенге жалынбай,
Жақсы өліпсің, япырмай! –

деп келетін «Оспанға», «Кешегі Оспан» деген жоқтау өлеңдер жазған Абай романда бір қыс бойы сарыуайымнан шыға алмайды. Ресейден орыстар келе бастайды. Өзімбай жылқылары жатақтың бидайына түседі. Үлкен шайқас туындайды. Ырғызбай елі Оспанның жылын береді.

«Қоршауда» деген алтыншы тарауда Абайдың үнемі қара халық жағында болуы, жеті жатақты жақтауы кектенген бай-мырзалардың ашу-ызасын туғызып, Абай үстінен арыз түседі. Мұның басты ұйымдастырушысы – Оспаннан кегін ала алмай қалған Оразбай. Абай жауап беру үшін қасына Ербол мен Көкбай, Баймағамбет, жастардан Мағаш, Дәрмен, Көкітайды ертіп, Қарамолаға (қазіргі Шар, Жарма ауданы) келеді. Ал Әбіш ел атынан арыз ұйымдастыру үшін ауылда қалады. Базаралы науқасынан жазылады. Арыздың көптігін айтып, советник Лосовский Абайдан теріс айналады. «Абай халық үшін, халық Абай үшін» деген Базаралы өзі жиған қоржын толы приговорларды алып, бөлек сапар шегеді. Жаңа жандарал арыздарды тексере келгенде, Абайды жақтаушылар арызы дәлелді болады. Базаралы жандаралға кіруге жол табады. Түрмеде отырып, аздап орысша біліп қалған сымбатты Базаралының орыс тілінде «Біз Петерборға дейін барамыз» деген сөзі жандаралға үлкен әсер етеді. Басқа да Абайды жақтаушылар молая түседі. Үш чиновник ақылдаса келе, съезд өткізу үшін беделді билерді сайлау керек, соның бірі Ибрагим Құнанбаев деген шешім шығарып, жандарал қалған істі Лосовскийге тапсырып, аттанып кетеді. Бүгінгі көзқараспен қарағанда, Кеңес өкіметі тұсында (1917–1987 жж.) да арыз-шағым арқылы қарсыласының жолын байлау патша өкіметі кезінен келе жатқан мәселе екендігін «Абай жолынан» анық аңғаруға болады. Арыз-шағымнан Абай тартқан азап Кеңес өкіметі кезінде Әуезовтің басынан да тура солай өткен.

1885 жылы Абай бес дуан елге төбе би болып, жарғы шығаратын атақты «Қарамола құрылтайы» романда осылай қарапайым түрде аяқталады.

Осы құрылтайда билермен үш күн ақылдаса отырып, бекітілген 73 баптан тұратын Жарғы 1886 жылы Қазан қаласында кітапша болып басылған. Абай жазған бұл жарғы «Ереже» деп аталған. Мұның татарша аударылған бір данасын 1985 жылы жазушы Ғабит Мүсірепов Орталық мұрағатқа өткізген. Ереже алдымен орысша басылған. Басқа да мұрағаттық нұсқалары бар. Қазір түпнұсқасы да табылды.

Абай жолының 4-кітабы «Түн-түнекте», «Құз-қияда», «Қапада», «Қас-тықта», «Шайқаста», «Жұтта» деген алты тараудан және эпилогтан тұрады.

«Түн-түнекте» деген бірінші тарау Абайдың қаражат мәселесімен Семейге келуінен басталады. Өйткені Петербургтен оқу бітіріп келген баласы Әбіш Алматыға қызмет жайына жүретін болғандықтан, қалаға мал айдатқан. Семейге кештетіп келген, «Абайдың сыр сандығы» атанған Баймағамбет екеуі Изғұттының қызы Дәмежанның үйіне түседі. Осы үйде Жұман қырт, балалары да «Құнанқырт», «Дөненқырт», «Бестіқырт» атанған Жұман мен Бестіқыртқа жолығады. Түнде Абай уайымдамасын деп, Дәмежан айтпаған әңгімені екеуі жарыса баяндап, өздерінің қашып бара жатқанын айтады. Қалада іш ауруы тараған екен. Абай әйелі дәрігер Федор Иванович Долгополов («Абай жолы»

деп аталуына дейін, кейініректерде Долгов деп берілген) досын шақыртып, мән-жайға қанығады. Дәрігер түбі Үндістаннан шыққан оба ауруының Ресейде үшінші рет таралып отырғандығын, ал қазақтар арасында тіпті дендеп бара жатқандығын, өйткені ауру шыққан үйге адамдар көп жиналып, қайта-қайта тамақ ішетінін айта келіп, елге ықпалы жүретін адам мұны тоқтатпаса болмайтындығын айтады. Ертеңінде басқа үйге ауысқан Абай сол жердің білікті адамы Сармолданы шақырып, мешітте насихат жұмысын жүргізу қажеттігін айтады. Бұған «өлімді жерде молда семіреді» демекші, дінбасылар қарсы шығады. Жұма намазда Сармолда бұл уағызды екінші рет айтады. Барлық қала халқы құлақтанып, жұрт жөнді жиылмаса да, ауру асқына береді. Мал базарына келген Абай: «Жаназаны халфе, қари молла, мәзін шығарсын деген шарифат жоқ. Дұға білетін мұсылман өз жақынын мешіт, медресені мазаламай, жаназа шығара, құран аудара, хатім қыла берсін», – дейді. Абайдың «аурудан сақтан» деген сөзі де қала халқына жайылады. «Оба бәлекетінен құтылудың жолы бір жақсы адамды құрбан ету» деген сөз тарап, бір кекшіл өштескен топ Сармолданы өлтіреді. «Құзғын тәрізді молдалар» тоқтау айтқанның орнына «шарапатты адам» деп жариялайды. «...Қараңғы, надандық, қыңыр, дүлей зорлық күштің меңіреулігі», дінмен көмкерілген «...елдің топас әрекеті» Абайдың амалын тауысып, діңкесін құртады. Шәрібжан халфені ұрып-соғып, үйін ертейді, Соқыр қаридың сәлдесін әжетханаға тастап, өзін ұрып, қораға қамап кетеді. Семейдегі жеті мешіттің имамдары арызданғандықтан, полиция араласып, бұзықтық дереу тоқтатылады. Ауылдан «Артым – қуғын, алдым – өрт» деп алқынған Дәрмен жетеді.

«Құз-қияда» деген екінші тарауда қашқын Дәрменнің сыры ашылады. Әбіш Керегетас деген жердегі ноғай аулына бір топ жастарды ертіп, күйеушілеп барғанда, Дәрмен жалғыз шешесі ғана бар Мәкен деген қызбен танысады. Екеуі бір-біріне қылаусыз ғашық боп қалады. Мәкен – Оразбайдың жақын ағайыны Дайырдың жесірі. Әкесінің тірі күнінде Мәкен Дайырдың інісі Қайырға атастырылған. Қайыр қайтыс болып, бұған Дайыр ие боп қалады. Оразбайдың ықпалымен Абай мен оның өрен-жаранын жау санайтын Дайыр сауық-сайранның қақ ортасында жүрген Мәкенді шақырып алып, «үйіңе қайт» деп ұрысады. Тіл ала қоймаған Мәкенді қамшымен тартып-тартып жібереді. Сол кезде оған Дәрмен араша түседі. «О не, немене, бұл кім?» деп ұмтылып келе жатқан Әбішті аңғарады да, Дайыр:

– Сенгенің Абай шығар! Абайың түгіл, Құдайыңды пана тұтсаң да жерге қағармын, – деп шапқылай жөнеледі.

Абай Дәрменнен Әбішке хат жазып береді. Оразбай Абаймен келісім жасау үшін аса айлакер Есентай деген атқамінерін жібереді. Абай басында балалардікі қателік деп мойындағанымен, Оразбай екі жастың мойнына арқан сап, өлтіргелі отырғанын айтқанда ыза болған Абай:

– Сен келіс сөзді әкелмей, кетіс сөзді әкеліпсің ғой. Бар, жөнел, ендеше! Айта бар Оразбайға, істеп көрсін жауыздығын, бірақ өкініп жүрмесін. Жер төңірісіп құтырыпты ғой, жерге қағатын күш бар екенін ұмытпасың! Шық бар, жүре бер! – деп қатты ашуланып, қабақ түйіп, екі көзі қанталай түсіп, Есентайға қадалғанда, ол үн қатпастан шығып кетеді.

Бұл кезде Семейдің жұмысшылары орналасқан «Затон» ауданында тұратын Дәрменнің досы Әбеннің үйіне «екі қашқын» мен Әбді (Дәрменнің

досы), Кәкітай келеді. «Арғы бет», «бергі бет» деп екіге бөлінетін Семей қаласын Ертіс өзені бөліп жатыр. Ол кезде көпір жоқ, паром, қайықпен ғана жүреді. Мұқа мен Әлмағамбет мініп келген алты атқа ие боп, арғы бетте қалады. Кәкітай Абай жазып берген хатты алып, шайға қарамастан, түнделетіп, Данияр үйіндегі Әбішке келеді. Әбіш хатты оқи сала, жеңіл трашпенкесін дереу жектіріп, әйелі Мағрипаны алып, Әбен үйіне келеді. Семейдің «ояз начальнигіне» және «окружной сотына» Әбіш өз қолымен екі арыз жазып, «Мәкен Әзімқызы» деген жерге Мәкенге қол қойғызады. «...Мен кетпей тұрып жеткендерің жақсы болды. Әлім жеткенше, қолымнан келгенше... аянарым жоқ... Енді сендер егер әрекет бітті. Қалған тауқымет менде, мына Кәкітайда... кезегі келсе, қайраты мен намысын жібермес, мынау екі ер-азамат Әбді мен Әбенге міндет болсын», – дейді. Арғы беттегі Мұқа мен Әлмағамбетті де алдырып, Мәкен мен Дәрмен қасына қоятындығын, аттарды қорада, ал бір атты тоғай ішіне тұсаулап, хабар жеткізуге дайын болуға байлам жасайды.

Ертеңінде Дайыр мен жанжалқой Қорабай келеді. Олар ат үстінде қамшы үйіргенмен, бұлар алдырта қоймайды. Әлмағамбет хабар жеткізеді. Сол кезде 40–50 саудагермен қайта келген Дайырлар Айша, Мұқа, Әбенді қан-жоса қып, екеуін алып кетеді. Әбді екеуінің үстіне жығылып, соққыны өзі жеп, бірге кетеді. Паромға жетіп үлгерген әскери киімді Әбіш, паромды тоқтатқызып, сол жердегі полицейге тапсырма береді. Өзін военно-полевая артиллерияның поручигі деп таныстырады. Қалтасына қанжарын салып алған Әбді паром ішінде екеуіне ешкімді жолатпай, қарсыласып тұрғанда затонның еңгезердей оншақты қазақ жұмысшысы да жетеді. Әбіш арыз берген Семей облысының уездік начальнигі Маковецкий қылмыскерлерді ұстайды. Ол істі сотқа береді. Әбіш патшалық қызметкері ретінде куәлік жазады. Абайдан бастап, айналасындағы барлық адам тегіс куәгерлік етеді. Тергеуші Злобинге Әбіштің өзі сөйлесіп, мол мәлімет беріп, әскери қызметіне аттанып кетеді. Ұзақ тергеудің соңы Мәкен басына азаттық берілуімен аяқталады. Кезінде қалың малға берілген шығынды Абай жағы мен достары бөлісіп төлейді. Осымен дау аяқталады.

«Қанада» деген үшінші тарау Әбіштің қайтыс болуына байланысты осылай аталған. «Қапа» деген сөз – *мұң, нала, шер, зар* деген сөздермен синонимдес. Бұл кезде Абай Әбішке арнап, 13 өлең жазған. М.Әуезов ақын өлеңдерінің мазмұнын ғана емес, «Әбдірахман ауырып жатқанда», «Шын сорлы мен-дағы, Мағыш байқап қараса» деп аяқталатын өлеңдері мен хат-өлеңдерді мысалға келтіріп отырады. Әбдірахманмен бірге туған Мағаш (Мағауия) үнемі Алматыда ағасының қасында болады. Жатқан үйі – Құнанбайдың жиені Әпсәметтікі. Ол әйел, бала-шағасымен Алматыда тұрады. Мағаш пен ауылдан бірге келген Майқан екеуі қала ішіне мініп жүретін күйлі ат сатып алуға Никольский базарына барғанда Дәт деген жігіт бұлардың Абайдың туысы екенін біліп, Торжорғаны ұсынады және Әпсәметті де білетін боп шығады.

Әлсіреп жатқан Әбіш Әпсәмет пен Мағаштың қолдарын ұстап: «Менің Мағашым үйден шықпай, сарғайып жүдеп кетті. Бүгін орыстың қызық мейрамы – масленница... төртеуің ат жегіп, қаланың ортасына барыңдар. Торжорға атты қосыңдар... Мен бәйге беремін», – дейді күліп. Торжорға бәйге алады. Жыр алыбы Жамбыл Жабаев келеді. Жамбыл Дәт арқылы бүгін көңіл сұрауға арнайы шыққанын, бірақ үй иелерінің Торжорғаның жарысына кеткенін естіп, күн барда келе алмағанын айтады. Қонақтар қонып, ертеңіне қалын сұрау үшін

Әбіш жатқан үйге келеді, Жамбыл өз өлеңдерін, Мағаш Абай өлеңдерін оқып, әнін айтып, мез-мәйрам болады. Жамбыл сол жерде:

Әкем-ау, жойқын екен Абай үні,
Далада өзгеріпті-ау жырдың түрі.
Жетісу, Алатауды таңғалдырып,
Мені келіп оятты-ау бүгін әні, –

деген өлең жолдарын арнайды.

«Осы кеш пен түн Әбіштің бой жасаған, соңғы қуатын танытқан болымсыз, шолақ шағы...» болады. Әбіш Әпсәметке қолға ұстайтын жері піл сүйегінен, қынабына тұтас күміс шапқан ұзын қылыш сыйлайды.

Абай үш арбалы көлікті арнайы Алматыға жіберіп, Әбіштің сүйегін алдырады. Былғарыға тігілген Әбіш денесі бұзылмай, сол қалпы жетеді. Оны шешесі Ділдә мен әйелі Мағышқа қана көрсетеді. Әбіш үлкен анасы Ұлжанның қасына жерленеді. Бұл кезде жатақтың белсенді өкілі Дәркембай да қайтыс болған.

«**Қастықта**» деген төртінші тарау тобықты мен уақ рулары арасындағы жер дауынан басталады. Уақтың пысығы Серке мен тобықтының Есболат руынан Оразбай екеуі қақтығыс үстінде. Уақ қыстайтын Көкен баурайында «Тұщыкөл шайқасы» болады. Оқиға шиеленесе келе, арыз-шағымға ұласып, тексеру келеді. Қуәлікке шақырылған Абай «Тобықты Көкен елін неге шапты?» деген сұрақ қояды. Оған өзі жауап береді. Құнанбай заманынан келе жатқан, жер дауына тоқтала келіп, тобықты шапқан жерлердің барлығы уаққа тиесілі екенін дәлелдеп береді. Тәкежан (ағасы), Жиренше (Ырғызбаймен бірге туысатын көтібақ руынан), Әзімбай (Тәкежанның ұлы), Шұбар (ағасы Құдайбердінің ұлы) сияқты Абай туыстары Оразбай жағында болады. Осылар арқылы Оразбай Абайдың не істемек ойы бар екенін біліп отырған. Көкше, Мамай елдерін қан қақсатып отырған Сәмен және Әзімбай сияқты жеміт болыстарды Абай ел тілегі, өтініп сұрауы бойынша орнынан алу үшін төрт адаммен Архаттағы сайлауға арнайы келеді. Сәмен – «Жаман тобықты» өздерін «Жөкең» деп атайтын рудың адамы. Ояз – баяғы Әбішке көмектесетін Маковецкий. Оразбайдың нұсқауымен Сәмен бастаған 15-тей адам Абай отырған үйге келіп, Абайды ұрып, өлтірмек болады. Абайдың бет-аузын қан жауып кетеді. Амал тауып, қашып шыққан Көкітай орысша айғайлап, ояз үйінен көмек сұрайды. Ояз стражниктері атқан мылтық даусынан сескеніп, олар тарап кетеді. «Ол соққы Абайға ғана тиген соққы емес, қазақ халқының арына соққан сұмдық соққы болды». Қайта-қайта қолқа сала жүріп, Әзімбай сұратып алған Ақылбайдың «Таңбалы ат» деген атақты жүйрік атын мініп алған Оразбайдың ұрысы Қиқым Тәкежаннан Абайдың тағы не істемек ойы бар екенін білуге келеді. Қиқымды көріп қалған Мағаш пен Баймағамбет Тәкежан туралы айтқанда Абай: «Мені шағатын жылан қойнымда отыр ғой... Кеттім бұл елден, бұл қу өмірден», – деп, Баймағамбетті қасына алып, шаба жөнеледі. Артынан қуып жеткен Ысқақ: «Анау сүйген балаң Әбіштің санадан сарғайған жары, қайғылы Мағыш үзілгелі жатыр. Сені «соңғы демім үзілерде бір көріп, ырза-қош айтсам деп арман етті», – дегенде барып Абай: «Соным бар ма еді? Менен де мұңлы сорлым бар ма еді?! – деп кері қайтады. Абайлар кіре бергенде екі жыл қайғы-қасірет шеккен Мағыш (Мағрипа) қайтыс болады. Абай «...Мағыштың жүзін құшып, кесек-кесек ыстық жастарын төгіп-төгіп жіберді».

«**Шайқаста**» деген бесінші тарауда Көшбикеді Абай басына жасалған қастық көп уақыт жұрт аузынан кетпейді. Оразбайдан кек аламыз деп даурыққан

Ырғызбайларға: «Қапқан иттен өш алам деп мен де қапсам, аузымда не қасиет қалады?» – деп қарсы болады. Бірақ Абай жақтасқан басқа рудың адамдары Оразбайдан кек қайтармақшы болғанда, бұларды Абайдың сүйікті ұлы Мағаш тоқтатады. «Жаманат жатпайды». Бұл сұмдық оқиға тобықты ішінен асып, шартарапқа тарайды. Оразбайдың о жарлығы мен осалдығына табынатындар да бар. Семейде тұратын Марков пен Девяткин деген фельдшерлер мен тоғалақ руынан шыққан Сейіт деген жұмысшының әңгімесі де Абай жайлы. Сейіт – паромда Дәрмен мен Мәкенге көмектестің қарулы жігіт. Міне, осы Сейіт сақ-тоғалақ ішіне демалысқа келіп жатып, Оразбайға көрші отырған Есболат аулына барады. Айса досының үйінде домбырамен Абайдың әндерін айтып, өлеңдерін оқиды, ауыл жігіттерімен күреске түседі. Терең құдықтан Оразбайдың түйелерін суару кезінде Сейіт те қайрат көрсетеді. Осы кезде Оразбай Абай өлеңдерін оқығаны үшін Сейіттің басын ғана шығарып, жерге көмгізіп тастайды. Түн ішінде Айса мен кәрі күзетші жерден қазып алады. Сейіт сақ-тоғалақ ішіне келген соң, болған оқиғаны достарына айтады. Мұны естіген құрбан айтқа жиналған тобықтыға жататын сақ-тоғалақ пен жуантаяқ руының намысы оянып, «сақ-тоғалақтап» ұрандаған қалың топ «Кек үшін», «Ер үшін», «Абай үшін», «Азамат үшін» деп Оразбай ауылын талқандайды. Базаралы «Абай үшін деп» тура Оразбайдың басына шоқпар ойнатады. Қарапайым шағын ру болса да, сақ-тоғалақтың еркектері ғана емес, әйелдеріне дейін жауынгер болатындықтан, бай-манаптар бұларға жоламайды. Осылайша Сейіт себеп боп, ойламаған жерден Абай кегі қайтады.

Абайдың досы эмигрант Ф.И.Павлов тағы саяси айыппен абақтыға алынады. Абайдың үйіне тінту жүргізіледі.

«Жұтта» деген алтыншы тарауда Абай Ақшоқыдан алыс, қалаға таяу Аралтөбе деген жерге қыстау салдырып, қыс бойы кітап оқиды. Ел ішіндегі дау-дамай Мағаш арқылы шешіле бастайды. Өйткені жаратылысынан сыпайы, жұмсақ мінезді, мәдениетті Мағаштың билік жүргізуін халық өзі сұрай бастайды. Жұрттың мақтауын естіп, Абай оған мәз болады. Жұт болып, елдің жағдайы нашарлайды. Хабар-ошар үзіледі. Абайдың өмір серік екі арысындай екі досы – Базаралы мен Ербол да қайтыс болады. Әуелі Ербол сүзектен жығылады. Оның басы-қасында болған Базаралы өзінің ауырып қалғанын сезсе де, сыр білдірмей, досының жаназасын өзі шығарады. Үш күннен соң батыр жанды Базаралы да қаза болады. Халық мақтап, қыз жақтаған Абайдың асыл Мағашы да ауырып, өмірден озады. Абайға тиген барлық соққының ең ауыры осы болады. Базаралы мен Ербол өлімін Мағаштың өлімінен он екі күн өткенде Дәрмен мен Кәкітай амалсыз айтады. Мұны естіген Абай егіліп тұрып, еңіреп жылайды. Жазушы Абай өлеңдерінде айтылатын қырық жамау жүрек зарын өзіне айттырады. Ақын Кәкітай мен Дәрменге шер төгеді. Мұны Абайдың ең соңғы бой жазғаны деп қабылдаған Дәрмен Әйгерімге айтып, ағыл-тегіл жылайды.

Эпилог – Абайды бүкіл халық болып жоқтайды. Оспан қасына қойылған Абайды әуелі Зейнеп (Оспанның әйелі) «Қос қоңыр» деп өз жанынан шығарған зарын айтса, бұдан кейін «ғажайып әнші» Әйгерім «енді айтып болмас арманы мен зарына» арналған жырын төгеді. «Бұл жоқтаудың осы отырған халайық есітіп көрмеген, болжап білмеген санасы да, қаралы сәні де басқаша. Айтылып жатқан соны сөз де өзгеше... Адал жар жоқтауымен, Дәрмен жырымен Абай жаңаша жолға өтті. Ол өлмеске қадам басты...», – дейді жазушы.



Зерделі ой

«Абай» эпопеясы – творчествоның тылсым сырына, өмір мен өлеңнің өзара байланысына терең бойлаған туынды, ақын мен поэзия жайлы әлем әдебиетіндегі ең шоқтығы биік үздік шығарма.

Михаил Луконин



Пікірлесейік

1. Романның сюжеті қалай құрылған? Ақынның өмір жолы қалай суреттелген? Шығарманың ерекшелігі неде?
2. Шығарма тарауларына атау беруде автор қандай мақсатты ұстанған?
3. Романда қандай салт-дәстүрлер суреттеледі?
4. Роман қанша тілге аударылған?
5. Автор Құнанбайдың Абайды тәрбиелеуін қалай көрсетеді? Құнанбайдай әке тәрбиесінен қандай үлгі алуға болады?



Себебін анықта

1. Не себепті шығарма эпопея деп аталады?
2. Неліктен эпопея әлемдік шығарма болып саналады? Шетел жазушыларының романға жоғары баға беруінің себебі неде?
3. М.Әуезов осындай күрделі шығарманы қалай жазып шықты?
4. «Абай жолы» романы неге әр шаңырақта болуы керек деп ойлайсың?
5. Не себепті Құнанбай Абайды қиын мәселелерге араластырған? Жазушы жас Абай кездескен, сөйлескен, әке аманатын жеткізген кейіпкерлер арқылы нені көрсеткісі келген? <https://www.kazakhfilmstudios.kz/> сайтынан «Құнанбай» фильмін көріп, Құнанбай образының мұнда басқа қырынан сомдалу себебін анықтауға тырыс.





1. Альфред Курелланың: «Сіз «Абайды» оқыған жоқпысыз? Онда сіз ештеңе де оқымағансыз. Бұл – ақыл жетпестей ғажап дүние! Дала өзінің бүкіл қаймағы бұзылмаған бөз-баяғы табиғатымен, үлгі-үрдісімен, түп-тұтас айла-шарғы, мінез-құлқымен жанды күйде көз алдыңнан анталап өтіп жатады. Сезім күйлері мен шабыт күштілігі түп-тура Шекспирше! Сіз заманды ешбір ғылыми-зерттеуден де дәл мұндай сезінбейсіз. Ал қандай поэзия десеңізші! Қара сөзбен жазылған осынау қалың қос кітапта бірде-бір прозалық жол жоқ», – деген сөзін талдаңдар.

Романнан осы пікірдің дәлелін көре аламыз ба?

- әр тарау атауын талқылаңдар;
- романдағы ұлттық құндылықты, салт-дәстүрлерді талдап, шығарманың маңызын түсіндіріңдер.

2. Шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтаңдар.

Көркемдегіш құралдар	Айшықтау амалдары

3. «Абайтану» пәнінен алған білімдеріңе сүйеніп, «М.Әуезов болмаса, Абай туралы терең зерттеулер болмас еді» деген тақырыпта дебат өткізіңдер.
4. «Төрт сөйлем» тәсілі бойынша М.Әуезовтің Абай жайлы зерттеулері туралы ойларыңды жинақтаңдар.
 - 1) Пікір. Жазушының ақын Абай туралы зерттеу еңбектеріне өз пікірлеріңді жазыңдар.
 - 2) Дәлел. Өз ойларыңды аргумент арқылы жеткізіңдер.
 - 3) Мысал. Пікірлеріңді Абай шығармашылығымен байланыстырып, мысал келтіріңдер.
 - 4) Қорытынды. Өзіндік қорытынды шығарыңдар.
5. Төрт кітап бойынша 4 топқа бөлініп, «Топтық тергеу» әдісімен жұмыс істеңдер.
 - «Баяндап берушілер» тобы – тараулардың мазмұнын қысқаша баяндайды.
 - «Зерттеушілер» тобы – тараулардан негізгі ойды зерттейді.
 - «Сұрақ құрастырушылар» тобы – кейіпкерлердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар дайындайды.
 - «Жазушылар» тобы – «Ата-баба дәстүрі» тақырыбына шағын эссе жазады.
 - «Дәнекершілер» тобы – романдағы мәселелерді бүгінгі күнмен байланыстырады.
6. Шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазыңдар. Ол үшін топқа бөлініп, «Әдеби шеңбер» әдісімен мына рөлдердің бірін таңдап, автордың философиялық ой-пікірін талдаңдар.
 - 1) Талқы себепшісі – роман бойынша 10 сұрақ құрастырады.

- 2) Белгілеуші – роман сюжетіндегі маңызды деп санайтын оқиғаларды белгілеп, ойын дәлелдейді.
- 3) Байланыстырушы – жағдаяттарды таңдап, өмірмен байланыстырады.
- 4) Қорытындылаушы – романда көтерілген көркемдік шындыққа баға береді.



Дәптеріңе жаз

1. Жазушының басты үш кейіпкер (Абай, Құнанбай, Ұлжан) арқылы өмір шындығын қалай көрсеткенін саралай отырып, кестені толтыр.

Кейіпкер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу

2. Романдағы өзіңе ұнаған қанатты сөздерді қатыстырып, әдеби эссе жаз.
3. Роман-эпопеядағы Ерболдың образы арқылы «Жігітті жолдасына қарап таны» деген тақырыпта өз тәжірибеңе сүйеніп өңгіме құрастыр.



Түйінде

1. Шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, рецензия жазып, әлеуметтік желіде жарияла.
2. Романдағы заман көрінісін Абай өлеңдерімен салыстыр.
3. Абай бейнесін шығарманың идеялық бағыттарымен байланыстыра отырып типтендір.
4. <https://kitap.kz> сайтынан Г.Гулианың «Омар Хайям туралы аңыз» кітабын оқып, роман-эпопеямен салыстырып, екі шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға бер.



Қалай ойлайсың?

1. Қанша уақыт өтсе де романның құндылығы жоғалмау себебі неде деп ойлайсың?
2. Ш.Айтматов: «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі асылым бар: бірі – «Манас», бірі – Мұхтар Әуезов», – деген екен. Сен қандай кітапты алар едің?
3. М.Әуезов: «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім», – депті. Не себепті деп ойлайсың?
4. «Абай жолы» роман-эпопеясының өміршеңдігі неде?
5. Қазақта «Үш түрлі бала туады: бір бала әкесінен өте туады, бір бала әкесіне жете туады, енді бір бала, әкесінен кері кете туады» деген ұғым бар. Сенің ойыңша, Құнанбай мен Абай қандай бала болды?



1. Тақырып бойынша кесте толтыр.

«Абай жолы» өзге тілде	Роман-эпопея арқылы Абайдың әлемге танылғанына 3 дәлел келтір	3 дәлелге 3 факті келтір
	1. 2. 3.	1. 2. 3.

2. «Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні», – деген М.Әуезовтің пікірін уақыт пен кеңістік тұрғысынан қарастырып әрі «Абайтану» пәнінен алған біліміңе сүйеніп, әдеби сын жаз.
3. «Ел арна» сайтынан (<https://elarna.kz/kz/kojulymdar>) «Абай» спектаклін көріп, ақын образының ашылу деңгейіне баға бер.



4. «Қазақтың әр жазушысы қолына қалам алғанда «Абай» арқылы әдебиетіміз жаңа бір сатыға көтерілгенін ескеріп, сол сатыға көтерілуді, сол саты арқылы одан да жоғары көтерілуді арман етсе деймін», – деген Ғабит Мүсіреповтің сөзін эпиграф етіп алып, шығарма жаз.
5. CD-дегі №1 қосымшаны үлгі ретінде пайдаланып, презентация жаса.



Зерделі ой

М.Әуезовтің «Абайы» – бұл нағыз роман, басқаша айтқанда, өмірдің тұтас қыртыстарын қопарған, тұрмыстың, адамдар арасындағы құштарлықтың, махаббат пен өшпенділіктің айқын бояулы картиналарын жасаған, ең бастысы – есте қаларлық жарқын образдар арқылы халық тарихының өмірлік процестерін жинақтаған, құлашы кең кітап.

Леонид Соболев



«Абай жолын» оқығанда, ұлы ақынның образы бізді жалықтырмауы былай тұрсын, тіпті, не нәрсені болсын, Абайша түсініп, Абайша сезінуге мәжбүр етеді. Абайша шамданбасқа, Абайша шаттанбасқа, Абайша жеккөрмеске, Абайша сүймеске, Абайша ойланып, толғанбасқа, күйзеліп, тебіренбеске лажың жоқ. Абай образының еліктіргіш, иландырғыш күші, міне, осында. Өуезовтің Абай образын жасаудағы орасан шеберлігі де осында. Расында Абайдың Тоғжанға, Өйгерімге деген кіршіксіз таза махаббаты, Пушкин мен Лермонтовқа еліктеуі, Татьяна образын шексіз сүйі, Абай аулына Біржан ақынның келуі, Абайдың толғаулары, оның керемет өлеңдерін туғызған ақындық шабыттың тамаша суреттері, туған даланың ақын көзімен көрген әр кездегі табиғат көріністері т.с.с. – Абайдың ізгі ақындық жанының айнасы секілді, нағыз поэзия. Мұны оқып отырғанда, мынадай ойға келесің: ақын туралы, ақын жанының нәзік, құлпырған ғажап құбылыстары туралы тек ақын ғана осылай жазуы мүмкін! Бұл ретте Өуезовті Абай жанының, әсіресе, Абайдың ақындық жанының инженері дей аламыз.

Мұхамеджан Қаратаев

...Абайды күні бүгінге шейін ұлы ақын деп қарап келдік. Бұл орынды. Орынды болса да, жеткіліксіз. Ұлы ақын өлең сөзбен бейнелеген жүрек сырын, терең ойын тек арманы етіп қалдырмаған. Сол үшін күрескен. Шешендік, билік жолы оның халықтық сана-болмысты биіктетудегі негізгі құралы саналған. Абай – тұтас тұлға. Оның би атануы, биліктері – тұтас тұлғаның күрделі болмысының бір қыры. Ол «Ұлы дала» заңын үлкен қоғамдық күш деп санады. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деп жазды.

Абайдың ақындығын билік, шешендік өнерімен ұштастыра қарау міндет. Сонда ғана ұлы адамның ұлылығы биігінен көрінбек. Абайдың өмірбаянын, тарихтағы орнын оның би болып атқарған қызметінен бөліп қарау біржақтылық екендігі айқын.

Абай жасынан қарттардың қызықты әңгіме-аңыздарына, сөз таластарына, ауыз әдебиетіне әуес болып өсті. Атақты ел басшыларының, билердің кеңесін тыңдауды әдет етті. Өкесі Құнанбайдың, басқа да тобықты ішінде атағы шыққан үлкендердің ойлы сөз өнерін, ата-бабадан қалған атаулы жол-жоба, шешім, келісім, билік үлгілерін үйренді, жадына құйды. Абай ата жолын қуады деп оған Құнанбай сенім артты. Қартая келіп, тобықты ұлысының тізгінін бұдан былай да ұстап тұру мақсатымен Құнанбай баласын Семейдегі Ахмет-Риза медресесіндегі оқуын бітірткізбей, елге шақыртады да, би болып билік айтудың сырына баулиды. Оны қасына ертіп Қоянды жәрмеңкесіне, Қарқаралыға, тағы басқа жерлерге апарды. Белгілі ақсақалдар, билер кеңесіне қосады.

Абайдың өскен заманында билер сан жағынан көп те, шын мағынадағы билер саусақпен санағандай болатын. Би атағын атап та беру, сатып та беру тараған-ды. Ауыл басына кемінде бір биді ұлық тағайындады. Бұрынғы, ел бұзылмай тұрғандағы адал билердің салтын, өнерін, әділеттілігін, тапқырлығын, ойшылдығын сақтағандар сирек кездесетін еді. Соның бірі Абай болды. «Сұңқар даусымен, тұлпар шабысымен» дегендей, Абайдың тапқырлығы, сөз қисыны мен ой қисынының ұштасуы, үлкендердің алдында каймықпай айтысқа түсе алатындығы жасынан-ақ сезіледі. «Тегін емес», дарынды жас екендігі байқаудан өтеді. Ел арасында «Құнанбайдың Ыбырайы», кейде «Құнанбайдың Абайы» деген сүйсінген көтеріңкі ат кеңінен тарай бастайды. Әділ би, шешен би аты көпке тарап, Абай тарихта өткен ұлы билердің қатарынан саналады.

Ғасырлар бойы қалыптасқан үлгі бойынша би атағына ие болу үшін алдымен ақылдылығымен бірге тапқырлығын, әсіресе үлкен ойшылдығын үлкендер алдында, жиын алдында жасынан бастап көрсетуі, сөйтіп көпшілік сынынан өтуі қажет. Абай да осы жолдан өтті.

Салық Зиманов



Шығармашылық тапсырма

Абай бейнесін шығарманың негізгі идеясымен байланысты айқында. Өз бетіңмен зерттеу жүргізіп, М.Әуезовтің Абайдың ақындық жанының инженері екенін дәлелде.



Әдебиет теориясы

Мазмұндық-тақырыптық талдау – шығарманы тұтастай ала отырып, талдау.

Композиция (лат. *compositio* – құрастыру, қиыстыру) – әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкен-кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қиюластырып, әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық бірлігі.

Көркем әңгіме, поэма, роман әр алуан сюжетке құрылады. Сюжет дегеніміз:

- шығармадағы адамдардың бір-бірімен байланысы, қарым-қатысы, күрес-тартыстары;
- шығармадағы оқиғаның дамуы. Оқиға белгілі бір тәртіппен дамиды. Бір оқиға себебі болса, екіншісі – оның нәтижесі.

Адамдардың арасындағы күрес-тартыстар тек кездейсоқ нәрсе емес, өмір шындығы, өмірге түрлі көзқарас, түрлі мінездің түйісуі екендігі аңғарылады.

Оқиғаның белгілі бір мекенде, белгілі мезгілдерде болғандығы көрсетіледі.

Әңгіме адамдар туралы болғандықтан, олардың сыртқы пішіні, кескіні, мінез-құлқы, іс-әрекеті, күйініш-сүйініші, сөйлеген сөзі, қысқасы, өмірде адам қандай болса, көркем шығармада да біз тап сондай адамдарды кездестіреміз. Сөйтіп, шығармада кездесетін оқиғаның осылар тәрізді әр алуан бөлшектердің қалауын тауып, жазушы асқан шеберлікпен қиюластырып, бір бүтін нәрсе етіп шығарады. Оқиғаның басталуы, өрбуі, шешімі – барлығы біртұтас композицияны құрайды.



Қолданып көр

Роман-эпопеяға мазмұндық-тақырыптық және сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіндір.

Эксперименттік тапсырма

1. Сыныппен өздерің таңдаған тақырып бойынша Абай Құнанбайұлының мерейтойына арналған бағдарлама ұйымдастырыңдар. Ол үшін бағдарлама сценарийін алдын ала жазыңдар, ата-аналар, мұғалімдер, оқушылар арасында «Абай оқуларын» өткізіңдер, олардан сұхбат алыңдар.
2. «Абай жолы» романынан бір эпизодты таңдап, сахналық қойылым дайындаңдар.



Міне, қызық!

Мұхтар Әуезов Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастаны негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазды. 1917 жылы Абайдың немересі Ақыш ұзатыларда, туыстары оған ерекше сый жасамақ болып, Ойқұдықта осы пьесаны тұңғыш рет қойған.



Кітап – асыл қазына

1. Мырзахметов М. «Мұхтар Әуезов және Абай әлемі». – Абайды білмек парыз ойлы жасқа. Алматы, Санат, 1997. – 416 бет.
2. Әуезов М. Шығармалары. Абай жолы. Т. 1. Роман-эпопея. – Астана: Фолиант, 2013. – 424 бет.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы: Дәуір, 2014.
4. Ахметов З. «Абай жолы» қалай туған?». – Қазақ әдебиеті. 27 қаңтар, 1984.
5. Мырзахметов М. «Абайға келудің жолы». – Қазақ әдебиеті. 17 қаңтар, 2014.
6. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2013.
7. Садықов Е. Құнанбай – Мәскеу: Молодая гвардия. ЖЗЛ сериясы. 2020.

«ҒАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

1. Тест тапсырмаларын орында.

Мұхтар Әуезов дүниеге келген өңір:

- A) Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Қасқабұлақ-Бөрілі ауылы
- B) Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы
- C) Семей облысы Семей қаласы
- D) Павлодар облысы
- E) Семей облысының Үржар ауданы

М.Әуезовтің өзі туралы жазған мақаласы:

- A) «Өзім туралы»
- B) «Өзім жайлы мәлімет»
- C) «Менің отбасым»
- D) «Өз жайымнан ақпарат»
- E) «Менің өмірбаяным»

Абайдың өмірі өткен жерлер:

- A) Бөрілі
- B) Қасқабұлақ
- C) Ақшоқты
- D) Аягөз
- E) Жидебай
- F) Қарқаралы
- G) Семей

«Абай жолының» 1-кітабы алғаш «Абай» деген атаумен шықты:

- A) 1931 ж.
- B) 1928 ж.
- C) 1925 ж.
- D) 1927 ж.
- E) 1942 ж.

«Абай жолы» роман-эпопеясы неше тараудан тұрады?

- A) 21
- B) 25
- C) 22
- D) 20
- E) 26

«Екеу» деген кімдердің бүркеншік аты?

- A) М.Әуезов пен А.Байтұрсынұлы

- В) М.Әуезов пен Ж.Аймауытұлы
- С) М.Әуезов пен М.Жұмабаев
- Д) М.Әуезов пен С.Мұқанов
- Е) М.Әуезов пен Т.Абайұлы

Абайдың прозалық шығармасы ... тұрады.

- А) 41 қарасөзден тұрады
- В) 43 қарасөзден тұрады
- С) 47 қарасөзден тұрады
- Д) 45 қарасөзден тұрады
- Е) 40 қарасөзден тұрады

Романдағы Абайдың Әйгерімді кездестіргенін суреттейтін тарау:

- А) «Жайлауда»
- В) «Жолда»
- С) «Асуда»
- Д) «Тайғақта»
- Е) «Биікте»

Абай әке атанды:

- А) 23 жаста
- В) 20 жаста
- С) 19 жаста
- Д) 16 жаста
- Е) 22 жаста

2. Мәтінді оқып, сұраққа жауап бер.

Бүгін таңертең сырт жайлаудан көп жолаушы жас қонақтар, ақын, әнші достар келген еді. Абайға солар жаңа қуанышты хабарлар жеткізген. Абай сөзі халыққа жағып, кең жайылып кетіпті. Қарқаралы – Қоянды жәрмеңкесіне жиналған төрт арыстың бар кәрі-жасы Абай атына қанық бопты. «Абай деген жақсы шығыпты...», «Сөзі, өсиеті бөлек, білгіш шығыпты», «Халыққа қамқор, мұңдыға дос, жуан-содырға қас жан дейді», «Тобықтыда туса да, бір тобықты емес, игі ел жоқшысы, ел ұлы боп туыпты», «Сөзін тыңдаймыз. Өсиетін ұғамыз» деседі екен жұрт.

- 1) Мәтін қай тараудан алынған?
- 2) Абай даңқы неліктен таралып жатты?

3. Бөлімді қамтып, «Ғасырлық туынды» деген тақырыпқа презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Қонақ үйде, дөңгелек үстел үстінде, қызғылт, күңгірт сәулесі бар тас шам жанып тұр. Оқтын-оқтын іргеден соққан жел лебімен әлсіз шам кейде ұйытқып, шалқи түсіп, кейде лапылдап, жалпылдай жанады.

...Түсі суық. Қара сұр жүзіне бозғылданып түгі де шығып алыпты. Жалғыз өзі ұзақ сөйлеп отыр. Зор даусында ыза мен зіл бар. Кейде Абайға қызық көрінетін бір мақалдар, мәтелдер айтылып кетеді.

Тегінде ертекші, өлеңші, не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдеті еді. Адам пішіні әрдайым бұған бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Өсіресе, әжімі мол үлкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді. Ол кей адамның айғыз-айғыз әжімінен, салбыраған ұртынан, қыртыстанған маңдайынан немесе бояуы оңған көздерінен, әр алуан сақал-мұртынан өзінше неше түрлі жанды, жансыз дүние сипаттарын көргендей болатын. Қына басқан, сызаты көп тас па? Я селдір тоғай ма? Не көде-көкпек пе? Кейде мал мен аң бейнесі ме? Бәріне де ұқсап кетіп отыратын адам мүсіндері болады.

1. Мәтін қандай үлгіде жазылған?

- A) Зерттеу
- B) Хат
- C) Өмірбаян
- D) Әңгіме
- E) Естелік

2. Үзінді идеясына сай мақалды (мәтелді) тап:

- A) Алпысқа келгеннен ақыл сұра
- B) Ақыл – жастан
- C) Көпті көрген біледі
- D) Шөп те басынан қурайды
- E) Сақалға ақ түсті –
Көңілге дақ түсті.

3. Мәтін қай кейіпкер туралы?

- A) Байтас
- B) Байсал
- C) Құнанбай
- D) Тәкежан
- E) Бөжей

4. Мәтінде айтылмаған іс-әрекетті көрсет.

- A) Кейде лапылдап, жалпылдай жанады
- B) Қына басқан, сызаты көп тас па?
- C) Адам пішіні өзгеше қызық сурет сияқты
- D) Әкесі Абайға ертегі айтты
- E) Жалғыз өзі ұзақ сөйлеп отыр

5. Мәтінде қолданылған көркемдік тәсіл:

- A) Жанама мінездеу
- B) Пейзаж
- C) Тура мінездеу
- D) Портрет
- E) Кейіптеу

6. Пікірді оқып, тапсырмаларды орында.

Ш.Айтматов жазушы М.Әуезовтің сан салалы, кең арналы шығармашылығына арналған «Ұстаз туралы сөз» атты мақаласында «Абай жолы» эпопеясының бас кейіпкері – Абай тұлғасына тоқтала келіп: «Абай секілді ой-арманы азат, шетсіз ақындық, шексіз адамдық тұлғаның өзін қоршаған о жар, топас, тоңмойын топпен тартысқа түсуі және мұндағы сирек ұшырасатын жаңалық пен тазалық Абайды дүниежүзілік трагедияның шыңына шығарады...», – деп жазды.

1. Пікірге атау қой.
2. Ш.Айтматовтың М.Әуезов туралы пікіріне қандай баға берер едің?
3. Осы пікірмен танысқан оқырманның бірі «Абай дүниежүзілік трагедияның шыңына емес, реализм шыңына шықты» деген ойда. Бұл дұрыс па? Өз дәлелің арқылы пікірге қатысты оң не қарсы көзқарасыңды білдір.
4. Ш.Айтматовтың пікіріне қандай ой қосар едің? Неліктен? Жауабыңды түсіндір.

IV БӨЛІМ

ӘДЕБИЕТТЕГІ СЫН-САРЫН

Сын түзелмей, мін түзелмейді.

Халық мақалы

Сынның басты мақсаты – әдебиеттің қозғаушы күші болу. Көркем сыны дамыған елдің әдебиеті ғана биік белеске көтеріле алады. Шығармашылық адамы үшін өмірі сыналмай, тек қана мақтау ести беру өте қауіпті.

Амангелді Кеңшілікұлы

Сыншының міндеті – көркем дүниені сынау емес. Көркем дүниенің ақ-қарасын айыру. Артығын айтып, кемін толықтыру.

Ерболат Әбікенұлы

Адам рухын көтерер, оның ойын марқайтып, жырына азық берер – өмір десек, Тұманбай жырлары сол өмірдің алуан түрлі сырын, ондағы өзгерістерді шынайы бейнелейді. Ол өзгерістің негізгі куәгері болып ақын өлеңдерінің лирикалық қаһарманының тағдыры тұрады.

Серік Қирабаев

ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ



Тұманбай Молдағалиев
(1935–2011)

Ақын қай өңірде туып-өсті?

Тұманбай Молдағалиев 1935 жылы Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданы Жарсу ауылында дүниеге келген. Әкесі Молдағали Ұлы Отан соғысында қаза болып, Тұманбайды ата-әжесі мен анасы Қымқап тәрбиелеп өсіреді. Әкеге деген сағынышы, анадан көрген мейірімі, жетімдік тағдыр ақынның көптеген өлеңдеріне арқау болған.

Тұманбай ауылдағы мектеп табалдырығын 1942 жылы аттап, 1951 жылы Есік қаласындағы орта мектепті тамамдайды. Сол жылы қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға оқуға түседі.

Тұманбай Молдағалиевтің еңбек жолы қалай басталды?

Еңбек жолын «Лениншіл жас» газеті мен «Пионер» журналының редакцияларында әдеби қызметкер болудан бастаған. 1959–1970 жылдар арасында «Жазушы» баспасында аға редактор, 1970–1973 жылдары «Балдырған» журналында жауапты хатшы болып істеген. 1973–1984 жылдары «Жалын» альманахының бас редакторы, 1984–1986 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, өмірінің соңына дейін «Балдырған» журналының бас редакторы қызметтерін атқарған.

Ақын қаламынан туған өлеңдер сыры қандай?

1954 жылы тырнақалды өлеңінің облыстық газетке жариялануы Тұманбайға шабыт береді. Ақынның алғашқы жастық жырлары «Студент дәптері» деген атпен жинақ болып басылады. Шығармаларының негізгі тақырыбы – туған жер, табиғат, махаббат, достық, жастық, адамгершілік. Тұманбай – өлеңдерін лирикалық жанрда жазған сыршыл ақын.

1968 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықты, 1992 жылы Физули атындағы Халықаралық түркі дүниесі ақындарының сыйлығын иемденген.

Қаламгердің өлең, поэмалары жеке кітап ретінде де, сонымен қатар жинақ түрінде де бірнеше рет жарық көрді. Тұманбай Молдағалиевтің ақындық сыры оның өзіне ғана тән шеберлікпен «қиыннан қиыстыратын» стилінде, шынайы адамдық қасиеттеріне толы сезімінде. Сондықтан да ақынның оқырманы көп.

Т.Молдағалиевтің жыр жинақтарының ішінде балаларға арналған өлеңдерінің тәрбиелік мәні зор, ол зілсіз ишарамен ибалы болуды ұқтырады:

Құралай деп қойыпты саған да атты,
Сол есім атаңды көп алаңдатты.
Жүрісің мен тұрысың, есімің де,
Ұнап бара жатыр-ау маған қатты.

Толар еді-ау шаттыққа көзі бір сәт,
Балалықтың айтылар сөзін ұқсақ.
Қойып кеттің қорықпай, суға жүздің,
Құралайдай төтеңнің өзіне ұқсап.

Қарсы алып бір қалың ел құрметпенен,
Көп қарар-ау көзіңе нұр кетпеген.
Мүмкін ғылым қуарсың сол төтеңдей,
Бақытыңа жетерсің ол жетпеген.

Бәрі мүмкін, Құралай, мүмкін бәрі,
Сағынышын самалдың гүл тыңдады.
Көз алдыма келеді сені көрсем,
Жаздыгүнгі даланың құлпырғаны.

Әжеңді сен ұмытпа, бала баққан,
Қолыңнан ап ауылды аралатқан.
Жеріңді сүй, Құралай төтең құсап,
Еліңді сүй ертеңге бара жатқан.

Т.Молдағалиев көптеген әндерге өлеңдер жазды. Мәселен, оның мұң мен терең сырға толы мәтіндеріне жазылған «Құстар қайтып барады», «Әнім сен едің», «Ертіс вальсі», «Бақыт құшағында», «Шақырады көктем», «Қаздар қайтқанда», «Күзетеміз» тәрізді әндері ел арасына кеңінен таралған.



Зерделі ой

Тұманбай – сабақтасқан сезім, әрекеті қабаттасқан өмір көріністері. Оның поэзиясы ешкімге ұқсамайтын өзгеше әлем. Сарынынан жаңылмайтын, сағасынан асыптасып шықпайтын, сабырлы да саялы, жағасына мәңгі көктем орнаған дариядай сұлу дүние.

Кәкімбек Салық

«Құстар қайтып барады» өлеңінде:

Жаз өмірін, мәз өмірін қысқартып,
Бара жатыр, бара жатыр құс қайтып.
Зымырайды менің бала кезімдей,
Бір жалт етіп өте шыққан, өте шыққан сезімдей...

...Ал адамдар күліп бастап өмірін,
Кетерінде жылай да алмай, жылай да алмай қалады.. –
деп адам өмірінің терең философиясына үңіледі.

Ақынның «Я – сын Семиречья», «Первая встреча», «Новая тетрадь» атты жыр жинақтары орыс тілінде, сондай-ақ т.б. көптеген өлеңдері өзге тілдерде кітап болып шыққан. Жекелеген шығармалары басқа да әлем елдерінің тілдерінде (ағылшын, француз, неміс, араб, грузин, молдова, украин, беларусь т.б.) жарық көрген.

Т.Молдағалиев Дж.Байронның, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, Т.Г.Шевченконың, Е.Евтушенконың, Р.Ғамзатовтың, Ғ.Ғұламның, Ұйғынның т.б. туындыларын тәржімеледі.



Зерделі ой

Тұманбай өңшең шеңгелдің ортасына шыққан жалғыз жауқазындай қазақ жыр алқабының жаңаша көктеп, жаңаша құлпыруының басы сияқты болды.

Әбіш Кекілбаев



Пікірлесейік

1. Т.Молдағалиев өлеңдерінің тақырыбы қандай?
2. Ақын сөзін жазған қандай әндерді білесің?
3. Т.Молдағалиев кімдердің шығармаларын қазақшаға аударған?
4. Ақын қазақ әдебиетіне қандай үлес қосты?



Себебін анықта

1. Т.Молдағалиевтің неліктен оқырмандары көп?
2. Не себепті ақын шығармаларындағы авторлық идея өмір шындығымен байланысты деп айта аламыз?



Тобыңда талдап көр

1. «Дербес пікір» әдісін пайдалана отырып, Тұманбай өлеңдерінің ерекшеліктерін талдап, ойларыңды ортаға салыңдар.

Әрекет	Ойды жеткізу
Өзіндік пікір	
Дәлел	
Өз пікірін айғақтайтын мысал	
Өз пікіріне қарсы дәлел	
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал	
Қорытынды	

2. Үш топқа бөлініп, автор бейнесінің идеялық-стистикалық тұтастырушы ретіндегі рөлін айқындаңдар.

1-топ: Постер қорғайды.

2-топ: Көрініс қояды.

3-топ: Дебат ұйымдастырады.



Дәптеріңе жаз

Ақын өмірін «Кеңейтілген тізім» әдісі (статистикалық деректер, уақыт желісі, қарапайым фактілер жиынтығы) бойынша жинақтап, дәптеріңе түсір.



Түйінде

Т.Молдағалиев туралы білгеніңді түйіндеп, «Түртіп алу» кестесіне толтыр.

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырды»



Қалай ойлайсың?

Әбіш Кекілбаев: «Тұманбай өңшең шеңгелдің ортасына шыққан жалғыз жауқазындай қазақ жыр алқабының жаңаша көктеп, жаңаша құлпыруының басы сияқты болды», – деп неге айтқан?



Үйде орында

Интернеттен Т.Молдағалиев өлеңдеріне жазылған әндерді тауып, презентация жаса. Тақырыбын өзің ойластыр.



Міне, қызық!

Тұманбай Молдағалиев – оқырмандардың ғана емес, әріптестерінің де ыстық ықыласына бөленіп өткен ақын. Мәселен, Жүрсін Ерман жас кезінде оның өлең жазу стилін, жүріс-тұрысын, тіпті көзілдірігіне дейін ұнатып, қатты еліктегенін, көпке дейін «тұманбайшылдықтан» арыла алмағанын естеліктерінде айтады.



Кітап – асыл қазына

Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушылар: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009.



Зерделі ой

Тұманбай Молдағалиев – қазақ жырындағы лирикалық поэманың хас шеберлерінің бірі немесе бірегейі.

Несіпбек Айтұлы

«Бауырлар» өлеңі

Ат айналып, қазығын табар,
Ер айналып, елін табар.

Халық мақалы

CD 07

Өлеңнің үзіндісін тыңдап, ақынның мақсатына баға бер.

Тұманбай Молдағалиевтің «Бауырлар» өлеңі бүгінгі күндегі өзекті мәселелердің бірін қозғайды. Атажұрт тақырыбына Қабдеш Жұмаділов, Оразақын Асқар, Смағұл Елубай сияқты қаламгерлер сан мәрте оралып, шығармаларына арқау етті. Бұл шығармалар дүниежүзіне тарыдай шашылып кеткен барша қазақты атамекенге шақыруымен, қазақ тұтастығын насихаттауымен құнды. Ал мұның өзі – ғасырлар бойы ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздіктің жемісі.

Ақын тағдыр тауқыметімен ТМД, Түркия, Иран, Қытай, Моңғолия, Ауғанстан және басқа да елдерде жүрген қандастарымызды атажұртқа былай шақырады:

Менің жерім мына жер – сенің жерің,
Жарасып тұр сол жерге келулерің.
Осы алқапта сенің де малың жатыр,
Жайқалып тұр шабылмай егіндерің, –

деп, «ағайын тату болса, ат көп» деген халық қағидасын ұстанады:

Менің көлім мына көл – сенің көлің,
Сенің арқаң көңілге семіргенім.
Жоғалмасын, ағайын, жоғалмасын,
Жетем деген сол көлге сенімдерің.

Менің тауым мына тау – сенің тауың,
Ақбас шыңын алты ай жаз жуған жауын.
Жалғыз рет көрсең де тірлігіңде,
Мүмкін емес сол тауды сағынбауың, –



Табиғаты тамылжыған Қазақстан

деп жомарттықпен еліміздің ұлан-ғайыр Алтай мен Атырауға дейін созылып жатқан жеріндегі әрбір көлі, тауымен бөліскісі келеді. Аталар аманатын естеріне салады:

Қимай кеткен сол суды аталарың,
Бетін жуып соңғы рет мөлдіріне...

Әрбір қазақ баласын ержеткесін отау тігіп, бөлек шығарып, өз алдына үй қылады. Тұманбай да қандасына осы ойды меңзейді:

Мына орман менікі, сен де соның
Ағашынан үйіңе уық алғын.

Уық шаңырақтың күлдіреуішіне кіргізіліп, керегеге байланады. Осылайша, киіз үйдің қаңқасы пайда болады. Ағайындар киізін жабысып, лезде үйді тігіп бере қояды. Сондықтан

Қарсы алуға дайын тұр бауырларың,
Өз жеріңе бәрің де келсең көшіп, –

дейді.

Одан бөлек қазіргі уақытта оқумен болсын, кәсіппен болсын, шетелге кетіп жатқан жастарымыз елге оралмай, барған жерлерінен қайтпай қалып қоятын жағдай жиі ұшырасады. Ақын идеясы «шетелде жүріп сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген мағынамен астасқандықтан, «Бауырларға» өлеңінің маңызы зор. Бәріміз бір кісідей жұмылсақ, барымызды бағалап, жоғымызды түгендей түсеміз деген идеяға саяды.



Зерделі ой

Шетелдегі әрбір қандасымыз – қазақ елінің бір түйіршігі.

Нұрсұлтан Назарбаев



Пікірлесейік

1. Шетелде жүрген қандастарымызды атажұртқа қайтару үшін елімізде қандай шаралар ұйымдастырылды? Өз тарапыңнан не ұсынар едің?
2. Шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан аш.



Себебін анықта

1. Не себепті өлең «Бауырлар» деп аталады?
2. Неліктен ақын барлық жерді, дүниені бөліп бергісі келеді?



Тобыңда талдап көр

1. <http://kazakhfilmstudios.kz> сайтынан «Оралман» көркем фильмін көріп, түсірілімді талдаңдар, өлеңмен салыстырыңдар. Сапарқұл еш қиындыққа қарамастан не себепті Қазақстанда қалды? Ненің күдіреті?



2. Топқа бөлініп, «Ромбтық жіктелім» тәсілі арқылы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, «Бауырларға» өлеңінің тілін, автор стилін анықта.
3. Өлеңді Р.Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» толғанысымен салыстырып, екі шығармадағы ортақ құндылықтарға талдау жаса.



Дәптеріңе жаз

Шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жаз.



Түйінде

«Қазына іздеу» әдісі бойынша өлеңді «Мәңгілік Ел» стратегиясымен сабақтастыр. Автор бейнесін шығарманың негізгі идеясымен байланысты айқындап, түйінде.



Қалай ойлайсың?

Шетелдегі қандастарымыздың барлығы көшіп келсе, еліміздегі демография мәселесі шешіле ме?



Үйде орында

1. «Информатика» пәнінен алған біліміңді пайдаланып, Қазақстанды туристерге жарнамалайтын презентация жаса.
2. «Бауырлар» өлеңінің С.Елубайдың «Жалған дүние» романымен үндестігін анықтап, нақты дәлелдер арқылы жеткіз.



Білгенге маржан

Диаспора – грек сөзінен шыққан, белгілі бір халықтың (этникалық қауымның) біраз бөлігінің өз елінен тыс өңірге орын тебуін білдіретін ұғым.

Қазақ диаспорасы – Қазақстан Республикасынан шет аймақтарда тұратын қазақтар. Қазақ диаспорасы сыртқы шекараларды кесіп өтіп, әуелі Қазақстаннан Қытайға, Орталық Азия мемлекеттеріне, Ауғанстан мен Иранға, одан әрі бүкіл дүниежүзіне тараған.

Қазақ энциклопедиясы



Әдебиет теориясы

Лирикалық образ – сыршыл өлең-жырлардағы ақынның өз бейнесі, оның ішкі бітімі, нәзік сыры мен сылқым сезімінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі



Қолданып көр

«Бауырлар» өлеңіндегі лирикалық кейіпкер образы қалай ашылған? Пікіріңді өлеңнен мысалдар келтіріп, дәлелде.



Эксперименттік тапсырма

1. «Креативті ойлау» әдісімен өлең идеясын, ондағы ғаламдық тақырыпты әрі қарай дамытып, шеттен көшіп келген бауырларымыздың өмірін көрсететін фильмнің сценарийін жаз.
2. Басқа тілде туыстықты білдіретін ағзаға байланысты алынған «бауыр» сияқты сөз бар ма? Зерттеу жүргіз.



Міне, қызық!

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Қытайдан көшіп келген қандасымыз «Сәйгүлік» компаниясының иесі – Шаймұрат Шаймарданұлы 20 жыл бойы Қытай мен Қазақстан арасында қазақтарды тасымалдаған. Жолаушыларға тиімді болу үшін жол бойында шағын асханалар мен қонақүйлер салдырған.



Кітап – асыл қазына

1. Молдағалиев Т. 14 томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2004.
2. Молдағалиев Т. Ұмытпа мені. – Алматы: Дәуір, 2009.

Біздің гуманизміміз – көргенінде қисап жоқ кәрі гуманизм. Осы ұзаққа созылған тарихи тағдыр барысында біздің бабаларымыз қашанда адамшылық, мейірім, аяушылық жағында болыпты. Дүниені әлденеше рет алақанымызға сыйғызыппыз. Алайда бойымызда, жүрегімізде қаулаған ар менен ұяттың, ожданнның өрті алақанымызға сыйып тұрған сол әлсіз тіршілікке, сол әлсіз дүниеге қиянат жасауға жібермепті.

Таласбек Әсемқұлов

ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ



Таласбек Әсемқұлов
(1955–2014)

Жазушы қай өңірде дүниеге келген?

Таласбек Әсемқұлов 1955 жылы бұрын Алматы облысына қараған Бөрілітөбе ауданында туған. Алайда көп ұзамай оны Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Айғыз ауылында тұратын Стамбаев Жүнісбай деген нағашы атасы алып кетеді. Осыдан кейін Таласбектің әке-шешесі де осы жерге көшіп келген. Стамбаев Жүнісбай аймаққа белгілі күйші болғандықтан, үйлеріне түрлі өнер адамдары жиі келіп жататын болған. Осылайша, кішкентай Таласбектің бойында өнерге деген құштарлық өте ерте оянады. Атасынан, басқа да күйшілерден көптеген күй үйренеді. Мектеп қабырғасында жүргенде әдебиет, химия, математика, физика пәндеріне де қабілеті жоғары болады.

Таласбек Әсемқұлов қандай қызметтер атқарған?

Орта мектепті аяқтаған соң әскери борышын өтейді, қой бағумен айналысады. 1976–1980 жылдары Алматы қаласындағы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың филология факультетінде оқып жүріп, Алматы халық университетінде жұмыс істеген. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін Ықылас Дүкенұлы атындағы Ұлт аспаптар музейіне ғылыми қызметкер болып орналасады. Таласбек Әсемқұлов жазушылығынан бұрын күйші әрі домбыра жасаушы болғандықтан, К.Байсейітова атындағы музыкалық мектепте домбыра шебері болып та жұмыс істейді. Одан соң «Жазушы» баспасында әдеби редактор, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы фольклор кабинетінің меңгерушісі, «Заман Қазақстан» газетінде редактор, «Жұлдыз» әдеби журналы сын бөлімінің меңгерушісі, Ұлттық кітапхананың «Рух-Мирас» альманахында бас редактор қызметтерін атқарады.

Қаламгердің қандай шығармалары бар?

Таласбек Әсемқұлов студент кезінен бастап сценарий жазумен айналысқан. Кейін «Көкбалақтың өлімі», «Алматы – Астана», «Тұмар падиша» сынды сценарийлерді дүниеге келтіреді. Қаламгердің жазған сценарийі бойынша режиссер Досхан Жолжақсынов «Біржан сал», «Құнанбай» атты фильмдерді түсірді. «Еуразия» кинофестивалінде «Құнанбай» фильмінің сценарийі «Тұлпар» сыйлығымен марапатталса, «Жезтырнақ» сценарийі Корея Республикасы жариялаған сценарийлер бәйгесінде жүлдеге ие болды.

Т.Әсемқұлов көне түркі мифологиясын зерттеген. Республикалық баспасөзде «Атайы», «Кәрі ат», «Арылу» т.б. әңгімелері, «Шымдан» повесі және музыканттардың өміріне арналған «Талтүс», «Тәттімбет сері» романдары, бес томдық шығармалар жинағы, сондай-ақ қазақ және орыс тілінде түрлі әдебиет, мәдениеттану тақырыптарына арналған бірқатар мақалалары жарық көрген.

Аударма саласына да атсалысып, Қ.Рысбекұлының «Берікқазы» деректі повесін, А.Есмахановтың «Қазақтың кілемдері» альбомын, француз жазушысы Проспер Мерименің «Маттео Фальконе», серб жазушысы Иво Андричтің «Дринадағы көпір», жапон жазушысы Кобэ Абэнің «Жат әлпет» т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Кезінде «Сорос Қазақстан қорының» жүлдесін жеңіп алған автордың автобиографиялық «Талтүс» романы АҚШ-тың Индиана университетіне қарасты Three String Books баспасында «A Life At Noon» атауымен ағылшын тілінде басылып, шетел оқырмандарының ыстық ықыласына ие болды. Оған оқырмандардың бірі Тимоти Уолштың: «Талтүсті» жаңа ғана аяқтадым. Шынымен, керемет роман екен, шедевр (аудармасы да ғажап)! Әсемқұлов Батыс көбірек білетіндей жазушы екен. Мен қателеспесем, Айтматовпен пара-пар», – деген әлеуметтік желідегі сөзі дәлел.

Таласбек Әсемқұлов күйшілік өнерге қандай үлес қосты?

1973 жылы Таласбектің құрастыруымен «Байжігіт күйлері» атты жеке гранд-дискі Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасынан шықты. Бұдан бөлек «Мәңгілік сарын» антологиясына 14-ке жуық, «Қазақтың мың күйі» антологиясына 30-дан астам күйі енді. 2010 жылы Парижден «Тәттімбеттің мұрасы» CD-дискісі, ал 2015 жылы 73 күй қамтылған «Талтүс» CD-албомы шыққан.

Таласбек Әсемқұлов 1982 жылы «Сазген» ансамблінің құрамында гастрольдік сапармен Югославияға барған, 2004 жылы Францияда болған Әлемдік музыкалық мәдениет фестиваліне қатысқан.

Күйші, жазушы, зерттеуші, сыншы, кинодраматург – Таласбек Әсемқұлов әдебиет, музыка, бейнелеу, кино, дәстүрлі өнер, тарих, этнография, мифология салаларында қайталанбас терең әрі мазмұнды еңбектер қалдырған.

Қаламгер білім алған Айғыз ауылының орта мектебіндегі музей ішінен жазушыға арналған бұрыш ашылды. Ал 1980 туған осы мектептің түлектері үздік оқитын оқушыларға Таласбек Әсемқұлов атында стипендия тағайындады.



Пікірлесейік

1. Таласбек Әсемқұловтың өмір жолы қалай басталды?
2. Жазушының қандай шығармаларын, еңбектерін оқыдың?
3. Интернеттен <https://www.ankui.kz/kz/an/qazan-qobiz-kuyi.html> сілтемесіндегі күйді тыңдап, пікіріңді айт. Ол күйдің қай түріне жатады?



Себебін анықта

1. Неліктен Таласбек өнерге қабілетті болып өседі?
2. Не себепті жазушыны қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өз жолымен, өз жаңалығымен келген дейміз?
3. Таласбек Әсемқұлов: «Құнанбай – большевиктік идеологиядан жапа шеккен тұлға», – деп айтқан. Неге?



Тобыңда талдап көр

1. «Дербес пікір айту» әдісі бойынша Таласбек Әсемқұловтың шығармашылығын талдап, ойларыңды ортаға салыңдар.
 - 1) Өзіндік пікір (ой, идея).
 - 2) Дәлел.
 - 3) Өз пікірін айғақтайтын мысал.
 - 4) Өз пікіріне қарсы дәлел.
 - 5) Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал.
 - 6) Қорытынды.
2. «Ойлан, бірік, бөліс!» әдісі арқылы автор туралы түйген ойларыңды жазыңдар (Ойлан). Одан кейін өз идеяларыңды топтағы сыныптастарыңмен біріктіріңдер (Бірік) және соңында бүкіл сыныппен идеяларыңды бөлісіңдер (Бөліс).



Дәптеріңе жаз

Жазушының өмірі мен шығармашылығын қамтитын тірек сызба құрастыр.



Түйінде

«Борт журналы» әдісімен кестені толтыр.

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?	Қаламгер туралы қандай жаңалық білдім?



Қалай ойлайсың?

Жазушы қазір қандай тақырыптарға шығарма жазуы мүмкін еді?



Үйде орында

Сыншы Әлия Бөпежанованың: «Таласбек Әсемқұлов – ХХІ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің ерекше көшбасшысы», – деген сөзіне қаламгер шығармаларынан дәлел ізде.



Зерделі ой

Өнерді мұрат тұта отырып, бар болмысын, бүкіл саналы ғұмырын шын мәнісінде ұлтына қалтқысыз қызмет етуге арнап өткен тұлғалар санаулы. Сол санаулылардың бірі – Таласбек Әсемқұлов. Өнерді өзінің дара жолы етіп таңдаған тұлға. Жазушы, сыншы, аудармашы, кинодраматург, мәдениеттанушы, өнертанушы, үлкен мектеп көрген күйші-домбырашы, ұлттық өнердің тамыршысы, ойшыл, білімдар.

Әлия Бөпежанова



Білгенге маржан

Адам – жолдан тайған періште. Кейбір діни әфсаналарда осылай айтылады. Эдем бағында жүрген Адам Ата мен Хауа Ананың жерге қалай қуылғанын елдің бәрі біледі. Сол Адам Ата мен Хауа таным мен білімнен шошып кетіп, қақпасына қайтып келгенде қолдарында от-семсерлері бар періштелер жолдарын кес-кестеп тұрыпты. Себебі Адам ұжмақтан кетіп, есеюі керек. Ұжмақ сияқты жылы ұяны қимай, ал шындығында, еркіндіктен қорқып қайтып келген Адамға періштелер де, Жаратқан иенің өзі де қарсы.

Таласбек Әсемқұлов

2010 жылы қазақ мәдениеті, музыкасы және мифологиясы туралы мәлімет беретін otuken сайты ашылды. Мұнда Серікбол Қондыбай, Зира Наурызбаева және Таласбек Әсемқұлов шығармалары, кітаптары, ғылыми-танымдық мақалалары, зерттеулері топтастырылған. Осы және өзге де авторлардың еңбектерімен <http://otuken.kz/> сайтынан танысуға болады.



Зерделі ой

Күй өнері – әбден жетілген сананың, рухани тілектің жолы.

Таласбек Әсемқұлов



Міне, қызық!

Таласбек Әсемқұловтың нағашы атасы Жүнісбай Стамбаев дәулескер (шебер) күйші болған. Ол өзіне ізбасар шәкіртті ұзақ іздеп, таппай қиналған екен. Бір күні оған жиенінің шәкірт болатыны туралы аян береді. Ж.Стамбаев Таласбекті туа салысымен бауырына басып, тәрбиелеп өсіреді. Таласбек нағашы атасынан тек күй тартуды ғана емес, домбыра жасауды да үйреніп, кейін Ахметжан, Төлтай сынды шеберлерден өнерін шыңдай түседі. Оның жасаған домбырасы Мәдениет Ешекеев, Сыматай Үмбетбаев, Әділет Мусин, Жәнібек Кәрменов тәрізді өнер саңлақтарына бұйырыпты.



Кітап – асыл қазына

1. Әсемқұлов Т. Ерте келген күз. – Алматы: Жалын, 1988.
2. Әсемқұлов Т. Талтүс. Роман. – Алматы, 2003.



Зерделі ой

Менің арманым Таласбек Әсемқұловпен сұхбаттасу, сұхбат алу еді. Енді ол арман күйінше қала береді. Таласбектің мақалаларын әр қазақ оқу керек, мектеп оқулығына пән ретінде енгізілу керек деп ойлаймын. Себебі оның шығармалары – қазақ болмысына қойылатын антивирус. Таласбектің сыни мақалалары мен прозасын оқып өскен баланың санасын болашақта ешқандай теріс ағымдағы дін де, жаһандық даму өркениеті де жаулай алмайды!

Меніңше, Таласбек Әсемқұлов сынындай сыни шығармалар қазақ әдебиетінде бұрын жазылмаған. Сондықтан мен қазақ сынын Таласбек Әсемқұловқа дейін және одан кейін деп қарастырамын.

Тұрсынбек Башар

Бекторының қазынасы

Адамға бостандықты ешкім де бере алмайды, егер де бостандық оның өзінде, ішкі дүниесінде болмаса.

Таласбек Әсемқұлов

Әңгіме не себепті «Бекторының қазынасы» аталған?

Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгіме метапрозалық сипатта жазылған. Себебі мұндағы үш түрлі бейнеде және үш түрлі мекеншақта (хронотоп) суреттелетін бас кейіпкер – бір ғана адам. Шығарма бас кейіпкердің «Бала кезінде ең жақсы көріп тыңдайтын ертегісі «Ер Төстік» еді» деп

басталуы жайдан-жай емес. Оның түсіне Ерназарды құдықтың жанында ұстап алып азапқа салған Бекторының кіруі, әжесінің: «Ол жын-пері ғой, ойлама, Құдай Бекторыны кездестіргеннен сақтасын», – деген жолдардан-ақ шығарма оқырманды бірден қызықтырады. Бұл жердегі Бекторының қазынасы – сан мыңдаған адамды азғырып, жүректерін саудаға салып, қисапсыз байлыққа айырбастауы.

Әңгіме сюжеті неден басталады?

Шығарма сюжетінің дамуы тәуелсіздік алған жылдардағы халықтың тіршілік ету қамынан басталады. Әке-шешеден ерте айырылып, атасы мен әжесінің қолында өскен Қайырболды деген атпен танылған кейіпкер әскерге барып келгеннен кейін қаладан пәтер жалдап, ресторанда даяшы болып еңбек етіп жүреді. Азын-аулақ ақшасын үнемдеп, ауылдағы атасы мен әжесіне де көмектесіп отырады.

Бір күні ресторанда қымбат коктейль ішіп, есеп айырысуға ақшасы жетпей тұрған үш қызды аяп, өз қалтасынан олардың ақысын төлеп жібереді. Бұрыннан келіп жүретін жүзі таныс «Бекторымын» деп танысқан сұлу қыз есесіне гаухар орнатылған ауыр алтын жүзікті жігіттің алақанына қоярда-қоймай салып кетеді. Арада екі ай уақыт өтеді. Қыздан үміт үзген жігіт ломбардта сарапшы болып істейтін Сәрсен деген досына жүзікті көрсетеді. Ол әлемдік қаталогтан жүзікті тексертеді. Осы саланың арнайы маманы Аристарх Никанорович сақинаны өте жоғары бағалап, Қайырболдыға жүз жиырма бес мың доллар санап береді. Ол бұл ақшаға ескілеу үйден үш бөлмелі пәтер сатып алады. Арада төрт ай өткен соң Бекторы ресторанның тағы келеді. Қайырболды тағы да оның жетпей қалған ақшасын төлейді. Қайырболды өз әрекеті туралы ештеңе айтпаса да, Бекторы оның не істеп, не қойғанының бәрін білетін боп шығады. Одан сескене бастаған жігіт Бекторының айтқанына амалсыз көніп, қыз тұратын зәулім сарайға барады. Бұл сәтті жазушы: «Ақ, қара, сары, қызыл мәрмәр діңгектер, әр бұрышта зүбәржаттан қашап жасаған алып вазалар, төбеден салбырап тұрған алтын люстралар. Атшаптырым залда кем дегенде жүз адам сиятын үстел. Ақ дастарқанның үсті қисабы жоқ тамақтың, шараптың түрлері... Қайырболдының көзі бұлдырап кетті», – деп суреттейді.

«Иә, иә, сол баяғы перінің қызы Бекторымын, – деген қыз, адамның ойын оқитын әдетімен, – әжең талай айтып берген «Ер Төстік», – дегенде оқырман мекеншақтың мүлде өзгергенін нақты сезінеді. Мұнда әлдебір сұйыққа салынған ресторанның бастығының жүрегін, өзі танитын бірнеше кеден офицерінің, полиция қызметкерлерінің, жұмыс бабымен алдарына барған тағы да талай-талай үлкен шенеуніктердің жүректерін көріп, «олардың адамға деген аяусыздығының, зорлық-зомбылықтарының сырын» түсініп, «адамдардың бір-біріне неге қиянат жасайтынын» ұғады. Әлмисақтан бері жиналған адам жүрегіне сан жетпейді. Қайырболды ойлана келе: «Жәрдеміңді күте-күте шаршаған жетім қозы, өз несібемді татуға кеттім», – деп, өз жүрегін мәрмәр жүрекке ауыстыруға келісім береді.



CD 08

Мәтінді тыңдап, «Бай бауырын танымас» деген тақырыпта эссе жаз.

Осылайша, Бекторының үмбетіне айналған Қайырболды қазіргі заманға қайта оралғаннан кейін иелігіне өткен ресторанды місе тұтпай, «Меркурий» халықаралық қаржы жүйесінің депозиттерін, швейцар банкісінің депозиттерін судай шашады. Аз жылдың ішінде шетелдік сапармен бармаған жері, баспаған тауы қалмайды. Ресторанның директоры етіп тағайындаған Сәрсен досының ақылымен несие беретін банктің алпауыт иесіне айналады. Кредиттің кесірінен үй-күйінен айрылып, қарызын өтей алмай, жылап-еңіреп келгендердің ешқайсына қайырымдылық жасамайды. Тіпті өзінің атасы мен әжесін де ұмытып кетеді.

Осындай жапанды жалпағынан кешкен сегіз жыл өте шығады. Бір күні кездесуге келе жатқанда Қайырболдының көлігі ойда-жоқта бұрқақтың тасасынан жүгіріп шыққан қолында шелегі бар бір баланы қағып кетеді. Машина жуып күнін көріп жүрген баланың бетіне үңілген Қайырболды оның өзінен айнымайтындығын көріп, айғайлап жібере жаздайды. Бұл жайттан соң оқиға желісі күрт өзгереді.

Осы арқылы жазушы оны өткен шаққа қайта оралтады. 1-сыныпта оқып жүрген уақытында жолдың шетінде тұрған Қайырболдыны машина қағып кетеді. Реанимациядан мүгедек болып шыққан Қайырболды жүргізушінің кінәсін дәлелдей алмайды, себебі ауыл арасындағы сот қана болды. Жүргізуші ештеңені мойындамай, сытылып кеткен еді...

Қайырболды Тұздыбастау ауылынан қалаға қатынап, машина жуып күн көретін баланың аман-сау қалуына бар күшін салады. Кезінде банктен алған кредитін жаба алмай, үйі мен бар байлығынан айырылып, қайтыс боп кеткен әкесінің жиған-тергенін түгел қайтартады. Шұғыл түрде жасалған медициналық көмектен кейін бала да аман қалады.

Енді Қайырболды Бекторы тұрған жерге қайта келіп, санаулы адамдар қатарында өз жүрегін қайтарып алады. Есік алдына шыққанда Қайырболдының қымбат машинасы жоқ, үстінде баяғы ескі киімі болады. «Ол кейін әжесімен кешу айтысып табысады, атасының төрт жыл бұрын дүниеден қайтқанын естіп қайғырады, ақырында өзі сүйген қызға жүрегі дауалап, асықтық сөзін де айтады. Бірақ бұның бәрі кейін болады. Ал қазір ол Алматыға, өзінің Алматысына асығып бара жатыр еді» деп аяқтайды жазушы Қайырболды оқиғасын.

Сюжеттің байланысы енді Қайырболдыдан басқа адамға ауысады. Ол – қазақ теледидарында қатардағы тележурналист-редактор болып қызмет істейтін Сағындық Тілешев. Жоғарыдағы оқиғаның бәрі Сағындықтың түсі еді. «Басқа адам болғанына, Қайырболды деген адам болып өмір кешкеніне зәредей күмәні жоқ» ол орнынан тұра салысымен, өзі түсінде қызмет атқарған ресторанға келеді. Мұнда өзін тосып тұрған Бекторымен кездеседі. Одан неге басқа адам болып өмір сүргенін сұрағанда Бекторы былай деп жауап береді: «Дүние барған сайын қиындап, адамдардың бір-біріне деген көңілі барған сайын суып барады. Қазақтан пейіл кетті. Бұрын жақсылығы асып-төгілген, төңіректегі жұрттың бәріне пана болып, шарапаты жеткен қазақ, енді өзіне қайырым қыла алмай отыр. Сен Қайырболдының тағдырын кештің. Қайырболды болып, кедейшіліктің қорлығын да, байлықтың игілігін де көрдің. Асып-тасқан меймананың неге апарып соғатынына да көзің жетті. Сен өзің мүлдем танымайтын адамның тағдырына теліндің. Бөгденің тағдырын өз тағдырыңдай кешкендіктен, сен сол Қайырболдыны енді өзіндей көресің. Ұрпақ ендігі жерде бір-біріне осындай бауырмал болмаса, өмір сүру қиын болады». Осыны айтып, перінің қызы қоштасып кеткенімен, жазушы оның ешуақытта өмірден жоғалмайтынын сездіреді. Тек адамдар өз жүрегін таза сақтай білуі керек деген ойды меңзейді.

Сюжеттің шарықтау шегі Сағындықтың Қайырболды Намазбеков деген даяшыны іздеп, таба алмауымен түйінделеді. Тіпті ондай адам ресторанда тіркелмеген де болып шығады. Бұған Сағындық қуанып: «Сен пері емессің – періштесің!.. Жаса, Бекторы!» – дейді.

Бұл сөздің мағынасын жазушы былайша көрсетеді: «Мен заманымда кедейлікті де, байлықты да көрдім. Басыма нелер келіп, нелер кетпеді. Кедей едім. Кедей болсам да көңіліммен бай едім. Бай болдым, бай болсам да – кедей болдым. Ақшасы көп қайыршы болдым. Тастан сарай салдырдым, алтынды уыстап шаштым. Бірақ кеудемдегі жүрегім тас еді. Міне, мен қазір ешкімнен артық та емеспін, кем де емеспін. Тіршілігім бір басыма жетеді. Есесіне кеудемде тірі жүрегім бар. Көңілімде адамдарға деген құрмет пен ықылас-пейіл бар... Сағындық қаламын қойып, үстелден шегініңкіреп отырды да терезеге қарады. Қалың бақтың ар жағынан Алматының ғажайып таңы атып келе жатыр еді». Әңгіме осымен аяқталады.

Түйіндеп айтқанда, автор үш түрлі уақыт пен кеңістікті көрсете отырып, қазіргі қоғамдағы өмір шындығын ашып береді. Біріншісі – Қайырболдының

басынан кешкен оқиғалары, екіншісі – Сағындықтың перінің қызы Бекторымен кездесуі, үшіншісі – әңгіме кейіпкері және әңгіме ішіндегі автор. Т.Әсемқұлов шығармасында симулякрді екі рет қолданған. Біріншісі – Бекторы мен Қайырболды оқиғасы, екіншісі – Бекторы мен Сағындық оқиғасы. Бұл екі оқиға да шынайы өмірде болмаған. Бірақ жазушы осы тәсілді қолдану арқылы бүгінгі заман ахуалына орай адам санасының сан түрлі құбылуын ашып береді.

Абай атамыздың Он жетінші қарасөзінде қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, бір-бірімен таласа келіп, ғылымға жүгінеді. Сонда Ғылым: «Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы», – депті.

Міне, Т.Әсемқұловтың да негізгі айтпақ ойы – кез келген жағдайда адамдық болмысты жоғалтпау, жүректі таза ұстау, қайырымды болу, төзімді болу, сабыр сақтау, сонда ғана уайымсыз-қайғысыз өмір сүресің.



Зерделі ой

Таласбек Әсемқұлов – қазақ күй өнеріне өлшеусіз үлес қосқан таңғажайып тұлға. Оның әрбір күйдің шығу тарихы мен аңыздарын жетік білетіндігі әрі шебер орындаушылығы мені үнемі тәнті етуші еді. Ал домбыраның түрлері мен таралуы, домбыра құлағын бұрау тәсілдері мен қағыстары, сол қолдың ішек басудағы тербелісі, тиектің орны, аспаптың әрбір ұсақ бөлігінің тіпті әрбір перненің ұмытылып кеткен атауларын жетік білетіндігі таңғалдыратын. Түркі саз жүйесінің Еуропалық музыкант үшін мүлдем құпия екендігін Шығыс музыкасының өлшемдері арқылы ғылыми тұрғыда дәлелдеп те берген болатын. Қазақтың байырғы мәдениеті мен көне музыкалық терминологиясын өте жетік білетін мұндай адамды мен қайтып кездестірмедім.

Секен Тұрысбек



Пікірлесейік

1. Шығармадағы кейіпкерлердің ерекшелігі неде? Автордың позициясымен келісесің бе?
2. Әңгіме атауын басқаша қалай өзгертер едің? Сенің пікірің қандай?
3. «Ертөстік» ертегісіндегі Бекторы кім еді?



Себебін анықта

1. «Бекторының қазынасы» әңгімесі неге көлемі шағын болғанымен, күрделі шығарма болып есептеледі?
2. Жазушы не себепті бас кейіпкерді үш түрлі бейнеде суреттеген?
3. Неліктен шығармадағы авторлық идея өмір шындығымен байланысты деп айтамыз? Қазақы ұғымда немересі мен ата-әжесінің арасындағы байланыс қандай қасиеттер арқылы көрінеді? Немере туралы мақал-мәтелдерді қолдана отырып, дәлелде.

4. Жүрек адам ағзасында қандай қызмет атқарады? Автордың жүректі басты идея ретінде алу себебі неде?
5. Қаламгер симулякрді не үшін қолданған?



Тобыңда талдап көр

1. Шығармада көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу үшін «Топтық тергеу» әдісі бойынша топтарға бөлініп, жұмыс істеңдер.
«Баяндап берушілер» тобы – әңгіменің мазмұнын баяндайды.
«Зерттеушілер» тобы – әңгімедегі негізгі ойды зерттейді.
«Сұрақ құрастырушылар» тобы – кейіпкерлердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар дайындайды.
«Жазушылар» тобы – «Ата-баба дәстүрі» тақырыбына шағын эссе жазады.
«Дөнекершілер» тобы – әңгімеде айтылған кісі мінезін бүгінгі күнмен байланыстырады.
2. Шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді анықтаңдар.
3. Шығарма композициясының жанрлық ерекшеліктерін анықтап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдаңдар, автордың мекеншақты қолдану тәсілін айқындаңдар.
4. Әңгіме идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдай отырып, шығарманың тілі туралы «FILA» кестесін толтырыңдар.
F / Дерек/ – шығарма тілінің ерекшелігін көрсететін деректер;
I / Пікір/ – шығармадағы метафоралар туралы өздеріңнің ой-пікірлерің;
L / Сұрақ/ – жазушының шеберлігін ашатын сұрақтар;
A / Ис-әрекет/ – жазушының әңгімеде қолданған тәсілі.



Дәптеріңе жаз

1. «Жүрек» сөзінің жалпы әртүрлі сипатта қолданылуын қарастырып, мысалдар арқылы түсіндіріп жаз.
Абай атамыз:
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста.
Сонда толық боласың елден бөлек, – деген екен. Ақын «Он жетінші қарасөзінде» де жүректің атқаратын гуманистік қызметін толықтыра түседі. Шығыс шайырлары Руми, Низами, Жәми т.б. шығармаларында да жүректі бірінші орынға қойған екен. Не себепті? Өз пікіріңді бүгінгі тақырыппен байланыстыра отырып, тұжырымдап жаз.
2. Әңгімедегі кейіпкерлер жүйесін жинақтап, өмір шындығын көрсете отырып, тура және жанама мінездеулерді жіктеп жаз.

Кейіпкер	Тура мінездеу	Жанама мінездеу



Түйінде

1. Әңгіменің мазмұны бойынша берілген кестені толтыр.

Әңгімеден қандай әлеуметтік-қоғамдық мәселелер байқадым?	Оны қай үзінділермен дәлелдей аламын?

2. «Зерде» тәсілі бойынша автор бейнесін шығарманың негізгі идеясымен байланысты түйіндеп, кестеге толтыр.

Білім	Тақырып бойынша алған ақпараттарым
Эмоция	Менің көңіл күйім
Баға	Автордың шығармашылығына берген бағам
Сын	Автор шығармаларының мен үшін маңызы
Идея	Оқырман ретінде автор шығармаларын насихаттауға ұсынатын идеям



Қалай ойлайсың?

1. Жазушы бас кейіпкер есімдерін «Қайырболды», «Сағындық» деп алуының неңдей себебі болуы мүмкін? Болжам жаса.
2. Автор не себепті Бекторыны әңгіменің соңында пері емес, періште ретінде көрсеткен? Бекторы бейнесі жалпы ненің символы?
3. Бекторымен кездесу мінез-құлқындағы қандай жағымсыз әрекеттерді жоюға көмектесер еді?



Үйде орында

1. Қосымша дереккөздерден қазақ әдебиеті мен жалпы түркі әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықта.
2. Әңгіменің жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беріп, пікіріңді дәлелдеу мақсатында шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жаз.



Білгенге маржан

Түс көру – қиял процесінің ұйқы кезіндегі енжар бейнесі. Түс көруді физиологиялық тұрғыда түсіндірген академик И.П.Павловтың пікірі бойынша ұйқы кезінде ми жасушаларының қызметі толық тежелмейді, кейбір бөлімдері ояу қалпындағыдай жұмыс істей береді. Ми қыртысының осындай бөліктерін «күзетші пункт» деп атайды. Күзетші пункттерде адам бұрынғы көрген, естіген, дәмін татқан нәрселердің бейнелері (бейнелі ойдың ісін басқаратын оң жақ ми сыңарында) қайта «тіріледі».

Түсте ақылға сыймайтын бейнелердің туындауын мидағы сигнал жүйелерінің арасындағы байланыстың әлсіреп, бірінші сигнал жүйесінің іске қосылып, екінші сөздік сигналдардың толық тежелуімен түсіндіріледі. Түсте өңінде алған әсерлердің болып көрмеген қиысулары ретінде түсіндірген И.М.Сеченов түс көруге адам ояу кезіндегі басынан кешкен оқиғалардың есепсіз көп фактілері себеп болады деп білді. Оған адамның дене мүшелеріндегі жайсыздықты да жатқызуға болады. Түс көруді зерттеу бейсаналылықты танудың жолы, адамның жан жүйесін түсінуге ықпал етеді деген психоаналитиктер түс көруді физиологиялық, соматикалық емес, психологиялық құбылыс деп санады.

Аустрия ғалымы З.Фрейд түс көрудің айқын мазмұнымен қатар тылсым астары да бар, сондықтан түс адамның бейсаналық деңгейіндегі ойларының символдық бейнесі деп білді. Оның ізбасары К.Г.Юнг түс көру адам санасынан тыс, оның рухани дүниесіндегі сана мен бейсаналықтың арасын байланыстыратын, болашақты болжайтын құбылыс деп санады.

Адамның психикалық өмірі бейсаналықтың тереңінен тамыр алады, санамыз болса, жанның орасан зор бейсаналық әлемінің аз ғана бөлігін бейнелейді. Түсте сана ұлғайып, кеңістіктік-уақыттық шектер жойылады, адам өзін басқа уақытта, кеңістікте, әлемде, мүлдем басқа күйде сезіне алады.

Қазақ дәстүрлі қоғамында да түс көруге бей-жай қарамағанын, мән беріп, мағынасын жорығанын ауыз әдебиеті мұраларынан, ырымдар мен жоралғылардан көруге болады. Түс көру адамның ырқынан тыс болғандықтан, оны көрудің мағынасынан гөрі түсті жоруға көбірек көңіл бөлген. «Түс – балқыған қорғасын» деп, оны әрдайым жақсылыққа жорысаң, жақсы ниет қабыл болып, жақсылыққа айналады, жамандыққа жорысаң, жамандыққа айналуы мүмкін деген ұғым бар.

«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия



Шығармашылық тапсырма

Америкалық жазушы Герман Мелвиллдің «Моби Дик немесе ақ кит» шығармасын <https://kitap.kz> сайтынан оқып, «Бекторының қазынасы» әңгімесімен салыстыра талдап, екі туындыға аннотация жаз.



Әдебиет теориясы

Хронотоп – мекеншақ (Б.Майтанов) – уақыт пен кеңістік белгілерінің нақтылы бір бүтіннің табиғатына лайық бірлікте көрінуі. Мұнда уақыт қоюланып, тығыздалады, сығылысады. Сөйтіп, көркемдігімен көзге түсетіндей дәрежеге жетеді, ал кеңістік болса, шоғырланады, тарихтың, сюжеттің, уақыттың қозғалысына бағындырылады. Уақыт таңбасы кеңістікте белгіленіп көрінеді. Ал кеңістік уақыт арқылы танылып, өлшенеді. Көркем хронотоп қатпарлардың осылай қиысып, белгілердің осылай қосылып, тұтастануымен сипатталады (*М.Бахтин*).

Симулякр (simulacrum, simulo – бейнелену, көріну – өтірік іс-әрекет жасау) – әдебиетте ұқсастығынан айырылған, яғни өзінің бұрынғы бет-бейнесінен басқаша сипатталған образ.



Қолданып көр

1. Мекеншақ кез келген шығармада кездесуі мүмкін бе? Ойыңды мысалдармен дәлелде.
2. Симулякрдің санаға тигізгізетін әсерін талқылап, пікірталас ұйымдастырыңдар.



Эксперименттік тапсырма

Автордың идеясына еліктеп, ауыз әдебиетінен бір кейіпкерді таңдап алып, оның қазіргі өмірмен бетпе-бет кездесуін суреттеп, шағын әңгіме жаз.



Міне, қызық!

Таласбек Әсемқұлов – Санкт-Петербургтегі Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік кітапхананың құпия қолжазбалар бөліміне кіре алған (Л.Н.Гумилевтің көмегімен) жандардың бірі. Кітапханаға кез келгенге рұқсат етілмейтіндігі өз алдына, бұл жерде ақпаратты суретке түсіруге де, түртіп жазып алуға да қатаң тыйым салынған. Қаламгер құнды мәліметтерді көкірегіне түйіп шығып, көптеген еңбектеріне арқау еткен.



Кітап – асыл қазына

1. Әсемқұлов Т. Бекторының қазынасы // Жұлдыз. – 2011.
2. Андрич И. Дринадағы көпір (ауд. Т.Әсемқұлов.) – Астана: Аударма, 2004.
3. Әсемқұлов Т. Шығармалары. Т. 1-4. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016.

Бокс мені жерде жатып қалмауға, бұқа тәрізді үсті-үстіне тез, аяусыз шабуыл жасауға үйретті.

Эрнест Хемингуэй

ЭРНЕСТ МИЛЛЕР ХЕМИНГУЭЙ



Эрнест Миллер Хемингуэй
(1899–1961)

Эрнест Миллер Хемингуэй (Ernest Miller Hemingway) 1899 жылы 21 шілде күні АҚШ-тың Иллинойс штаты Чикаго маңындағы Оук-Парк қалашығында дүниеге келген.

Эрнест Хемингуэйдің әкесі дәрігер, анасы опера әншісі, зиялы қауымға сыйлы, білімді болған. Концерттерде жиі-жиі ән салатын анасы Эрнесттің де музыкант болғанын талап еткен екен. Ал оған виолончель тарту мүлде ұнамаған. Әкесі оны төрт жасынан бастап, балық аулауға, аңшылыққа өзімен бірге алып жүреді. Ол 12-ге толғанда атасы оған мылтық сыйлайды. Содан бастап, ол аңшылыққа қатты құмар болады.

1913–1917 жылдары жас Хемингуэйдің бос уақыты болмады, орта мектепте оқып, бокс, жеңіл атлетика, су полюсы және футбол сияқты спорт түрлерімен де айналысады. Ағылшын тілінен үз-

дік оқушының бірі болады, сондай-ақ Марселина деген әпкесімен бірге мектеп оркестрінде ойнайды, журналистика курсына да қатысады. «Трапеция» деп аталатын мектеп газетіне әртүрлі мақала жазып тұрады. Мектепті бітіргеннен кейін, ата-анасының наразылығына қарамастан, университетке түспей, Канзас-Ситидегі газетке жұмысқа кіреді.

Бірінші Дүниежүзілік соғыс басталғанда Эрнест соғысқа сұранады. Бірақ көзіндегі ақауға байланысты, өтініші орындалмайды. Хемингуэй өз еркімен Қызыл Крест автокөлігінің жүргізушісі ретінде Италия жерінде болып жатқан майданға келеді. Мұнда оған басқа еріктілермен бірге бомбаланған зауыт қалдықтарын жинау міндеттеледі. Жазушы бұл туралы «Түстен кейінгі өлім» (ағылш. «Death in the Afternoon») кітабында жазады.

1918 жылы 8 шілдеде Хемингуэй жаралы италиялық снайперді құтқару барысында ауыр жарақаттанып, елге оралуға мәжбүр болады. Италия королі оны «Жауынгерлік айбыны үшін» және «Әскери крест» медальдарымен марапаттайды.

Хемингуэй әдеби ортада қалай танылды?

Жазушы көпшілікке 1926 жылы жазылған «The Sun Also Rises» романы арқылы танылады. Бұл кітапта 1920 жылдардағы Франция мен Испания

жастарының өмірі жайлы баяндалады. 1927 жылы «Men Without Women» кітабы жазылса, «Death in the Afternoon» кітабы (1932 ж.) бестселлер болып, Хемингуэйді «бірінші нөмірлі жазушы» етті. Келесі жылы «Winner Take Nothing» атты өңгіме жинақтары шығады.

1937 жылы жазушы «To Have and Have Not» деген кітабын жазады. Бұл кітап автордың АҚШ-тағы Ұлы Тоқырау кезеңіне берген бағасы еді.

Қаламгер қандай соғыстарға қатысады?

Испанияда азамат соғысы басталған кезде Эрнест генерал Франкоға қарсы күресіп жатқан республикалықтарды қолдап, оларға жәрдем жинау қорын ұйымдастырады. Осы кезде француз жазушысы әрі ұшқышы Антуан де Сент-Экзюперимен танысады. 1940 жылы Хемингуэйдің соғыстан алған әсерінің нәтижесінде «For Whom the Bell Tolls» романы туған еді. Роман идеясы адам баласының жеке басының кез келген қиындығына төтеп бере алатын қауқары бар деген ойға құрылған.

1941 жылы Эрнест Хемингуэй Балтимор қаласында кеме сатып алып, оған «Пилар» деген ат қояды. 1941–1943 жылдары кемесін техникамен жасақтап, Куба жеріндегі нацистік тыңшыларға қарсы барлау жұмыстарын жүргізеді және Кариб теңізіндегі неміс сүңгуір қайықтарына қарсы күресте қолданады. Содан кейін Эрнест өзінің журналистік жұмысын қайта бастап, Лондон қаласына тілші ретінде жұмыс істеуге кетеді.

1944 жылы Хемингуэй Германия және оккупацияланған Франция жеріне жасалған әскери ұшу тапсырмаларына да белсене атсалысады. Кейін Нормандия жеріне одақтас елдердің әскері түсірілген кезде ол барлау жұмыстарына қатысуға рұқсат алады. Эрнест 200 кісіден тұратын француз партизандарының басшысы болып, Париж, Бельгия, Эльзас жерлерінде болған ұрыстарға қатысады. Осы ерлік әрекеттері үшін Эрнест Хемингуэй Қола жұлдызбен марапатталады. Осылайша, Хемингуэй өмір мен өлім жағдайларымен үнемі бетпе-бет келіп, адам психологиясын терең зерттеп білген адам ретінде де, жазушы ретінде де шыңдалады.

1949 жылы жазушы Кубаға қайтып оралып, шығармашылық қызметін жалғастырады. 1952 жылы оның «The Old Man and the Sea» повесі дүниеге келеді. Мұнда сыртқы тылсым табиғат күшіне қарсы күрескен жалғыз, тек өз қайраты мен төзіміне ғана сенген өмір тәжірибесі жоғары адам жайлы баяндалады.

1953 жылы Эрнест Хемингуэй осы кітабы үшін Пулитцеров сыйлығының иегері атанады. Сонымен қатар 1954 жылы жазушының әдебиет саласы бойынша Нобель сыйлығымен марапатталуына да осы шығарма мұрындық болады.

1956 жылы Хемингуэй өзінің 1920 жылдары Парижде өткізген өмірі туралы «A Moveable Feast» автобиографиялық кітабын бастайды. Кітап жазушы өмірден кеткеннен кейін шығады. Қазақ тіліне аударылған кітаптары: «Бесінші Колонна», «Қош бол, майдан!», «Шал мен теңіз», «Килиманджаро – қарлы тау», «Қызығы мол сол жылдар». Қаламгердің қысқа да нұсқа жазатын стилі ХХ ғасыр әдебиетіне үлкен жаңалық әкелді.



Зерделі ой

Хемингуэй болаттың бетіне ойып жазғандай жазады. Шығармаларында талантты суретшілердің қолтаңбасына тән қасиет бар. Қашанда сұлулыққа бой ұрып, өнерге тән сәуле іздейді. Шағын болғанына қарамастан, бұл шығармалар өнер тұрғысынан соғыс туралы жазылған бүгінгі шығармалардың қай-қайсысынан да озып тұр.

Эдмунд Уилсон



Пікірлесейік

1. Эрнест Хемингуэй қай елдің жазушысы?
2. Оның қандай шығармаларын білесің?
3. Хемингуэй шығармаларының тақырыбы қандай?
4. Жазушының шығармашылығы лайықты бағасын алды ма?
5. Қандай туындылары қазақ тіліне аударылды? Өзің қай шығармасын оқып шықтың?



Себебін анықта

1. Эрнест Хемингуэй не себепті жоғары оқу орнына түскісі келмеді?
2. Жазушы неліктен соғысқа қатысқысы келді?



Тобыңда талдап көр

Э.Хемингуэйдің шығармаларындағы жалпыадамзаттық құндылықтар қазақ әдебиетіндегі қай шығармаларда кездесетінін анықтап, талдаңдар.



Дәптеріңе жаз

Жазушының өмірі мен шығармашылығын қамтып, тірек сызба құрастыр.



Түйінде

«Борт журналы» әдісімен кестені толтыр.

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?	Жазушы туралы қандай жаңалық білдім?



Қалай ойлайсың?

Жазушының қандай шығармаларының қазақшаға аударылғанын қалайсың?



Үйде орында

Мәтінде ағылшын тілінде ұсынылған автор шығармаларының тақырыбын аударып, тізбесін жаса. Осындай атаулар қазақ әдебиетінде кездесе ме?



Білгенге маржан

Эрнест Хемингуэйдің қанатты сөздері.

- Нағыз ержүрек адамдарға дуэльге шығудың қажеті жоқ, бірақ мұны көптеген қорқақ мінезділер өз ержүректілігіне сендіру үшін жасайды.
- Егер кімде-кім эрудициясы мен білімділігін басқалардан артық көріп, мұрын шүйірсе, ойлау дәрежесінің төменгі деңгейде болғаны.
- Адамды құртуға болар, ал жеңуге болмайды.
- Жазушы айтқысы келген ойын айтпай, жазуы тиіс.



Міне, қызық!

Бір жолы Хемингуэй бар болғаны алты сөзден тұратын, бұрын-соңды жазылмаған ең әсерлі әңгіме құрауға бәстеседі. Нәтижесінде ол бұл бәсті ұтты: «For sales: baby shoes, never worn» – «Балалардың жаңа, киілмеген аяқкиімдері сатылады».



Кітап – асыл қазына

1. Хемингуэй Э. Килиманджаро – қарлы тау: повестер мен әңгімелер / Эрнест Хемингуэй; орыс тілінен ауд. Н.Өбуталиев. – Алматы: Жазушы, 1977.
2. Хемингуэй Э. Қош бол, майдан!: роман / Э.Хемингуэй; аудар. Қ.Қараманұлы. – Алматы: Жалын, 1979.

«Шал мен теңіз» повесі

CD 09

Мәтінді тыңдап, шалдың акуланы жеңуіне оның қандай қасиеттері себеп болғанын айт.

Балық жегің келсе, балағыңды тұр.

Халық мақалы

Адам күйреу үшін жаралмаған.

Эрнест Хемингуэй

Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесі 1952 жылы жазылған. Повестің басты кейіпкерлері – балықшы шал мен бала. Шал балық аулаудың қыр-сырын әбден меңгергенімен, соңғы кездері жолы бола бермейді: сексен төрт күн бойына бірде-бір балықсыз оралады. Дегенмен бала осы кәсіпті тек содан үйренгісі келеді әрі оған жаны ашиды. Балықтан келген сайын алдынан шығып, жәрдемдеседі. Оның көрі жүзіне аянышпен қарайды. «Қарттың қайығының үстінде шиыршықталып жататын, өн бойына кенеп жамау жапсырылған қырық құрақ желкен – бейне тас-талқаны шыққан жасақтың құлаған туы сияқтанып елестейтін көзге».

Бала бес жасынан шалмен бірге балыққа шыққандықтан, оған бауыр басып кеткен еді. Онымен әңгімелесіп, арасында кофе, сыра әпереді. Жалпы повесте үнемі жазушы баланың қамқорлығын көрсетіп отырады.

«...– Ал тамақтаналық. Жуынып алуым да керек еді-ау. «Қайда барып жуынбақсың?» деп ойлады бала. Құдық бұл арадан екі квартал жырақ жерде.

«Қарияға су әзірлеп, сабын мен жақсы орамал да дайындап қоюым керек екен. Ертерек неге ойламадым мұны? Бұған жаңа көйлек те, қыстық күрте де керек, аяғына бір аяқкиім және үстіне жамылатын бір көрпе керек».

«...Бала дүниежүзіндегі ең жақсы адамды да шал деп есептейді:

– «Ал дүниежүзіндегі ең жақсы балықшы сенсің.

– Жоқ-ә. Менен де асқан балықшылар бар, көбімен жолдас болғанмын.

– Ой, тәйір-ай! – деді бала. – Дүниеде жақсы кісілер, сондай тамаша балықшылар аз емес шығар. Бірақ сендей адам еш жерде жоқ».

Бала ертеңгісін тұрып, шалды балық аулауға шығарып салады. Жазушы шалдың балық аңдыған сәтін, оның балықшыларға төн ырым-тыйымдарды сақтауын нанымды сипаттау арқылы өзінің де кәнігі балықшы екенін білдіреді.

Жападан-жалғыз теңізде балық аулаған адамның қандай күйде болатынын қаламгер шебер суреттейді. Шал үнемі қасында серік болатын баланы аңсайды, өйткені бала болса да оған әжептәуір демеу еді.

Шал өмірбақи теңізде балық аулаумен айналысқан, сондықтан ауа райын да болжай білетін. «Дауыл боларда оның аспандағы белгілерін теңізде жүрген кісі бірнеше күн бұрын-ақ көруіне болады. Ал бұл белгілерді құрлықтағы адамдар көре алмайды, – деп ойлады шал, – өйткені олар не нәрсеге көз тоқтатып қарау керектігін білмейді. Және де құрлықта тұрып қараған кезде, аспандағы бұлттың түрі мүлде басқаша болып көрінеді. Бірақ қазір, бұл уақытта дауыл соға қоймайды». Бұл күні қармағы қайығынан екі есе үлкен балықты қабады.



Алып балық

Шал жалғыз болғандықтан, әр нәрсені ойлап, қиялы әр саққа жүгіреді. Қолы сіресіп, ұйып қалғанда немесе ашып ауырғанда өзін-өзі қайраумен болады. Жазушы осындай детальдар арқылы оқиғаны шынайы суреттеп, оқырманды үйіріп әкетіп, оқиға додасына салып жібереді. Ишара, астарлау тәсілімен бір сөзбен бірнеше мазмұнды береді. Кішкентай, тозығы жеткен ескі қайық мінген шалға жолшыбай судағы ең қауіпті жыртқыш – акула сан мәрте жолығады, кейде тіпті үйірімен де шабуыл жасайды. Бірақ ол қобалжымай, үрейге берілмей, ақыл-есін, күшін жинап, қолындағы бар қаруы таусылғанша қорғанады. Ол: «... адам күйреу үшін жаралмаған. Адамды құртуға болар, ал жеңуге болмайды», – дейді. Расында да, үш тәуліктен соң ұстаған балығы акулаларға жем болса да, шал аман-есен үйіне оралады. Оның ештеңесіз, құр қол келгеніне

қарамастан, үш күн ашық теңізде акулалармен шайқасып, аман-есен оралуы үлкен жеңіс еді. Бала бұдан былай балықшы кәсібінің бүге-шігесін толық меңгеру үшін, тек шалмен бірге шығуға бел байлайды. Бұл шалдың үмітін, құлшынысын оятып, ол да балаға бар білгенін үйретуге келісім береді. Шал – батыл, күрескер, рухани жағынан күшті, өмір майданында шыныққан адам. Шал образы арқылы жазушы оқырманға қиындыққа мойымай, күресіп, оны жеңе білу керек деген ой тастайды.

Шал мен баланы жазушы бекер алмаған: бала – болашақтың, шал – өткеннің символы (антитеза) бір-бірін толықтырып, бірлесе отырып, ғұмыр кешеді. Повесте шалдың аты (Сантьяго) мен баланың аты (Манолин) көп айтылмайды. Бұл да қаламгердің өзіндік тәсілі. Өмір алмасып, жалғаса береді, ескінің орнын жаңа басады. Сондықтан Эрнест Хемингуэйдің бұл шығармасы тәмсіл өңгімеге көбірек ұқсайды. Шал теңізде жүргенде құстармен, өзі аулаған балықпен сөйлеседі, ұстағанына кешірім сұрайды. Шалдың осындай ойлары арқылы жазушы адамдардың табиғатпен үйлесімділікте өмір сүре алатынын астарлап жеткізеді: табиғаттан керегіңді ғана мөлшермен ал, босқа құртпа дегенге саяды. Қазіргі антропогендік факторлар өршіп тұрған кезде бұл идея повесть құндылығын өзектендіре түседі.

Повестің тағы бір ерекшелігі – жазушының шығарманы аяқтамай, оны оқырман еншісіне қалдыруы.



Пікірлесейік

1. Повестің кейіпкерлері кімдер?
2. Повесте қандай жайттар аяныш сезімін туғызады?
3. Балықшылардың өмірі қалай суреттелген?
4. Шығармадағы қандай ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар әлемдік тақырыптармен үндесіп тұр?



Себебін анықта

1. Не себепті бала шалға көмектескісі келеді?
2. Неліктен бала шалды ең жақсы адам деп санайды?
3. Шал акулалармен арпалыста қалайша тірі қалды?



Тобыңда талдап көр

1. Жазушы неге шал мен баланы негізгі кейіпкер ретінде алған? Қандай ойды жеткізгісі келген? Кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетіндер.
2. Шал мен баланың образдарын «SWOT-талдау» әдісімен талдаңдар.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер

3. Повесті «Дойбы» әдісі бойынша талдаңдар. Ол үшін екі топқа бөлініңдер. Екі оқушы дойбы тақтасындағы тастарды сұрақтарға жауап бере отырып жылжытады. Үшінші оқушы олардың жауаптарын жетістік критерийі бойынша бағалап, тексеріп отырады.
1. Повестің идеясы мен мазмұны қандай?
 2. Қай сөздер мен сөз тіркестері тақырып мазмұнын айқындайды?
 3. Повесть соңында жазушы қандай байламға келді?
 4. Повестегі қандай сөйлемдер ерекше әсер қалдырды?



Дәптеріңе жаз

Шалдың психологиялық портретін сипаттайтын сөйлемдерді тауып жаз.



Түйінде

<https://kitap.kz> сайтынан М.Горькийдің «Балықшылар өсиеттері» кітабын оқып, «Шал мен теңіз» повесімен салыстыр. Екі шығарманың көркемдік құндылығына баға беріп, ойыңды түйінде.



Қалай ойлайсың?

1. Кейбіреулер режиссер Е.Тұрсыновтың түсірген «Шал» атты фильм оқиғасын осы повестегі оқиғаға ұқсатады. Ал сеніңше, ұқсастық бар ма?
2. «Креативті ойлау» әдісімен повесті өзің аяқта. Шал мен баланы қандай жайт күтіп тұр?



Үйде орында

1. Шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықта.
2. Хрестоматиядағы Ж.Нәжімеденовтің «Шал мен теңіз» өлеңін оқып, шығармамен салыстыр. Мазмұны мен идеясы толық қамтылған ба?
3. Егер суретші болсаң, кітапты қалай безендірер едің? Компьютерде векторлық графикада ойыңдағы суретті салып көр.



Білгенге маржан

Повестің идеясы жазушының ойында ертеректе туындайды. 1936 жылы «Эскуайр» журналында Кабаньяс деген шалдың ұстаған марлин балығы оны ашық теңізге сүйреп алып кеткендігін, екі күннен кейін құтқарушылардың оны алпыс миль қашықтықта тауып алғандығын жазады. Алып балықтың бас жағы қайыққа таңулы тұрады, ал жартысынан көбін акулалар шабуыл жасап, жеп кетеді. Қалғанының өзі сегіз жүз фунт салмақ тартады. Шал повесте суреттелгендей, Гольфстримде кішкентай қайықта акулалардан багор, гарпун, ескекпен күні-түні қорғанады. Құтқарушылар оны тауып алғанда, балықтан айырылып қалғанына өкініп, балаша жылайды.

Дегенмен жазушы шығармашылығын зерттеушілер Сантьягоның прототипі 30 жыл бойы Хемингуэйдің капитаны болған Грегорио Фуэнтос деген болжам айтады. Грегорио Фуэнтос өзі басқарған «Пилар» кемесін Куба үкіметіне сыйға тартады. Кеме қазір жазушы тұрған үйдің маңында тұр.

Сантьягоның прототипі жазушының өз атасы да болуы мүмкін, себебі атасы оған аңшылықтың қыр-сырын әбден үйреткен болатын. Атасы ол үшін ержүрек, қайратты, нағыз ер-азаматқа лайықты тұлға еді.

1952 жылы повесть басылғаннан кейінгі сұхбатында Хемингуэй оқиға кейіпкерлері тұратын деревняның әрбір тұрғынын бейнелейтін үлкен шығарма жазуға да болатынын, алайда мұны басқа қаламгерлер жазып тастағандықтан, тек шал мен бала туралы қалам тартқандығын айтады.



Әдебиет теориясы

Көркем әдебиеттегі психологизм – көркем шығармада адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып көрсетуге айрықша мән беру.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі

Телеграфтық стиль – Эрнест Хемингуэйдің әлем әдебиетіне әкелген стилі. Ол заттар мен іс-әрекет туралы нақты, қарапайым, түсінікті тілде жазды. Хемингуэй әр жазушының жеке өз стилі болуы керек, образдары бай, қанық, сөздері әрі қарапайым, әрі энергияға толы болуы тиіс деп санайды.

<https://studbooks.net>



Қолданып көр

Ұсынылған ұғымдарға повестен мысалдар келтір.



Шығармашылық тапсырма

Берілген мақал-мәтелдерді және суретті пайдаланып, балықшы өмірі туралы эссе жаз. Тақырыбын өзің таңда.

Қайықшымен жақын болсаң,
Дауыл күні кемесін суға саларсың.

Балықшының байлығы
Етек, жеңі кепкенше.
Егіншінің байлығы
Ендігі жыл жеткенше.

Егінші жылда арманда,
Балықшы күнде арманда.

Диқан жауында тынады,
Балықшы дауылда тынады.

Тарылы елге барсаң,
Жарма жерсің,
Балықты елге барсаң,
Қарма жерсің.



Эксперименттік тапсырма

1. Интернеттен «Шал мен теңіз» фильмін көріп, режиссер мен сценарий жазушының шешімдерін талқылаңдар. Өз сценарийлеріңді жазыңдар.
2. Шалдың кішкентай тозығы жеткен қайықпен жападан жалғыз акулаларға төтеп беруінен қандай қасиеттерін, мінезін көреміз? Қиын-қыстауға кезіккен жанға қандай кеңес, көмек берер едіңдер? Өмірдегі түрлі жағдаяттарды мысалға алып, ток-шоу ұйымдастырыңдар. Журналист, психолог, жазушы, жағдаяттар кейіпкерлері рөлдерін бөліп алыңдар.
3. Француз жазушысы Поль лу Сулицердің «Зеленый король» кітабын оқып, «Креативті жазу» әдісі бойынша қазіргі бір жасөспірімнің басынан кешкен психологиялық қиындығын қалай еңсергенін баяндайтын шығарма жаз (жанрын өзің таңда).



Міне, қызық!

Эрнест Хемингуэй жұрттың алдына шығып сөйлеуді және қолтаңба беруді ұнатпаған екен. Бір оқырман сүйікті жазушысынан қолтаңба алу үшін соңында үш ай жүріпті.



Кітап – асыл қазына

Хемингуэй Э. Шал мен теңіз: повестер / Аударғандар Н.Өбуталиев, Н.Фабдуллин. – Астана: Аударма, 2002.

«ӘДЕБИЕТТЕГІ СЫН-САРЫН» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

1. Тест тапсырмаларын орында.

Т.Молдағалиевтің өлеңіне жазылған әндер:

- A) «Жезкиік»
- B) «Шақырады көктем»
- C) «Домбыра туралы баллада»
- D) «Өзім туралы»
- E) «Ертіс вальсі»
- F) «Құстар қайтып барады»
- G) «Өкінбе сен»

Т.Молдағалиев өлеңдерінің жанры:

- A) Лирикалық жанр
- B) Сатиралық жанр
- C) Философиялық жанр
- D) Рубаи
- E) Ақ өлең

Т.Молдағалиевтің алғашқы кітаптары арналған тақырып:

- A) Махаббат
- B) Туған жер
- C) Соғыс жылдары
- D) Спорт
- E) Тарих

«Бекторының қазынасы» шығармасындағы кейіпкерлер:

- A) Ертөстік
- B) Бекторы
- C) Қайырболды
- D) Ерназар
- E) Сәрсен
- F) Сағындық
- G) Қамбар

Т.Әсемқұловтың АҚШ-та басылып шыққан шығармасы:

- A) «Талтүс»
- B) «Арылу»
- C) «Шымдан»
- D) «Көрі ат»
- E) «Тәттімбет сері»

Т.Әсемқұлов жазған сценарийі үшін «Тұлпар» сыйлығын алған фильм:

- A) «Біржан сал»
- B) «Көкбалақтың өлімі»
- C) «Алматы – Астана»
- D) «Құнанбай»
- E) «Тұмар падиша»

Ә.Хемингуэйдің шығармаларын қазақ тіліне аударған қаламгерлер:

- A) Ә.Кекілбаев
- B) А.Сүлейменов
- C) Ш.Мұртаза
- D) Қ.Қараманұлы
- E) М.Мағауин
- F) Н.Ғабдуллин
- G) Н.Әбуталиев

Ә.Хемингуэйдің ең қысқа әңгімесі ... сөзден тұрды.

- A) 15
- B) 8
- C) 12
- D) 6
- E) 9

2. Пікірлерді оқып, тапсырмаларды орында:

Сын түзелмей, мін түзелмейді.

Халық мақалы

Сынның басты мақсаты – әдебиеттің қозғаушы күші болу. Көркем сыны дамыған елдің әдебиеті ғана биік белеске көтеріле алады. Шығармашылық адамы үшін өмірі сыналмай, тек қана мақтау ести беру өте қауіпті.

Амангелді Кеңшілікұлы

Сыншының міндеті – көркем дүниені сынау емес. Көркем дүниенің ақ-қарасын айыру. Артығын айтып, кемін толықтыру.

Ерболат Әбікенұлы

1. Пікірдің көркем шығармаға қандай қатысы бар?
2. Пікірлерді бағдарға ала отырып, бөлімдегі үш шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби сын жаз.
3. Бөлімді қамтып, «Әдебиеттегі сын-сарын» деген тақырыпқа презентация жаса.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Сынның өзін де сынайтын кез жеткен екен, жұрт көптен күткен еді. Сын бар да, сынсымақ бар. Екеуін айыра білу керек. Сын тірлігі қашан да қара қылды қақ жарған әділдік, терең білім, ұстаздық тәсіл, әкелік қамқорлық. Нағыз сын қисықты түзейді, сынсымақ түзудің өзін қисайтады. ...Әдебиетшілер тобының бәрінің көксегені – нағыз сын. Бұл мақсатты орындағанда ең ауыр салмақ баспасөз басында отырғандарға, редакцияларға түседі. Өйткені олар – әрі ұйымдастырушы, әрі сарапшы. Жақсы сынның шарапаты, жаман сынның кесапаты баспа бетінде мыңды, баспасыз бірен-саранды ғана шарпиды. Меніңше, жарияланған сын дәрежесі жоғары не төмен болуына, олардың жеке авторларынан бұрын халық алдында редакторлар, редакциялар жауапты. Осы жауаптылық сезім күшейсе, сын да күшейеді. Зады, сын түзелмей, мін түзелмейді.

Сынау оңай көрінгенмен, қиындап барады. Бұрынғы ауыр еңбектің көбін ғылым-техника жеңілдетті, өнімді етті. Арман, қиялдардың талайы болмысқа айналды. Осылар адамның ойын да, құлық-мінезін де өзгертіп жатыр. Миллион қолдар, ақыл-өнерлер жасаған дүниені, адамға тән алуан-алуан сыр, сипаттарды жазушы жалғыз өзі әдебиетте қайта жасап шығады. Сол үшін ылғи іздену, білім жинау керек. Бұл екеуі жеткілікті болған күнде шығарма тағдырын талант шешеді.

Ғабиден Мұстафин

1. Мәтін қандай үлгіде жазылған?

- A) Зерттеу
- B) Хат
- C) Өмірбаян
- D) Әңгіме
- E) Естелік

2. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген пікірге сәйкес келетін нақыл сөзді тап:

- A) Дос жылатып айтады
- B) Азамат сыны – ерлік, ерлік сыны – елдік
- C) Сын шын болсын, шын сын болсын
- D) Сырғақ – сыншыл
- E) Ақиқат – тәжірибе сынынан өте алатын нәрсе

3. Мәтін не туралы?

- A) Редакторлар
- B) Баспагерлер
- C) Сыншылар
- D) Суретшілер
- E) Әдебиетшілер

4. Мәтінде айтылмаған ойды көрсет.

- A) Сынсымақ қисықты түзейді
- B) Ауыр еңбектің көбін ғылым-техника жеңілдетті
- C) Редакторлар – сарапшылар.
- D) Сынау оңай емес
- E) Шығарма тағдырын талант шешеді

5. «Нағыз сын қисықты түзетеді, сынсымақ түзудің өзін қисайтады» деген пікірдің мәнін ашатын нұсқа:

- A) Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шыңдалған ой
- B) Тура биде туған жоқ
- C) Ұзап кеткен кісінің қайтуы қиын
- D) Иір ағаш тезге салмай, түзелмейді
- E) Инжудің құнын іздеген біледі

6. Пікірді оқып, тапсырмаларды орында.

Сынға шындап араласқан адамның теориялық жағынан өте мықты дайындығы болуы, салыстырып отыру үшін, ұлттық әдебиетпен қоса, әлемдік әдебиетті де терең білетін жан болуы керектігі күмән туғызбаса керек.

Сыншы жазушыдан гөрі таланттырақ болуы, интеллект жағынан да биік тұруы шарт. Сонда ғана оның сыны қаламгерге ой салып, әдебиеттің дамуына, қоғамдық, әдеби-эстетикалық ойдың өсуіне ықпал етеді.

Сыншының жазушы мен оқырманды байланыстыратын алтын көпір болмағы ләзім. Ал бүгінде жазушы мен оқырман арасындағы байланыс үзілген, үзілмеген күнде де, үзіліп түсуге шақ тұр.

Төреғали Тәшенов

1. Пікірге атау қой.
2. Т.Тәшеновтің пікіріне қандай баға берер едің?
3. Осы пікірмен танысқан оқырманның бірі «Қазір оқырманның көзі ашық, пайдалы ақпарат көп, сыншысыз да қаламгерлерді, жақсы шығармаларды тани алады» деген ойда. Бұл дұрыс па? Өз дәлелің арқылы пікірге қатысты оң не қарсы көзқарасыңды білдір.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1968.
4. Уәлиұлы Н. Қазақ сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: 2007.
5. Ысқақұлы Д. Сын өнері: оқу құралы. – Алматы: ҚазАқпарат, 2001.
6. Сыр сандық. 1-кітап. – Астана: Фолиант, 2015.
7. Сәкен Сейфуллин. /А.Көкен. – Астана: Фолиант, 2009.
8. Елеуқенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977.
9. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ғылым, 1979.
10. Бердібаев Р. Ілияс Есенберлин. Он томдық шығармалар жинағы. Тарихи роман. 6-том. – Алматы: Дәуір, 2018.
11. Есенберлин І. Көшпенділер. Тарихи трилогия. – Алматы: Ілияс Есенберлин атындағы қор, 1998.
12. Сүлейменов А. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Қазығұрт /Т. 1: Әңгімелер мен повестер. – 2006. / Т. 2: Драма – диалогтар. – 2006. /Т. 3: Аудармалар. – 2006.
13. Аманжолов Қасым Рақымжанұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы. – Алматы: Атамұра, 2006.
14. Аманжолов Қасым Рақымжанұлы // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық / ред. И.Н.Тасмағамбетов. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005.
15. Елубаев С. Жарық дүние. Повестер. – Алматы: Жалын, 1998.
16. Жалған дүние. Кітапта: С.Елубай. Ақ боз үй: Роман-трилогия. – Алматы: Атамұра, 2008.
17. Елубай С. Ақ боз үй. Трилогия. – Алматы: Жазушы, 2005.
18. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. Алматы, 1997; 2004.
19. Әуезов және архив. Құжаттар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997.
20. М.О. Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны. Ұжымдық монография. Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2014.
21. Мұхтар Әуезов әлемі. – Алматы: Жазушы, 1997.
22. Қабдолов З. Менің Әуезовім. Роман-эссе. – Алматы, 1997.
23. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2013.
24. Молдағалиев Т. 14 томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2004.
25. Молдағалиев Т. Ұмытпа мені. – Алматы: Дәуір, 2009.
26. Әсемқұлов Т. Бекторының қазынасы / Т.Әсемқұлов // Жұлдыз. – 2011.
27. Әсемқұлов Т. Талтүс: роман / Т. Әсемқұлов Т. – Алматы, 2003.
28. Хемингуэй Э. Килиманджаро – қарлы тау: повестер мен әңгімелер / Эрнест Хемингуэй; орыс тілінен ауд. Н.Әбуталиев. – Алматы: Жазушы, 1977.

29. Хемингуэй Э. Шал мен теңіз: повестер / Аударғандар: Н.Әбуталиев, Н.Ғабдуллин. – Астана: Аударма, 2002.

Электрондық қорлар

1. <https://e-history.kz>
2. <http://emirsaba.org/respublikali-filimi-praktikali-konferenciya-materialdari.html?page=18>
3. <https://www.oner.kz/cinema/view/3386-smagul-elubajdyng-cinodagy-shygarmashylygy>
4. <https://articlekz.com/kk/article/>
5. <http://www.asiainfo.kz>
6. <https://qazaqtimes.com>
7. <https://e-history.kz/kz/publications/view/4352>
<https://qazradio.fm/kz/news/13876/>
8. <http://almaty-akshamy.kz>
9. <https://alashainasy.kz/akyn/maraltay-rayymbekulyi-atyildyim-kokke-jay-siyaktanyip--122679/>
10. https://www.oinet.kz/A_basqada/omir/2019-04-30/3809.html
11. https://ust.kz/word/men_bolmasam_juregingdi_emder_kim_maraltai_raiymbekulyynyng_sygarmasylygyna-107448.html
12. <https://yvision.kz/post/524727>
13. Baq.kz
14. <https://www.oner.kz/cinema/view>
15. <http://emirsaba.org>
16. <https://24.kz>
17. <http://otuken.kz/>
18. <https://www.kazakhfilmstudios.kz/>
19. <https://adebiportal.kz/>

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
I БӨЛІМ. ТАРИХТЫҢ ШЕРТІП ПЕРНЕСІН	5
Сәкен Сейфуллин	6
«Сыр сандық» өлеңі	10
Ілияс Есенберлин	16
«Қаһар» романы	20
Асқар Сүлейменов	31
«Бесатар» повесі	35
«Тарихтың шертіп пернесін» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері	41
II БӨЛІМ. ПАЙЫМ МЕН ПАРАСАТ	45
Қасым Аманжолов	46
«Өзім туралы» өлеңі	51
Смағұл Елубай	56
«Жалған дүние» романы	60
«Пайым мен парасат» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері	66
III БӨЛІМ. ҒАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ	69
Мұхтар Әуезов	70
«Абай жолы» роман-эпопеясы	77
«Ғасырлық туынды» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері	101
IV БӨЛІМ. ӘДЕБИЕТТЕГІ СЫН-САРЫН	105
Тұманбай Молдағалиев	106
«Бауырлар» өлеңі	110
Таласбек Әсемқұлов	114
Бекторының қазынасы	118
Эрнест Миллер Хемингуэй	127
«Шал мен теңіз» повесі	130
«Әдебиеттегі сын-сарын» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері	136
Пайдаланылған әдебиеттер	140

Оқулық басылым

**Руда Зайкенова
Рахима Сакенова
Лаура Нұрланқызы Нұрланова**

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының
қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық

Суретшілері	А.Айтжанов, Д.Қдыров
Бас редакторы	Қ.Қараева
Редакторы	А.Колганатова
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редакторы	Е.Мельникова
Бильд редакторы	Ш.Есенкулова
Суретші-безендіруші	О.Подопригора
Мұқабаның дизайны	В.Бондарев, О.Подопригора
Беттегендер	А.Кейикбойва, Т.Макарова



Электрондық нұсқа



Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны *arman-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Нұр-Сұлтан қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 24.07.19 берілді. Басуға 17.06.20 қол қойылды. Пішімі 70x100^{1/16}

Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 11,61. Таралымы 17000 дана.

Артикул 811-002-001к-20